


ЎЗБЕКСТАН ТАРИХЫ

(IV–XIII ғасырдың басына дейін)

**7-сынып оқушыларына
арналған оқулық**

Бірінші басылым

**Ўзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
Министрлігі баспаға ұсынған**



ТАШКЕНТ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ
2022

УДК 94(575.1)(075.3)

ББК 63.3(5У)я72

Ө - 25

Исматова, Н.

Ўзбекистан тарихы : орта білім беру мекемелерінің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық / А. Замонов, Н. Исматова және басқалар. — Бірінші басылым — Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. — 192 б.

ISBN 978-9943-8372-6-3

УДК 94(575.1)(075.3)

ББК 63.3(5У)я72

АВТОРЛАР:

**А. Т. Замонов, Н. К. Исматова, Д. А. Рахимжанов, Д. Р. Нармурадов,
З. Т. Замонов, С. А. Полатова**

Жауапты редактор

Ділшат Муталибович Кенжаев

ПІКІР БІЛДІРУШІЛЕР:

- У. Мавлонов** — тарих ғылымдары докторы, ӨзМУ профессоры;
- Н. Мустафоева** — ӨзҒА бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдары докторы, профессор;
- М.Алимова** — тарих ғылымдары кандидаты, ӨзХИА доценты;
- А. Тагаев** — тарих ғылымдары кандидаты;
- О. Базаров** — философия ғылымдары бойынша философия докторы (PhD);
- У. Холмуминов** — тарих ғылымдары бойынша философия докторы, Низами атындағы ТМПУ оқытушысы;
- М. Каримова** — Юнусабад ауданындағы №93 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні оқытушысы;
- Н. Қудратова** — «Зиё-Зукко» жалпы білім беретін мектептің тарих пәні оқытушысы.



**Республикалық мақсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-8372-6-3

© А. Замонов, Н. Исматова және басқалар, 2022

© Республикалық білім орталығы, 2022.

1-тақырып:

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ – ӘЛЕМ ЦИВИЛИЗАЦИЯСЫ НЕГІЗДЕРІНЕН БІРІ


Тарихымызды зерттегенімізде кеудемізді мақтаныш пен абырой сезімі билейді. Ата-бабаларымыздың бай ғылыми және мәдени мұрасы бүгінгі күнде тек мемлекетімізді ғана емес, бүкіл әлем ғалымдарының да назарына түсіп отыр.

Көне Тұран аумақтарында ежелден өзбек, тәжік, қырғыз қазақ, қарақалпақ және түрікмендердің ұрпақтары жасаған. Сондықтан өзбек халқының өткені этникалық жағынан жақын болған туысқан халықтардың тарихымен тығыз байланысып, сәйкестеніп кеткен.

Сен бұл оқулықта IV ғасырдан XIII ғасырдың бастарына дейінгі Отанымыздың орта ғасырлар тарихымен танысасың. Мұнда «өзби» және «өзбек» атауларымен дәріптелген өзбек халқы қалыптасқандығы туралы мәліметтер де орын алған. Дүниежүзі өркениетіне өзінің теңдессіз үлесін қосқан ұлы ата-бабаларымыз, отансүйгіштіктің өнегелері болған батырлар ерлігімен қатар, халқымыздың бай мәдени мұрасы жайындағы мәліметтерге ие боласыңдар.

«Орта ғасырлар» ұғымын тарих пәніне итальян тарихшылары енгізген. Бұл түсінік жеке меншік тәртібінің өзгеру дәуірлерімен тікелей байланысты. Шығыс мемлекеттерінде жер-мүлік қатынастары ежелден ұжымдық негіздерде дамып келген. Сол себепті «орта ғасырлар» түсінігі тарихымызды шартты түрде қолданылады.





I ғасыр

III ғасыр

VI ғасыр


VII ғасыр

Орта ғасырлар

IX ғасыр

X ғасыр

Жыл санау



1. Төменгі сыныптарда тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, берілген суреттердің аттарын ата.
2. Суреттерде көрсетілген тарихи оқиғаларды айтып бер. Олар қай жерде және қашан болғандығын дәуір сызығымен түсіндір.
3. Оқиғалар дәуір сызығының қай жерінде тоқтады?
4. Томаристің Курушты жеңгеніне қанша жыл болды? Есептеп көр.





Ежелден «Тұран» деп аталып келген жұртымыз және онымен ұштасқан арабтар дәуірінен «Мәуереннахр» және «Қорасан» деп, XVIII–XIX ғасыр батыс ғалымдары мен саяхатшылары «Орта Азия» немесе «Орталық Азия» деп атаған.

Негізінде, «орта ғасырлардың» Еуропа үшін қолданылатын кезеңдік шекаралары Шығыс, оның ішінде, Тұран тарихындағы дәуірмен ерекшелінеді. Өйткені Еуропа «орта ғасырларының» басталуы Рим империясының құлауы (476 ж.), V ғасыр соңындағы оқиғаларына тура келеді.

Ал біздің тарихымызда, «орта ғасырлар» деп аталатын дәуір IV ғасыр соңынан және V ғасырдың ортасынан кидарилер, хианилер, эфталилер секілді этникалық, әлеуметтік, саяси атаулармен ұғынылатын тайпа ұжымдарының саяси алаңында пайда болған дәуірден басталған. Орта ғасырлар сонымен бірге, алғашқы, дамыған және соңғы орта ғасырларға бөлінеді.

Бұл дәуірде Хорезм, хианилер, кидарилер, эфталилер, Түрік қағандығы, кейін келе саманилер, қараханилер, хорезмшахтар, Әмір Темір және темірилер үстемдік еткен ірі мемлекеттер болған. Бұл мемлекеттер халқының әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани тіршілігі өз дәуіріне сәйкес түрде дамыған.

Алғашқы орта ғасырларда «ауыл әкімдері» деп аталған үлкен жер иелері – «диқандар» және олардың егін алқаптарында істейтін жері жоқ «кадиварлар» қалыптасты. Жерде істеу тәртіптерінің түпкілікті өзгеруі халық арасындағы таптарға бөлінуді шиеленестіре түскен.

Ал VIII ғасырдың басында мемлекетіміз аумағында араб халифалығының билігі орнатылды және өлкеміздің мәдениетіне ислам дінінің ықпалы күшейді. Халифалық билігінен кейінгі ғасырларда ілім-ағартудың дамуына жағдай туды. Елімізден әлем ілім-ғылымның дамуына үлес қосқан Мұхамед ибн Мырза Хорезми, Ахмет Ферғани, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина сияқты ұлы ойшылдар жетіліп шықты.





IX–XII ғасырларда біздің Отанымызда туылып, кәмелетке жеткен Имам Бұхари, Имам Термізи, Махмұт Замахшари, Ахмет Яссауи, Нажмиддин Кубро сияқты атақты ғұламалардың ислам діні мен іліміне тиісті шығармалары бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтпаған.

Оқулықта берілген оқиғалармен танысу арқылы, ата-бабаларымыз әрқашан жасампаздыққа, ілім мен ағартуға ұмтылып жасағанын біліп аласың. Олардың бай рухани мұрасы Отанымыз жөнінде мәлімет береді. Ілім мен ағартуға ұмтылу, оны иелеу арқылы ғана ғана кәмілдікке қол жеткізу мүмкіндігін түсінесің.

Бүгінгі жылдамдық пен жоғары қарқын құбылмалы дүниеде жалғыз шешіміміз ілім екендігін біліп аласың.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Ежелгі дәуірде Өзбекстан аумағында қандай мемлекеттер болған? Олардың өзіне тән ерекшеліктерін талдап бер.
2. IV–XIII ғасыр басында Отанымыз тарихының өзіне тән ерекшеліктері нелерден құралған еді?
3. IX–XII ғасырларда елімізде жетіліп шыққан ұлы ойшылдар және атақты ғұламалардың қай шығармаларын білесің?


2-тақырып:

IV–VII ҒАСЫРЛАРДА МЕМЛЕКЕТИМІЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҰРМЫС САЛТЫ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар:

1. Ежелгі дәуірде Өзбекстан аумағында қандай мемлекеттер болған? Олардың аумақтарын картадан көрсетіңдер.
2. Мемлекетіміздің ең көне дәуіріне тиісті мәдени мұраға мысалдар келтіріңдер.
3. Берілген суреттерге назар аударыңдар. Олардың аттарын білесіңдер ме? Егер ол ойлап таппағанда... Пікірді жалғастырыңдар.



Ой жүгірту үшін

Отанымыз бай көне тарихқа ие. Тұран, Түркістан, Мәуереннахр деген аттарман әйгілі болған аумақ тарихы мен өз еңбегімен оны көркейткен өзбек халқының өткені аса қызықты және өнегелі. Судирмені, шығыр және шығыр-айналым су құрылымдарының ойлап табылуы ауыл шаруашылық жұмыстарының өркендеуіне ықпал етті. Қалалар қолөнершілік, сауда және мәдени өмірдің орталығына айналды.



Шығармашылық жұмыс

1. Қолөнершілік, сауда және ауыл шаруашылығының өркендеуі адамдар өміріне қандай ықпалын тигізді?
2. Егін алаңдарының кеңеюі қандай қажеттіліктерге себеп болуы мүмкін? Төмендегі сөздерден пайдаланып, пікіріңді баянда. Егінші — өнім өндіруші, қосшы; мұрап; жерді өңдеуге арналған еңбек құралдары және т.б.
3. Сендер адам өмірінің молшылығы үшін не ойлап тапқан болар едіңдер? Пікіріңді дәлелдендер.

VI ғасырда құнарлы жерлер, сондай-ақ су бөлу тайпасының басшылары мен жұмысбасылардың бақылауына өтті. Ал бұл олардың ауыл халқына өз ықпалдарын өткізу, егінші халыққа үстемдік ету мүмкіндігін туғызды. Олар ауыл әкімі — диқандар деп аталған. Ауыл ұжымдарының жерлерінде жасап, жер мен судан тұратын ортақ мүлікке ие болған еркін егіншілер табы кашоварздар, өз жерлері мен еріктерінен айрылып қалып, диқандардың жерлерінде істейтін кадиварлар пайда болды. Диқандардың қожалығын сыртқы шабуылдарда қорғау, ал ішкеріде тәртіп-ережені сақтауға көмек беретін арнаулы әскери тобы — қызметшілері (чокарлары) болған.

Диқандардың қалада қолөнершілік қатарлары, үйлері болған. Олардың қожалығында көптеп адамдар еңбек еткен. Тұран аумағында да үлкен жер иелігі пайда болды.



Диқан (ауыл әкімі) – алғашқы орта ғасырларда мүлікке ие тап.
Кашоварз – егінші қарапайым қосшылар.
Кадивар – ауылдың диқандарға тәуелді халқы.
Чокар (қызметші) – диқан мүлкін қорғаушы, әскери күзетші.

Соңғы антикалық дәуір (жыл санауда II-IV ғасырлардан) басталған түпкілікті өзгерістер жылдам өткені соншалық, нәтижеде, бір жағынан, Орта Азияның әрбір диқаншылық уәлаяттарында (Соғдиана, Марғиона, Тохаристан, Хорезм, Шаш, Ферғана және тағы басқалар) ондаған жергілікті әкімшіліктер пайда болып, екінші жақтан, олардың ірілену үдерісі шапшаң өтті.

Ахметәлі Асқаров, «Өзбек халқының этногенезі және этникалық тарихы»



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Қандай шаралардың себебінен диқан қожалықтары пайда болды?
2. Егер су диірмені мен шығыр ойлап табылмағанда адамдар түрлі таптарға бөлінетін бе еді? Пікіріңді дәлелде.
3. Неге егін алқаптардағы суармалы жерлердің негізгі бөлігі ауыл ұжымдарының қарамағында болған?
4. Адамдар өміріндегі бұл өзгерістер тағы қандай кәсіптердің пайда болуына себеп болған деп ойлайсың? Пікір білдіруден алдын чокарлар, кашиварлар үшін қажет болған бұйымдарды көз алдыңа келтір.


3–4-тақырыптар:

IV—VII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ХОРЕЗМ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар:

1. Өткен дәуірлерде Хорезммен байланысты қандай тарихи үдерістерді білесің?
2. Ғалым Истахридің «Хорезм Жайхунның бүкіл пайдасын ала білген мемлекет болып табылады» деген сөздері саған Геродоттың Ніл жөнінде айтқан қайсы пікірін еске түсірді? Сен қалай ойлайсың, ғалым бұл пікірі арқылы не демекші?



Ой жүгірту үшін




Әмудария Хиндикуштың Солтүстік баурайларындағы мұздықтардан басталады. Өзен биік жартасты таулар арасынан ағып өтеді де әрбір километр аралықтан төменге түседі. Сол себепті ол өте тез және сарқырап ағып, өзімен өте көп мөлшерде минералдарды лайқа түрде ағызып келеді. Әмударияға Сұрхан келіп қосылған жердің төменінен бастап, ол ешқандай жылғаларсыз ыстық шөлдердің ішінен аға бастайды да, сол жерден оның өміршең қызметі басталып, Хорезм өлкесін сумен қамтамасыз етеді.

Хорезм алқабына Қарақұм сахарасы ұштасып кеткен. Хиуа меридианынан сәл шығыс жақта құм төбеліктер шекарасы солтүстік-батыс жаққа бұрылады да, сол бағытта дерлік Қаракөл көліне дейін барып жетеді. Хорезмдіктер бұрынғы замандардан бастап бұл құмдықтардан жолдар өткізген.



Шығармашылық жұмыс

1. Табиғи орналасу жағдайларын ескеріп, бұл аумақта қандай кәсіптер дамығанын анықта. Пікіріңде қисынды дәлелдендер.
2. Хорезм тарихында қандай қалалар бар еді?



Ой жүгірту үшін


Бұл дәуірде хорезмдіктер Қорасан және Иранмен мәдени сауда қатынастарын орнатқан. Хорезм өлкесінде суармалы диқаншылық, қолөнершілік, шаруашылық пен сауда, ілім-білім, өнер, атап айтқанда, мүсіншілік жоғары дәрежеде дамыған. Халық шаруашылық және балық аулаумен айналысқан. Олардың шаруашылық тұрмысында, негізінен, балық, қауын, асқабақ, жабайы жиде мен тұт ерекше орын алған.

Хорезм қолөнершілері өте әдемі етіп лайдан жасаған ыдыстар сарайларды көріктендіріп тұрған.



Шығармашылық жұмыс

1. Сеніңше, берілген суреттерде көрсетілген қай сала Хорезмде мемлекетшілік дамуын жеделдеткен?
2. Хорезм туралы білімдеріңе сүйене отырып, сол аумақта жасаған адамдар қандай теориялық және іс-жүзіндік білімдерді меңгергендігін айтып көрсет және жауабыңды дәлелдеп бер.
3. Ұлы жібек жолы арқылы Хорезм көрші мемлекеттерге қандай өнімдерді жеткізіп берген? Пікір білдіруден алдын суармалы диқаншылық, қолөнершілік, шаруашылық пен сауда және мүсіншілік салаларының өркендеуі нәтижесінде қандай қосымша салаларға қажеттілік сезілуін ойлап көріңдер.





Билесің бе?

Қорғаныс жағынан астанасы (Топыраққамал) өте мықты етіп құрылған, қала қабырғасының ортасында берік қақпахана болған. Қақпаның қарсы бетінде қала ортасынан кесіп жүргізілген көшенің екі жағын бойлай қалалықтар жасайтын тұрғын үйлер орналасқан. Қала орталығынан жоғарылау орналасқан ғибадатхана кешені, ал оның бұрышында биіктігі 25 метр болған көп мұнаралы хорезмшахтар сарайы бой көтерген. Сарай ғимараттары — екі қабатты патша сарайы мен сарай тұрғын үйлерінің қабырға текшелері түрлі мазмұндағы түсті суреттер, бөртпелі ойма нақыштар және мүсіндермен безендірілген.

Хорезм астанасы болып саналған қаланың жалпы алаңы 25 гектарды қамтиды. Бұл дәуірде Хорезмде айналасы мықты қабырғалармен қоршалған қалалар, қамал ауылдар өте көп болған.

Хорезм мемлекетінің астанасы бастапқыда Қарақалпақстанның қазіргі Эллиққала ауданына орналасқан көне Топыраққамал қала үйіндісінің орнында болған.

Нашарлап бара жатқан Қанғ мемлекеті құрамынан алдын Хорезм бөлініп шықты. Оны жергілікті Африғилар әулетіне тиісті хорезмшахтар басқарған.

Жыл санаудың 305-жылында хорезмшах Африғ өз ордасын Хорезмнің ежелгі астанасы Кат қаласына көшірді. Кат қайта қалпына келтіріліп, оның жанында жайғасқан Алфир сарайының ішінде патша өзіне жаңа сарай құрғызды. Тап сол кезден бастап Хорезмнің Африғи патшалары теңгенің алдыңғы жағына патша, артқы жағына атты әскер суреттері салынған күміс теңгелер соғып, мемлекеттің ішкі және сыртқы сауда қатынастарында тәуелсіз болып алған.

Әбу Райхан Беруни



Афригий патшасының Шофшафар теңгесі



Африғилар – Хорезмде III-X ғасырларда билік еткен хорезмшахтар әулеті. Әулеттің негізін салушы – Африғ. **Бүркіт пен лашын** Хорезмнің үстемдік белгілері болған.

Хорезмде VIII ғасырға дейін зардуштилік дінінің ықпалы күшті болған. Зардуштилік ғибадатханаларында руханилер – «мобадтар» (діни дәстүрлерді орындаушылар) діни рәсімдерді ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалу міндетін алған.

Бұл да өзіне тән білім беру үдерісі еді. Мобадтар тәрбиеленушілерге зардуштиліктің үгіт-насихаттары, білім беруі және тәрбиесі өмірдің ең маңызды тірегі екендігін ұқтырған. Білім беру орындарында балаларға негізінен, оқу, жазу, және соғыс өнерінен сабақ берілген. Сондай-ақ, оларға тек қана шын сөйлеулері керектігі ұқтырылған. Өтірік сөйлеу үлкен қылмыс болып есептелген.



Шығармашылық жұмыс

6-сыныпта тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп жауап бер:

1. Зардуштилік қашан пайда болған? Зардуштилікпен байланысты қайсы дәстүрлер есінде қалған?
2. Пікірді жалғастыр: *Балаларға ... пікір, ізгі ..., ... қолдану негіздері үйретілген.*





Ой жүгірту үшін

Хубби туралы аңыз

Хорезмде Өмудариямен байланысты көптеген аңыздар кездеседі. Олардан бірі су құдайы Хубби жайында. Аңыз бойынша, Хубби балықты бір қолымен ұстап күнге береді екен де, оны күн шұғыласында қуырып жейді екен. Хубби суға шөккендерді құтқарған. Сойылған өгіздерді тірілткен.

Жәмшит есімді патша таққа отырған кезде Хубби хабар-ошарсыз ғайып болады. Оны теңіз ханшасы ұрлап кеткен. Ал Хуббидің анасы ұлын Өмударияда жылап іздеген. Хуббидің анасы өз халқын дарияда соғысуға үйретеді. Содан бері қайықтардың тұмсығында сол әйелдің мүсіні орнатылған.

Хорезм діни көзқарастарында су киелі есептелген, ал Хубби судың сақтаушысы ретінде қадірленген. Бұл дәстүр Хорезмде ислам діні кіріп келгенге дейін қолданылған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. IV–VII ғасырларда Хорезм тақырыбындағы білімдеріңді инфографика жағдайына келтір.
2. Неліктен IV–VII ғасырларда Хорезм өзінің саяси тәуелсіздігін сақтап қалуға қол жеткізген?
3. Сол дәуірде балаларға берілген білім мен тәрбиенің бүгінгі күндегі пәндерге ұқсас және өзгеше жақтарын анықта.
4. Ежелгі дүние халықтары аңыздарындағы Хубби бейнесі секілді сумен байланысты аңыздық қаһармандарды білесің бе? Олардың мемлекеті мен атын кесте көрінісіне келтір.
5. Неліктен астана қорғаныс жағынан орасан мықты етіп құрылуына қажеттілік пайда болған?

5-тақырып:


IV–V ҒАСЫРЛАРДА ХИАНИЛЕР МЕН КИДАРИЛЕР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Ежелгі дүние тарихында сен массагеттер, соғдылар, сақтар және Ахемени, Грек-Бақтрия, Кушондар тарихын оқығансың. Бұл мемлекеттерді хронологиялық кезектілікте еске түсір.
2. Мемлекетіміз аумағындағы ежелгі халықтар негізінен қандай кәсіптермен шұғылданған? Олар негізі қайсы аймақтарда жасаған?

Хианилердің атты әскері



Ой жүгірту үшін

IV ғасырда түркі тайпалардағы *хианилер* бастапқыда Зарафшан алқабын игеріп алып, оңтүстікке қарай әрекет еткен де Кушон патшалығы аумағында билік жасаған. Олар орталығы Тахаристан болған Солтүстік Үндістан, Ауғанстан, Қорасанның бір бөлігін де өз ішіне қамтыған үлкен мемлекет құрған. Тарихта хианилер атымен әйгілі болған тайпалардың түпкі отанын кейбір зерттеушілер Арал бойында деп есептейді. Ал батыс тарихшылары хианилерді хундарға туыс деп есептеп, оларды «*ақ хундар*» деп атайды. Олар бұл аумақта 120 жылдан астам билік етті.



V ғасырдың 20-жылдарында шығыстан Сырдария мен Арал жағалаулары арқылы Хорезм және Өмүдария алқабына тағы да бір көшпелі шаруагер халық – тахарлар кіріп келген. Тахарилер кушондардың ұрпақтары болған. Оларға Кидар есімді патша басшылық еткені үшін оларды кидарилер деп те атайды. Көп өтпей кидарилер Хианилер мемлекетінің оңтүстік бөлігінде өз үстемдігін орнатқан. Балх қаласы бұл жаңа мемлекеттің астанасына айналдырылған.

Деректерде айтылуына қарағанда, кидарилердің алдыңғы отаны Шығыс Түркістан еді. Юечжілер (кушондар) билеушісі Сидоло жужандар шабуылының салдарынан өз ордасын Болоға (Балхқа) көшірген. Ал Кидар Солтүстік Үндістанға жорыққа шығып, Гандһардан солтүстіктегі 5 мемлекетті өзіне бойсұндырған.

Кидарилер Үндістанда Гупта мемлекетін иемденіп, бұл жерде 75 жыл үстемдік еткен және Қытайға елшілер жіберген.

Кидарилер әскері



Тарихшы К.Тревердің пікірінше, хианилер IV ғасырдың 70-жылдарында өзінің күшейген кезеңін бастады. Тұранда кидарилер мен эфталилер билігі орнатылған соң, хианилердің саяси жағдайы өзгереді және эфталилерге бағынышты болып қалады.

Өкінішке орай, хианилер мен кидарилердің әлеуметтік-экономикалық жүйесі жөніндегі мәліметтер бізге жетіп келмеген.

Кидарилердің оңтүстіктегі Иран сасанилерімен қатынасы нашарлай түскен. 456 жылы кидарилер мен сасанилер арасында қақтығыс болып өтеді. Бұл қақтығыста кидарилер сасанилерден жеңіледі.

Кейін келе кидарилер де көшпенді шаруагер халық – эфталилермен қақтығысады. Нәтижеде олар Солтүстік Үндістанға шегінеді.

Кидарилердің теңгелері брахми жазуында соғылған. Оларға тиісті «Кидара Кушон ша» деген жазу жазылған теңгелер де табылғаны анықталған. Мұндай теңгелерді екі әкім бір мезеттің өзінде соққан.



Кидарилер теңгелері



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Егер сен III-IV ғасырларға түсіп қалсаң, қамалдарды құру және оны дұшпандардан қорғау үшін қандай жол таңдаған болар едің? Дәуір жағдайын ескере отырып жауап бер.
2. Хианилер мен кидарилер мемлекеттері аумағын картадан көрсет.




6–7-тақырыптар:

ЭФТАЛИЛЕР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. IV-V ғасырларда Тұран аумағында қайсы халықтар жасаған?
2. Олардың жалпы айырмашылықтарын атап көрсет.




Ой жүгірту үшін

V–VI ғасырларда Эфталон әулетіне тиісті тайпа Тұран аумағында билік еткен. Деректерде *эфталилер*, *эфталдар*, *эфталиттер*, *хайталдар* сияқты әртүрлі аттармен аталған *эфталилер* тайпалар одағына негіз салған. Бұл атау негізінде «Эфталон» деп аталған патшаның атынан алынған. Оны *Вахшунвар* деп те атаған.

Сол дәуірде Хорезм, Соғдиана, Шаш және Бақтрия уәлаяттарында сәулетті ғимараттары болған жеке-жеке қорғандар пайда болған.

Эфталилер мемлекетіне біріккен халықтың этникалық құрамы саналуан болған. Экономикалық-сауда қатынастарының жүйелі жолға салынғаны мемлекетте диқаншылық, жасанды суару, шаруашылық, бақ өсірушілік, қолөнершілік сияқтылардың өркендеуіне негіз болған.



Шығармашылық жұмыс

Эфталилер үстемдігі дәуірінде ненің есебіне диқаншылық, жасанды суару, шаруашылық, бақ өсірушілік, қолөнершілік өркендеді?





Шығармашылық жұмыс

1. Тәуелсіз мемлекетті басқару үшін тағы қандай шаралар қажет болады?
2. «Эфталилер мемлекетті басқаруында белгілі заң-ережелер болған. Мемлекет әскери күшке сүйенген» деген пікірді түсіндіріңдер. Әскери басқаруды қамтамасыз ету үшін қандай тәртіптер енгізіледі?

Эфталилер билеушісі бейнеленген нақыш (фреска) бөлшегі

V ғасырда сасанилер мен эфталилер арасындағы әскери қақтығыстарда эфталилер жасағының басым келуі олардың әскери шеберлігінің жоғары дәрежеде екендігін білдіреді. Фердаусийдің «Шахнаме» шығармасында Вахшунвар мен Перуз дәуірінің оқиғалары да өз көрінісін тапқан. Эфталилердің патшасы Катулф «Шахнамеде» көрсетілген сол халықтың Ғафтар есімді атты патшасына ұқсатылған.




Ой жүгірту үшін

Эфталилер V ғасырдың бас кездерінде мемлекетіміз аумағына Шығыстан кіріп келген. Эфталилер мемлекетінің алдыңғы астанасы Бұхара маңындағы *Пайкент пен Варахша* қалалары болған. Бұл мемлекет құрамына Орта Азиядан тысқары, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Солтүстік Үндістан мен қазіргі Пәкстан аумақтары да енген.

Эфталилер дәуірінде патшалықты жеке билеуші басқарған. Тақ ұрпақтан-ұрпаққа өтпей, сол әулеттен кім лайық деп табылса, сол таққа отырған. Үміткерді анықтап, ұсынатын кеңесі болған. Бұл кеңес әулеттің аса қадірлі адамдары және патшалықтың мәртебелі мырзаларынан құралған. Облыстарда билікті жергілікті отбасылар (әулеттер) жүргізген. Сол патшалық билігін әмірші – Шоға (шахқа) тәуелді әулеттер басқарған. Тіпті олардың әрқайсысы өзінің күміс немесе мыс теңгелерін соққан.


Эфталилердің мемлекеті басқаруында белгілі заң-ережелері болған. Мемлекет әскери күшке сүйенген. Эфталилердің күшейіп бара жатқандығынан қауіптенген Ирандағы сасанилер оларға қарсы соғыс бастайды. Сасанилер патшасы Перуздың 484 жылы эфталилерге қарсы соғысы жеңіліске ұшырауымен аяқталады.



Ой жүгірту үшін

Сыртқы сауда баж салығынан мүдделі болған эфталилер Жібек жолын өз бақылауына алып тұруға әрекет еткен. Қытай, Үндістан, Иран және Византиямен болған халықаралық саудада белсенді қатысқан. Жібек жолы саудасында сасани саулагерлерімен бәсекеде негізінен соғдылар делдалдық рөлін ойнаған. Ішкі және сыртқы сауда қатынастарында эфталилер бастапқыда сасани билеушілерінің күміс теңгелерінен кең пайдаланады. Бұдан тыс, Бұхара, Пайкент, Вардана, Нахшаб, Самарқанд және Хорезмде жергілікті әкімдер шығарған майда теңгелер мемлекеттің ішкі саудасында кең айналымда болған.

Бұл дәуірде Тұранда шыны жасау дамыған. Шынылар реңі, жылтырауы мен тынықтығы жағынан Византия шынысынан жоғары тұрған. Қытай императорлары өз сарайларын безендіруде Тұраннан әкелінген түсті шыныдан пайдаланған.



Шығармашылық жұмыс

1. Неліктен эфталилер билігінің алғашқы жылдарында сасани теңгелерінен пайдаланған?
2. Қытай императорлары өз сарайларын безендіруде Тұраннан әкелінген түсті шыныдан пайдаланған. Неліктен басқа өлкелерде мұндай шыныларға талап көп болған деп ойлайсындар? Пікіріңді негіздеп беріңдер.




Мәлімет үшін

Тұран халқының бір бөлігі соғды тілінде, ал екінші бөлігі түркі тілде сөйлескен. Бұл дәуірде соғды тілі халықаралық сауда тілі ретінде Жетісу, Ферғана, Шығыс Түркістан, Қытай аумақтарында пайдаланылған.

Эфталилер әліппесі Бақтрия жазуы негізінде қалыптасқан. Бұл әліппе 25 әріптен құралған.

Эфталилер дәуірінде де балаларға жастайынан білім мен тәрбие берілген. Әсіресе, әскери саламен шұғылдану тек өспірім ұл балалармен ғана шектеліп қалмаған. Қыздар да атта жүруге, садақтан оқ ату сияқты дене жаттығуларына қатыстырылған.



Мәлімет үшін



Эфталилер, негізінен, зардуштилікке нанымдық еткен. Мемлекетте халық тәңрішілік, буддалық, монилік, маздакилікке де нанымдық еткен. Қалаларда несториандар мен яхудиер ұжымдары да болған.

Тұран халқының мәдени дәстүрлері көрші мемлекеттер бейнелеу әдістемелерімен үйлесіп, IV–V ғасырлар мәдениетінің қалыптасуында мықты іргетасқа айналған.

Эфталилер үлкен аумақта басқаруды қолға енгізген соң, көркем диқаншылық алқаптарында, өркендеген қала мен қыстақтарда, сауда жолдарына ие болды.

Уақыт өте эфталилер жергілікті халықпен араласып кетеді. Эфталилер мемлекетінде қалалар өте көп болған. Сондықтан 568-569-жылдарда Византия императоры құзырында болған түрік елшісі императордың «эфталилер қалаларда жасайды ма әлде қыстақтарда ма?» деген сұраққа «олар қалалық әулеттер, жоғары мәртебелілім» деп жауап берген.

V ғасырда **Панжикентте** шамалы көнелеу болған қыстақ орнына жалпы алаңы 18 гектар болған жаңа қала салынады. Бұл қала кейін келе берік қорғаныс тәртібіне, ғибадатхана, сарай және әлеуметтік жағынан ерекшеленіп тұратын тұрғын үйлерге ие еді.

Соғды қалаларынан тағы бірі **Пайкент** еді. Ежелгі дәуірде негізі қаланған бұл көне қала орта ғасырлар дәуірінде кеңейе түседі де үш бөлікті үлкен орталыққа айналады. Пайкент қазбаларында орта ғасырларға тиісті көптеген материалдық мәдениет бұйымдары табылған.

Пайкент бұл дәуірде араб деректерінде сипатталғанындай, «Мадина ат-тузжор» – «Саудагерлер қаласы» болған.

Шығармашылық жұмыс



Эфталийлер дәуірінде болған діни нанымдардың бүгінгі күнде құндылықтарымыз бен әдет ғұрыптарымызға ықпалы сезіледі ме? Пікіріңді дәлелдеуге әрекет ет.



Эфталийлер дәуіріндегі шенеуніктер мөрі

Эфталилердің атты әскері



Мәлімет үшін



IV–V ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық өмірде маңызға ие ірі орталықтардың (мүмкін, астана қалаларынан) бірі Бұхара еді. Тік төртбұрыш пішініндегі бұл қаланың негізі 21 гектар болып, мұнда мықты қорғаныс құрылымдары, патша сарайы, идеологиялық құрылымдар, тұрғын үйлер салынған.

Бұхара IV ғасырдан бастап Тұранның ірі мәдени және экономикалық орталықтарынан бірі болған. Сондай-ақ, бұл дәуірде қаланың жеті қақпасы болған, бұл жағдай оның маңызды сауда-транзит жолы үстінде орналасқанынан дерек береді.


Бұл дәуірде **Терміз** және оның төңіректерінде де қала құру мәдениетінің жедел дамығанын бақылауға болады. Терміз төңірегіндегі Зартепа қаласы осындай қалалардан бірі. Ежелгі дәуірде шағын мекенжай ретінде пайда болған Зартепа IV–V ғасырларда ауданы алаң 17 гектарлық ірі қалаға айналды.


Қамал, қорған және бекіністер алғашқы орта ғасырлар дәуірінің өзіне тән сәулеткерлік үлгілерінен болып, Нахшаб алқабындағы Заһоки Марон, Бұхарадағы Шаһри Вайрон, Хорезмдегі Фир қамалы солардың қатарында болып табылады.



Шығармашылық жұмыс

1. Бұл дәуірде Еуропа мемлекеттерінің дамуы қай дәрежеде еді?
2. Қалай ойлайсың, су құрылымдарының құрылысы мемлекеттің дамуы үшін қай дәрежеде маңызды?
3. Топтарға бөлініп, Зағарық, Бозсу, Дарғам каналдарының бүгінгі көрінісі мен жағдайы бойынша интернет деректерінен мәліметтер жина да, презентация әзірле.





Ой жүгірту үшін

Бұхара Соғдыда оң жағында патша суреті бейнеленген күміс пен мыс теңгелер соғылған. Самарқанд Соғдыда V-VI ғасырларда артқы жағында тік тұрған садақшы бейнесі салынған күміс теңгелер шығарылған. Нахшаб (Қаршы) алқабында оң жағында патшаның бас бөлігінің суреті салынған жергілікті күміс пен мыс теңгелер айналымда болған. Ал, Хорезмде, алдыңғы бетінде патшаның басы, артқы жағында атты шабандоз суреті бейнеленген күміс пен мыс теңгелер соғылған.

Қазіргі кезде де Ташкент алқабы мен Оңтүстік Қазақстан жерлерінің бір бөлігін сумен қамтамасыз етіп тұрған Зағарық (Зоварық) пен Бозсу, Самарқанд облысы оңтүстік түмен дарының негізгі су көзі Дарғам каналы V ғасырда құрылған ең ірі суару салалары болып саналады.



Эфталилер теңгесі



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз



Византиялық тарихшы Прокопий Кесарский былай деп жазды: «Эфталийлер патшасы римдіктер мен басқа патшалардан қалыспаған жағдайда арнайы қамқорлық көрсетеді, өзі және көршілерімен болған қатынастарында әділет принциптерін сақтайды». Жоғарыдағы текст пен Ежелгі Рим тарихы тақырыбынан алған білімдеріңді пайдаланып, эфталий билеушілерінің басқаруын бағалаңдар.

8–9-тақырыптар

ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ




Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. VI ғасырға дейін аумағымызда қандай халықтар мен мемлекеттер болды?
2. Түрік қағандығы туралы нелерді білесің?
3. «Түрік» сөзінің мазмұнын білесің бе?



Бумин хақан




Ой жүгірту үшін

VI ғасырдың орталарында Алтай мен Оңтүстік Сібірде жасаған түрки тайпаларды біріктірген жаңа мемлекет пайда болды.

Бұл мемлекет тарихқа *Түрік қағандығы* деген атпен кірген. Жетісу мен Шығыс Түркістанға тұтасқан елдерде тұратын түрки тайпалар бағындырылып, Алтай қағандықтың орталығы етіп белгіленді. Оның негізін салушы *Бумин* еді. Оған «Ябғу қаған» деген атақ берілді.


Бұл дәуірде Сырдария мен Арал теңізі бойларына дейін созылған кең өлке Түрік қағандығының аумақтары болған. Қағандықтың эфталилерге тиісті аумақтарға әскери қаупі күшейді. Эфталилер мемлекеттің солтүстік аумақтарын қорғаумен жүрген кезде сасанилер оңтүстік өлкелер – Тахарстан мен Чағанионды эфталилерден тартып алды.

Оңтүстіктен Иран сасанилерінен, ал солтүстіктен Түрік қағандығынан соққыға ұшыраған эфталилер мемлекеті ыдырап, Әмударияның оңтүстік жағалауларына дейін болған уәлаяттар Иран, оның оң жағалаулары бойымен Каспий теңізіне дейін созылған жерлер Түрік қағандығы иелігіне өтеді.




Шығармашылық жұмыс

Эфталилердің тарих сахнасынан шығып кетуі және бұл аумақта Түрік қағандығының орнауына қандай шаралар себеп болған, деп ойлайсың?



ТҮРІК, түркилер – ең көне және ірі этностардан бірінің аты. Түрік сөзі мықты, жетілген, әділдік деген сияқты мағыналарды білдіреді.



Ой жүгірту үшін

Ірі тайпалар немесе рулар одағы орталық әкімдікке бағынбауға тырысқан.

Түрік қағандығы қарамағында болған аумақтардағы әкімдер тәуелсіз болғысы келді. Бұл шаралар қағандықтың берік орталықтанған мемлекетке айналуына мүмкіндік бермеген.

Бағындырылған аумақтарды жергілікті әкімдер арқылы басқару тәртібі қағандықты әлсірте түскен. Оның үстіне, Византия, Қытай және Иранмен болған әрдайымғы бәсеке қағандықтың жағдайын ауырлата түсті. Соның салдарынан, Түрік қағандығы VI ғасыр 80-жылдардың соңында екіге: Шығыс түрік қағандығы мен Батыс түрік қағандығына бөлінеді.

Қағандық өз мемлекет идеологиясы бойынша, «ел» деп аталып, ежелгі тарихта оған байланысты «мәңгі ел», «Тәңірі (илаһи) ел», «түрік елі» секілді атаулар қалыптасқан. Ел және қаған әкімшілігінің Тәңірі жағынан Ашина отбасына «Түрік будун (халқына)» тарту етілгеніне сенген. Ежелгі түрік қоғамы қаған Бумин тиісті болған Ашина отбасы уәкілдеріне патша ретінде қараған. Өйткені түркілер арасында мұндай саяси қабілет (игілік) Тәңірі тек қана Ашина отбасына тарту етілген, деген болжам болған еді. Сондықтан, Ашина отбасының әкімшілігі илаһиластырылған. Егер Тәңірі берген саяси үкімет сенімді ақтамаса, яғни өз қабілетін көрсете алмаса, ондай билеуші үкіметтен қашықтатып, «Тәңірі берген саяси үкіметті тағы Тәңірі қайтарып алады», деп ұғынылған.

Түрік қағандығы сасанилер патшасы Хусрав I Анушервон мен эфталилерге қарсы өзара әскери одақ түзді. Бұл одақ Иран патшасының Истамиге күйеу болуы арқылы нығайтылды.

Алтай қағандықтың орталығы етіп белгіленеді.

Түріктердің батысқа қарай жасаған жорықтарына Истами басшылық етеді. Оған «Ябғу қаған» деген атақ беріледі.

Жетісу, Шығыс Түркістан, Сырдария мен Әмудария су алаптары және оларға ұштасқан аумақ – Батыс қағандық, Оңтүстік Сібір, Урхун су алабы (Монғолия), Солтүстік Қытай Шығыс қағандық иелігінде болған.

Түрік қағандығы картасы





Түрки тілде сөйлесуші тайпалар одағы қағандық негізін құрайтын еді. Бұл одақты қаған басқарған.

Он мың атты әскерге ие болған түмен басшысы «шат» деп аталған. Он оқ ел басшысы бір түмен (яғни он мың) атты әскерге ие болған.

Көшпелі шаруагер халық «будун» немесе «қара будун» аттарымен аталған.

Әкімдік туыстық
әдет-
ғұрыптарына
сүйенген
әскери-әкімшілік
басқаруға
негізделген.

Ябғу дәрежесіне
Тек қаған ұрығына
қандас туыс болғандар
ғана көтерілген.



ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ





ТИБЕТ

СУЙ ИМПЕРИЯСЫ

Қағандық ең күшейген кезеңде
Охота теңізінен Қырым
түбегіне дейінгі, Сібірден
Үндістанға дейінгі аумақты
иелеген.

Он оқ будун немесе елдің
әкімі «ябғу» немесе
«жабғу» атымен
аталатын.





Шығармашылық жұмыс

1. Бұл көріністегі басқарудың бүгінгі күндегі басқаруға ұқсас жақтары бар ма?
2. Қандай себептер бойынша әмірші әкімшіліктен алыстатылған?



Ой жүгірту үшін

Түрік қағандығында мемлекет тек әдет-ғұрыптармен ғана емес, сондай-ақ жазба заң құжаттарымен де басқарылған. Сол дәуірде Самарқантта «Түрік заңдар жинағы» іс-жүзінде қолданылатын еді, ол ғибадатханада сақталған. Жазалау кезінде заңдар жинағынан пайдаланылған. Ежелгі Соғдыда да алды-сатты, некені тіркеуге тиісті келісім-шарттар куәгерлер арасында жазба түрде түзіліп, мөрмен бекітілген.



Шығармашылық жұмыс

1. Дүние жүзі тарихы пәніндегі білімдеріңнен пайдаланып, бұл дәуірде Еуропа және Шығыс мемлекеттері мен халықтарында мемлекетті басқаруға тиісті құжаттар болды ма?
2. Олардың Түрік қағандығы заңымен ұқсас және өзгешелік жақтарын талқылап бере аласың ба?

Ферғана аңғарында Кувадан және Қорғантөбе маңындағы Әжинатөбеден будданың үлкен ескерткіштері табылып, зерттелді. Әжинатөбе буддасы ескерткішінің бойы 12 метрге дейін барады. Қазіргі күнде Душанбе қаласындағы Ұлттық археология мұражайында сақталады.

Бұл дәуірге тиісті Орхон-Енисей ескерткіштері жазуларында Тәңірі бірегей, ежелгі, мәңгілік, өмір беруші, жаратушы, өлтіруші, үкім етуші, жәрдем беруші, жазалаушы, пенденің дуасын қабылдаушы, қорғаушы, рақымына алушы, барлық нәрсені білуші, адамдарға ілім беруші және жол көрсетуші сипаттармен мақталған.



Ізгі амал, ізгі пікір,
Ізгі сөз

Ғаламның бастауы екі қарама-қарсы жаратушы – жарық пен ізгілік және қараңғылық пен жауыздықтан тұрады. Ғибадат, ораза, садаға мони дінінің негізі боп есептелген .


Түркилерде ертеде қасқырға табынған және көптеген нышандарында қасқыр суреті бар болған .



Бұл дін жан мен рухтарға, ата-бабалар рухына сиыну нанымын тәрбиелеген. Ежелгі түріктерде «шаман»сөзі болмағаны үшін өз дінін «қам»деп атаған.



Шығармашылық жұмыс



1. Екі ұжымға бөлініп, Түрік қағандығы және эфталилер дәуірінде халықтың қабылдаған діндерін салыстыр және олардың ортақ жақтарын айтып бер.
2. Тобыңмен діни нанымдардың идеясы мен мәнін ашып беруге әрекет ет.
3. Бүгінгі күнде халқымыздың тұрмыс салты, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерде ата-бабаларымыз нанымдық білдіріп келген бұл діндердің ықпалы сезіледі ме? Пікіріңді дәлелде.
4. Халқымызда қасқыр киетегімен байланысты қандай әдет-ғұрыптар сақталып қалған?



Тәңіршілік ілімі бойынша, Тәңірі – бұл көгілдір аспан, ұлы Аспан иесі. Оның тұрақты мекені Аспан болып табылады. Сол себептен көк рең илаһи ұлылық белгісі болып есептелген.



Тәңіршілікте діни рәміз төрт жағы тең болған салб – «аджи» есептелген. Сондықтан, түркілер оны маңдайларына қызыл реңде сызып жүрген.




Мәлімет үшін

Түрік қағандығының идеологиялық негізі шамандық – ата-бабаларға, Аспанға (Тәңірі) және жер-суға сиынған .

Түркілер мүлдем өлімге сенбеген. Өмір белгілі шеңбер ішінде бүкіл кеңістік бойымен айналып жүреді, деген нанымда болған. Сондықтан олар адамның табиғи өлімінен қорықпаған әрі оны өмірдің табиғи жалғасы, деп қараған. Олар өлімді бір өмірден екінші өмірге өту деп сенгені үшін, мүрде киім-кешегі және күнделік қажет болатын нәрселерімен бірге жерленген.

Түркілер адам тірі кезінде барлық діни рәсімдерді толық орындауы тиіс, кері жағдайда, олар жауыз рухтар қатарынан орын алады, деген уағызға қатты сенген.



Шығармашылық жұмыс

Мәтінді оқы: қабірден табылған бұйымдарға негізделіп, «Қауыншы мәдениетінің» (Қазіргі Ташкент уәлаятының Жаңажол қаласы аумағында) хронологиялық жағынан қайсы тарихи дәуірге тиістілігін анықта.

«Қауыншы дәуірі қабірстандары, негізінен , топырақ қорғандар және үстіне тас үйілген жер астындағы арнаулы қабірлерден (үңгірлерден) құралып, олардың қабір қуыстары (камералары) да күмбезді, кең және жер бетінен едәуір тереңдікте жайғасқан. Өрбір үңгір лахадында бірнеше (жанұялық) шалқасынан жатқызылған қаңқалар ұшырайды. Қаңқалардың бас пен аяқ жағында саз балшықтан жасалған ыдыстар, ерлердің қолына жақын бел жақтарында темірден жасалған әскери және еңбек құралдары, ал артқы жақта үш қалақты және біз тәрізді құйма табанды темір ұштықтар бар. Әйел қаңқаларының аяқ-қол сүйектерінде, көкірек қуысында әртүрлі тас және металл тағыншақтар ұшырайды.



Ежелгі түркілер соғыс майданында қаһармандық жасаған ата-бабалар рухына арнайы көңіл бөлген. Ата-бабалар рухына сиыну, түркілерде, өзінен алдыңғы жеті ата-бабасы өмірін жақсы білу дәстүрін қалыптастырған».

Ахмадали Асқаров, «Өзбек халқының келіп шығу тарихы»



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Түрік қағандығы қайсы мемлекеттермен шекаралас болған?
2. Берілген суреттерге қарап, түрік қағандығында қайсы кәсіптер мен қолөнершілік түрлері дамығандығы туралы мәлімет беруге әрекет ет. Білдірген пікіріңді басқа пәндерден алған білімдеріңе сүйеніп дәлелде.



10–11-тақырыптар:

БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Түрік қағандығының екіге бөлініп кету себептерін айт. Сеніңше, бөлінудің алдын алу мүмкіндігі болған ба?
2. Мемлекет пен қоғамның бөлінуі қандай салдарларға себеп болады деп ойлайсың?
3. Еліміз аумағы қайсы Түрік қағандығы құрамында болған еді?



Ой жүгірту үшін

Батыс қағандық әлеуметтік, экономикалық және мәдени жақтан Шығыс қағандықтан мүлдем ерекшеленіп тұрады. Батыс қағандық халқының үлкендеу бөлігі отырықшы диқаншылық, қолөнершілік және саудамен айналысқан еді .

VII ғасырдың бірінші ширегінде Батыс қағандық өркендейді. Қаған Тунгябғу үстемдік еткен дәуірде басқару тәртіптері өзгертіледі. Уәлаят әкімдерін қағандық әкімшілігімен тікелей байланыстыру және олардың үстінен бақылауды күшейту мақсатында жергілікті билеушілерге

Қала халқы қолөнершілік және саудамен айналысқан. Құмырашылық, тоқымашылық, қайыс өрушілік, мыскерлік, слесарьлық, теміршілік және зергерлік дамыған. Қолөнершілер жасаған зейнет-әшекейлер мен құрал-саймандардың саналуандығы және өте пысық әрі жинақылығымен өзгешеленіп тұрған.



Қытай деректері, негізінде түріктер тұрақты жасау жерлеріне ие болмаса да, олардың әрқайсысында «бөліп берілген жер болғандығы» туралы мәлімет береді. Осындай «бөліп берілген жерлерде» диқандар сол су қорлары мен қолдан суарылмайтын жерлер мүмкіндігінен пайдаланып, негізінен, дәнді дақылдар өсірген. Жемісті ағаштардан бақтар жетілдіруге ерекше назар аударған. Деректің тілімен айтқанда, «(жемісті) ағаштар маңыздылығын танытып тұрған».



Ой жүгірту үшін

қағандықтың «ябғу» атағы беріледі.

Қағандықта тайпа мен руларды біріктіру және басқару, салықтар мен ұлпандарды дер кезінде жинап алу үшін арнаулы әкімшілік және әскери-саяси басқару жүйесі енгізілген еді.

Қаған өз орынбасарлары – тудундар арқылы дербес әкімдіктер үстінен бақылауды күшейткен.

Қағандық өз талабы мен тұрмыстық қажеттілігіне қарай төмендегі реформаларды іске асырған:

- ➔ «ондық» жүйені орнату;
- ➔ вассал әкімдіктер аумағында өз ордаларын орнату;
- ➔ мемлекет басқаруын жетілдіру және тағы басқалар.



Ой жүгірту үшін

Батыс Түрік қағандығының Суяб (Ақ Пішім), Бесбалық (Турфан), Ек-тоғ (Шығыс Түркістан) сияқты қалалары қағандықта орда міндетін атқарған.

Мемлекет басқаруында қағандықтың барлық буындарында лауазым иелері әскери атаққа ие болуы шарт болып есептелген.

Қағандықтың орталық басқару жүйесі негізінен мемлекет тыныштығын сақтау, мемлекет шекараларын кеңейту, салық жүйесі, ішкі және сыртқы сауда, дипломатикалық қатынастар және басқалармен айналысып, өзі басып алынған аумақтардағы басқару жүйесіне белгілі дәрежеде еркіндік берген. Сондықтан Ферғана, Соғды, Шаш, Тахаристан, Хорезм және басқа елдердегі басқару тәртібі негізінен жергілікті әулеттер қолында болған. Мысалы үшін, Соғды мен Ферғанада жоғары билеуші – «ихшид», Тахаристанда – «маликшах», Хорезмде – «хорезмшах», Кеште – «ихрид», Бұхарада – «худот», Уструшонада – «афшин», Шашта – «тудун» деп аталған. Орталық әкімдікке тек баж төлеп тұрумен олар өз тәуелсіздігін белгілі дәрежеде сақтап қалды.




Билеушілер қай жерде қалай аталған?

Түрік қағандығы дәуірінде Соғды аумақтарына қазіргі Панжикенттен Керменеге дейінгі жерлері кірген. Ал Бұхара VII ғасырдан бастап дербес патшалықтар одағынан құралған. Соғдының жергілікті әкімдері кей кездерде Шаш пен Хорезмнің дербес билеушілерімен бірігетін еді. Мұндай ірі саяси бірлестіктер белгілі мерзімдерде ірі қалаларда өз құрылтайларын өткізіп тұрған. Ферғана Соғды саяси одағына кірмеген, ол бөлек дербес мемлекет еді .

Түрік қағандығы құрамындағы түрлі халықтардың жасау салты да әртүрлі еді. Көшпелі шаруагер түріктерде ұжымшылдық дәстүрлері мықты болған. Көшпелілердің негізгі кәсібі шаруашылық еді. Қала халқы қолөнершілік және саудамен айналысқан. Тіпті қолөнершілік өнімдерін жасау үшін Ферғана мен Соғдыда алтын, темір, мыс, Илақта қорғасын, күміс пен алтын, Шахрисабздан тас пен тұз қазып алынатын. Саудагерлер арасында Соғды саудагерлерінің беделі жоғары болған. VII ғасырдың бірінші жартысында Батыс Түрік қағандығы мен Қытай арасында әсіресе экономикалық байланыстардың белсенділігі артты. Бұл дәуірде Қытайға тоғыз рет сауда елшілігі жіберіледі. Бір жылдың өзінде Бұхара, Самарқанд, Иштихан мен





Шығармашылық жұмыс

1. Саудамен айналысу үшін қандай білімдер керек болады?
2. Текстте: «Құмырашылық, тоқымашылық, қайыс өрушілік, мыскерлік, слесарьлық, теміршілік және зергерлік дамыған» дейілген. Қолөнершіліктің бұл салалары дамуы үшін қандай дағдылар керек болады?
3. Мемлекетімізде бүгінгі күнде қандай жемістер өсіріледі? Қандай дәнді дақылдарды білесің ?
4. Берілген суреттер негізінде қағандықта адамдардың кәсіптері туралы әңгіме құрастыр. Суреттердегі әрбір детальға көңіл бөл. Бүгінгі күнде адамдар шұғылданған қайсы кәсіптер жалғасып жатыр және қайсылары жетілдірілген?



Уструшонадан (Жызақ пен Оратөбе уәлаяттары) бірлескен үлкен сауда керуені Қытайға жетіп барады.

Бұл дәуірде де елімізде материалдық және рухани мәдениеттің жаңа қайталанбас үлгілері жасалды. Түрлі ғалымдар мамандар талқысына себеп болған Түрік-руни, Орхон-Енисей жазуы, Күлтегін жазуы, Билга қаған жаднамасы мен сол сияқты құнды ескерткіштер түрік жазба мәдениетінің көнелігі мен саналуандығынан куәлік береді.


Тұран жерінде түркі жазуымен қатар Соғды және Хорезм жазулары да кең қолданылған. Соғды жазуы солдан оңға қарай жазылған. Қалаларда соғды-түрік екі тілділігі ресми әдет болғандығы туралы Махмұт Қашқаридің «Девони луғатит-түрік» (XI ғасыр) шығармасында да атап өтілген. Бұл жазуларда ұлы ата-бабаларымыздың үлкен тарихы, бай мәдениетіне тиісті мәліметтер көрсетілген.

Бүгінгі күнде ұлттық мерекеміз болған Наурыз мейрамы да сол дәуірлерде кең атап өтілген.



Шығармашылық жұмыс

Бүгінгі күнде Наурыз мейрамында біз қандай ұлттық ойындарды ұйымдастырамыз?





Мәлімет үшін

Түрік қағанаты дәуірінде Орта Азияда диқандардың жерлерді иелеу барысы одан әрі үдеп, зұлымдық күшейді. Өз жер мүлкінен айырылған кашоварздар дәулетті диқандардың бағынуына түсіп, оларға тәуелді кадиварларға айланады. Халық жоқшылық, жәбір-зұлымдық пен диқандарға бағынуға қарсы бас көтеруге мәжбүр болды. Осындай халық көтерілістерінің бірі Бұхарада болды. Көтеріліске қағанат отбасының өкілі Абруй жетекшілік етті. Көтерілістен үрейленген дәулетті диқандар мен бай саудагерлер Бұхара уәлаятын тастап, Түркістан және Тараз төңірегіне барып орналасады. Олар түрік қағанына өтінішпен барып, көтерілісшілерге қарсы күресте көмек беруін сұраған. Түрік қағаны Қара сордың (Қара Чурин) ұлы Шери Кишвар (Эл Арслан) басшылығындағы әскерлерін жіберді. Абруй өлтіріліп, көтеріліс бастырылды. Кадивар және қызметкерлер өз иелері— диқандарға қайтарылды.



Деректерде

Диқандар мен байлар бұл уәлаяттан қашты және Түркістан мен Тараз (маңында), біраз ғимарат салды, өйткені Бұхарадан қашып кеткен тайпаның төрағасы болған бір үлкен диқанның аты Хамук еді. «Хамук» деп, Бұхара тілінде гәуһарды айтады, ал «кет» — қала, яғни Хамукет «Хамук — гәуһардың қаласы» дегені еді. Бұхара тілінде үлкен адамды «Хамук», яғни пәленше гәуһар дейді.

Содан соң Бұхарада қалған кісілер өздерінің (қашып кеткен) қолбасшыларына адам жіберіп, Абруйдің жәбір-зұлымдығынан құтқаруды сұрады. Сонда қолбасшылар мен диқандар түрік патшасының алдына барды — ол патшаның аты Қарожурин түрік болып, ұлықтығынан оған Бийоғу деп лақап берген еді — және Бийоғудан шағым-арыздарына құлақ асуын сұрады. Бийоғу Шерикишвар

атты өз ұлын көп әскермен жіберді. Шери кишвар Бұхараға келген соң, Байкентте Абруйді тұтқынға алды.

Шери кишварға бұл уәлаят ұнап қалып, әкесіне хат жіберді де, одан бұл уәлаятты талап етіп, Бұхарада тұруы үшін рұқсат беруін өтінді. Бийоғудан: «ол уәлаятты саған сыйладым», деген жауап келген соң, Шери Кишвар Хамукетке адам жіберіп, Бұхарадан қашып кеткен кісілерді әйелі және бала-шағаларымен Бұхараға қайтарады... Шери кишвар Бұхара қаласын құрды. Ол жиырма жыл патша болып тұрды. Одан кейін болған басқа патша Искажкат, Шығыс пен Ромтин қыстақтарын құрды, одан соң Фарахши (Варахша) қыстақтарына негізін қалады.

Әбу Бәкір Наршахидың «Бұхара тарихы» кітабынан

Абруй көтерілісі, суретші В.С. Кайдалов





Ой жүгірту үшін

Тағы да көңіл аударарлық нәрсе, сол дәуірлерде ұлы ата-бабаларымыз өз ұрпақтары жайында да әрдайым қамқорлық жасап келген. Сондықтан балалар 5 жасқа толысымен оны білім алуға жолдап, бастапқыда, сауатын ашуға және есеп-хисапты үйренуге жұмылдырған. Ал балалар кәмелеттік жасқа жеткенде, оларды дүние тану, сауда жұмыстарын үйрену үшін арнаулы өкілдер демеушілігінде шет елдерге жіберген.



Шығармашылық жұмыс

1. Тұранға көрші аумақтар мен Еуропа халықтарында білім алу үдерісі қалай қалыптасқан еді?
2. Соғдылар өз балаларының алақанына теңге қойып, тіліне бал жағып қою әдетін орындаған? Оның себебі неде деп ойлайсың?



Мәлімет үшін

Түрік қағандығында түзілген қылмыстыққа қарсы заң құжаттары қолданылған. Жасалған қылмыс үшін жазаның негізгі түрлері – өлім жазасы, адам мүшелерін кесіп тастау, шығынды төлеу, мал-мүлік түрінде табан төлеуден құралған еді. Деректердің мәлімет беруі бойынша, өлім жазасы мемлекетке қарсы қылмыстар үшін (бүлік көтеру, сатқындық) және әділетсіз немесе қасақана адам өлтіргендігі үшін берілген. Ұрлық істеген немесе бұзықтық жасаған тұлғалардың қолы немесе аяғы кесілген. Жеке тұлғаға қарсы бағытталған басқа қылмыстар келтірген зиянды он есе етіп төлеу, жарақат келтіргені немесе мүгедек еткені үшін мал-мүлкімен табан төлеуге мәжбүр етілген.



Шығармашылық жұмыс

1. Ежелгі және орта ғасырларда сен білген тағы қайсы мемлекеттерде қылмыс пен жазалау жүйесіне тиісті заң құжаттары бар еді? Олардың ортақ және айырмашылықтары бар ма?



Ой жүгірту үшін

Сөйтіп, Түрік қағандығы өз дәуірінде кең аумақтарға жайылған ең ірі мемлекет болған. Оның билеушілері Қытай, Иран және Византиямен болған қатынастарда ұзақ жылдар өз ықпалын өткізген. Сонымен бірге, қағандық дәуірі материалдық және рухани мәдениеті, оның құнды үлгілері Тұран жері халықтарының толыққанды тұрмыс салтын өзіне тән сипатта көрсетіп қана қоймай, олар арғы аталарымыздың жоғары шығармашылығы, ізденушілігінен де хабар береді.



Батыс түрік қағандығы теңгесі



Ой жүгірту үшін

XX ғасырдың 60-жылдарында Самарқантта автомобиль жолы құрылысы барысында бульдозер жер тегістеу жұмыстарын жүргізіп жатқанда жер астынан бірнеше үлкен түсті дуал бөліктерін сүріп шығарады.

Оның не екендігін анықтау үшін мамандар шақырылады. Мамандар бұл табылғандарды көріп, тексерген соң құрылыс жұмыстары тоқтатылып, археологиялық қазбалар басталады.

Нәтижеде Афросияб (Ежелгі Самарқант) қаласы үйінділері табылады.

Бірнеше бөлмелер үйінділерінен кейбіреулерінің қабырғаларында түрлі түсті бояулар – темперамен (жұмыртқа сарысына түсті минерал опалары араластырып әзірленеді) істелген қабырға суреттері табылды.

Бұлардың ішінде, әсіресе, бір бөлмеден табылғаны әдәуір жақсы сақталып қалған. Қабырғалар, көтерілген ірге балшық кірпіш пен балшықтан құрылған. Кіреберісте, қарсы бетте таққа ұқсас орындық жайғасқан болса керек, көтерілген іргенің сол бөлігі бөртіп тұрғандығы анықталған.

Бөлме қабырғаларындағы суреттерде патшаның төрелері, Чағанион, Тохаристан, Шығыс Түркістан, Шаш, Чину Мочин, Үндістан және басқа мемлекеттерден келген елшілер, алып келінген ат-ылау, сыйлықтар мен аң аулау сахнасы бейнеленген. Суреттер өте нәзік істелініп, жоғары талғаммен боялған.



Шығармашылық жұмыс



1. Бүгінгі күнде Афросияб атымен аталатын қандай жерлерді және мәліметтерді

білесің?

2. Самарқант аумағы көне грек және рим деректерінде қалай аталған еді?

“Бұл көне қала дүние жүзілік маңызға ие болғаны үшін ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұрасы тізіміне енгізілген және онда «Самарқант – мәдениеттер ұштасатын мекен» деген сөздер жазып қойылған».
Хуберт Гизен, ЮНЕСКО бас директорының орынбасары.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Түрік қағандығының беделі дүние жүзіндегі қайсы мемлекеттердің беделімен тең еді ?

2. Бұл дәуірдегі дүниенің басқа аймақтарындағы мемлекеттердің жасау салты мен мемлекетшілік құрылымы қандай еді? Тобыңмен Дүниежүзі тарихы сабағынан алған білімдерің мен қосымша мәліметтер негізінде ақпарат әзірлеуге әрекет ет. Өзіңе ұнаған мемлекет туралы көбірек мәлімет бер.

12–13-тақырыптар:

ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Түрік қағандығы дәуірінде қайсы аумақтар өз тәуелсіздігін сақтап қалды?
2. Ферғана, Соғды, Шаш, Тахаристан, Хорезм уәлаяттарын картадан көрсетіңдер. Не себептен бұл уәлаяттар өз тәуелсіздіктерін сақтап қалған?



Ой жүгірту үшін

V–VII ғасырларда Түрік қағандығы бірнеше әкімдіктерге бөлініп, 15-тен астам дербес әкімдіктер пайда болады.

Түрік қағандығы бастапқы басқару жылдарында жергілікті басқару жүйесіне түпкілікті өзгерістер кіргізбегенін, жерді меңгеруде көптеген жергілікті түркілердің қызметімен де түсіндіруге болады. Бірақ түрік қағандығы екіге бөлінген соң, Батыс Түрік қағандығы бұл мәселеге аса мән берді. Бұл дәуірде әкімдік реформалар сол қағандық пен жергілікті басқару жұмысын сәйкестендіруге бағытталды. Сондай-ақ, қағандық түркілерінің отырықшы өмірі мен өзіне тән мемлекетшілік дәстүрлері эфталилер дәуіріндегіден өзгешелігі болған.

Түрік қағандығының жергілікті әулеттер басқаруын сақтап қалудан мақсаты отырықшы өлкелерде саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономикалық дамудың өсуінен тоқтамау және әскери жағынан оларға көмектесу болған.

Бұдан тысқары, жергілікті билеушілердің көпшілігі Түрік қағандығы билеушілерімен жақындасу, туысқандық байланыстарын орнатқаны қағандық дипломатиясының шеберлігін арттырған.



Ой жүгірту үшін

Тахаристанда 27 тау және тауалды уәлаяттарынан құралған дербес әкімдіктер болған. Оның астанасы Балх қаласы еді. Қазіргі Оңтүстік Өзбекстан мен Оңтүстік Тәжікстан, Солтүстік Ауғанстанды қамтып аңғары бұл тарихи уәлаят солтүстікте Хисар таулары, оңтүстікте Хиндикуш, батыста Мұрғап пен Херируд алқабы, шығыста Памирмен шектелген.


Тахаристан халқының негізгі бөлігі отырықшы диқаншылықпен шұғылданған. Қолөнершілікте, әсіресе, қару жасау, шыны өндіру, тоқымашылық өркендеген. Тахаристан Үндістан, Таяу және Қиыр Шығыс мемлекеттерімен сауда-мәдени байланыстар орнатқан, өз шақа-теңгелері ішкі сауда айналымында жүрген.

Тахаристанға тиісті қамал көрінісі



Шығармашылық жұмыс

1. Тахаристан Үндістан, Таяу және Қиыр Шығыс мемлекеттерімен сауда-мәдени байланыстар орнатқан. Аумақта қайсы мәдениеттердің ықпалы күшті болған деп ойлайсындар?
2. VI–VII ғасырларда қайсы уәлаят немесе қалаларда дербес әкімдіктер басқаларға қарағанда көп болған және бұның негізгі себебі неде?



Көне Варахша сарайының заманалық реконструкциясы




Ой жүгірту үшін

Дербес әкімдіктер арасында ең ірісі **Соғды ихшидтері** – аңғар билеушілері еді. VI–VII ғасырларда мемлекеттер бірлестігі одағында Соғды ихшидтері үлкен саяси беделге ие болған. Зарафшан аңғарында жайғасқан Самарқанд, Бұхара және Қашқадария алқабындағы Кеш уәлаятының он бір ірі әкімдіктері бірігіп, олардың әрқайсысы өз әкімі, әскери чокарлары мен мыс ақшасы бірлігіне ие еді.

Соғдыда халық көп болып, соғдилар диқаншылық және бақ өсірумен шұғылданған. Шаруашылықта Соғдының хисары қойлары мен тұлпарлары танымал болған. Соғды қалалары бұл дәуірде қолөнершіліктің орталығына айналады.

Самарқандты астана деп белгілеген Соғды Қанғ мемлекеті дағдарысынан кейін тәуелсіз мемлекетке айналған. Соғды Түрік қағандығы мен Батыс түрік қағандығы вассалы болса да, өзінің ғасырлық жергілікті әкімдік басқаруын сақтап, түркі басқару дәстүрлерімен байыды. Түркі мемлекет басқаруында туысқандар арасындағы да үстемдік пен қағанның дербес билігі Соғдыда қалыптасқан ежелгі демократиялық қағидалардан өзгешеленеді. Чжоу отбасы мен «он оқ» әулеті өкілдері Соғдыда мемлекетті патша арқылы емес, бәлкім ірі диқан, саудагер және қала шенеуніктерінен құралған. Ақсақалдар Кеңесі



Ой жүгірту үшін

жоғары мекемесі арқылы басқарған. Ақсақалдар Кеңесі патшалық — ихшидтік әкімдігін шектеп қойған еді. Ихшидтер Ақсақалдар Кеңесі алдында есеп беріп отырған. Қаған Тон ябғу (618-630) әкімшілік реформалары да дәстүрлі жергілікті басқару қағидаларын дерлік өзгертпеді, керісінше тудундар, тархандар арқылы оны нығайтты. Олар өз міндеті шеңберінде экономикалық жағдайды бақылау, салықтар жинау, әскери мәселелерді шешу және қағандықпен тығыз байланысты қамтамасыз етуге қызмет етті. Бұл саяси және экономикалық тұрақтылық және даму кепілдігі болып қалды.

Ферғана билеушілері «ихшид» деп аталған. Ферғана жерлері аса өнімді болып, халқы диқаншылықпен күн кешірген, мақта мен салы еккен. Косон, Ахсикат (Хушкат) және Қува (Қубо) сияқты ірі орталық қалаларында қолөнершіліктің түрлі салалары дамып, олардың өнімдері ішкі және сыртқы базарларда сатып алушылары көп болған. Көрші мемлекеттерге бояу, реңді шыны бұйымдар және дәрі-дәрмектер шығарылған.

Ферғана алқабында отырықшы халықпен бір қатарда шаруагерлер де жасаған. Құрама және Қарамазар таулары баурайларында ежелден жылқышылықпен шұғылданған. Бұл алқапта көбейтірілген тұлпар аттардың даңқы дүние жүзіне таралған.



Шығармашылық жұмыс

1. Ферғананың «ұшар аттары» туралы қосымша деректерден мәліметтер жинап, оларды сыныптастарыңмен талқылаңдар.
2. Неліктен «ұшар аттар» дегенде әрқашан Ферғана аттары еске түсетінін топтарға бөлінген халде дәлелдеп беріңдер. Оның бүгінгі күндегі маңызын түсіндіріп беріңдер.

Шаш (Ташкент алқабы) Шыршық пен Ахангаран алаптарындағы диқаншылық пен көшпелі шаруагерлердің аумақтары қиылысқан аймақта жайғасқан. Шаш Жібек жолының солтүстік-шығыс бағытында стратегиялық маңызға ие болған аумақ болып есептелген. Алдын Шашта отырықшы жергілікті халықтың мекенжайлары пайда болған болса, VI–VIII ғасырдың бас кездерінде олардың саны орасан артқан.

Ал Түрік қағандығы дәуірінде түркілер аңғарда жетекші күшке айналды. Бірақ аңғардың түркі билеушілері мемлекет істерін жүргізуде соғды тілі мен жазуынан пайдаланған. VII–VIII ғасырларға жататын теңгелерін де соғды жазуы мен тілінде соқтырған. Бұл ғылымда *түрік–соғды үлгісіндегі теңгелер* деп қолданылады.

Шашта соғды тіл мен жазу ретінде қолданылуы Қанқа қаласы үйіндісінен табылған сазбалшықтан жасалған ыдысындағы жазуларда көрінген. Бұл аңғардың VI–VIII ғасырлардағы этникалық бейнесін де көрсетеді.


Ұлы жібек жолы Қанғ мемлекеті дәуірінде сауда керуендері арқылы үлкен аумақтағы патшалықтар мен қалаларды, атап айтқанда Соғды мен Шашты өзара байланыстырған болса, Эфталилер дәуірінде Шаштың Жібек жолындағы маңызды стратегиялық мәні кемімейді. Сондықтан, Сасанилер патшасы Хусрав I дің эфталилерге қарсы күресі баяндалған деректе, Шаш Ферғана сияқты эфталилердің шекара аумағы ретінде келтірілген. Бұл дәуірде Шаш Соғды және басқа патшалықтар сияқты өзінің дербес ішкі және сыртқы саясатын жалғастырған .

Я.Ф. Буряков,
«Алғашқы орта ғасырлардағы Шаш тарихынан»

Шашқа соғдылардың кіріп келуі, жергілікті халықтардың отырықшы болып, зардуштилікті қабылдауына себеп болған. Шаш көптеген діни конфессиялар ұштасқан аймақ болғандығы үшін бұл жерде жергілікті түріктердің тәңрішілік, христиандықтың несториан ағымы, монилік сияқты діндер де таралған .

«Chochты» арабтар «Шош» деп атаған. Өйткені араб әліппесінде «ч» әріпі болмаған.

Чағанион мен Шаш елшілері Соғды билеушісі Вархуман құзырында. Афросиаб үйінділерінен табылған



Ой жүгірту үшін

VI ғасырдың екінші жартысынан Шашта Түрік қағандығы үстемдігі орна-тылып, аңғары халқының этникалық құрамында түркилердің салмағы шұғыл артты. Жергілікті түр-ки тілді халық қағандық өкілдері сияқты «түрік» деп аталады. Шаш вассал патшалық ретінде Истами ябғу-қаған тәуелділігінде, қаған-дық екіге бөлінген соң, Батыс Түрік қаған-дығы құрамында болды. Қаған Шашқа әкім етіп Тегин Тянчжиді тағайындайды. Тегин Тянчжи Батыс Түрік қағандығы жасаған экономикалық және саяси еріктілігінен пайдаланып, Қытаймен дипломатиялық байланыс орнатты.

Тегиндер әулеті Шашты басқарды. Шаш әкімдік басқаруында тегиннен (ханзада, тақ мұрагері) кейін салық жинау бойынша бақылау-шылар – *тудундар* тұрған. Батыс Түрік билеушісі Тон ябғу өз ордасын Шаш маңындағы Мыңбұлақ мекенжайына көшірген.





Шығармашылық жұмыс

1. Ұлы жібек жолы кең жайылған аумақтарды карта түрінде дәптеріңе көрсетіп бер. Әрбір оқушы өзі шекаралап сызып шыққан картасын сабақтың соңында сыныптастарымен талқылайды.
2. Ұлы жібек жолының негізгі тауар өнімдері тізімін түзіп, олардың ішінен бүгінгі күнде де ең қажетті тауарлардың астын сызып шық:




Шаш теңгелері,
625–725-жылдар



Туңябғу басқаруында реформалар өткізіп, бағынышты өлкелерге өз өкілдері – *елтабар* (ел (мемлекет) басқарушыларды) жіберді. Түсетін салық бақылауын тудундар арқылы іске асырды. Бұл дәуірде астананың көшірілуі саяси және экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік берді және Жібек жолында сауда бақылауы және сауда ісінің жандануын қамтамасыз етті. Аңғарда диқаншылық пен қолөнершілік өркендеп, көптеген мекенжайлар, бекініс пена қалалар бой көтерді. Мемлекет сыртқы саудада *Лашкарак күмістері*, *Тункет пен Тоқкет металын*, көгілдір ақықтарын сыртқа шығарады. Ішкі базар үшін де теңгелер соғылды. Шаш аумағында Батыс Түрік қағаны Тарду қағанының – атымен нақышталған теңгелері, кейінірек Тон ябғу қағанның – «*ябғу-қаған ақшасы*» деп аталатын теңгелері айналымда болған.

Бұл теңгелердің өзіне тән ерекшелігі соғды жазуында болғаны еді. Түрки әкімдердің соғды жазуындағы теңгелерді айналымға қосқаны экономиканың өсуі мен халықаралық сауданың дамуына жәрдем берген. Атап айтқанда, Шаш саудагерлерінің соғды тужжорларымен (саудагер) сыртқа өнім алып шығып, шетелде бір ұжым болып жасаған. Бұл сауда байланыстары қағандық қазынасына табыс келтіргені үшін қағандық өз аумағында барлық саудагерлерді қорғаған.

V–VII ғасырларда Тұранда, бір жағынан, жерге иелік ету қатынастары орнатылды және нығая түсті. Екінші жағынан, көшпелі шаруагерлердің тынымсыз қарқынмен кіріп келуі және олардың отырықтануы байқалды. Бұл факторлар қала мен қыстақтардың көрінісі және халқының тұрмыс салты мен әлеуметтік жағдайына салмақты ықпалын тигізді.



Шығармашылық жұмыс

Неліктен V–VII ғасырларда болған және дамыған мемлекеттердің мөрлерінің алдында патша және арқасында өз дәуірі үшін маңызды болған бұйым немесе жануарлардың суреті салынған? Бұның өз дәуірі үшін тарихи маңызы қандай болған?

Зәңтөбе қамалы






Ой жүгірту үшін

Егістік жерлер кеңейіп, диқаншылық алқаптарының сумен қамтылуы түпкілікті жақсарды. Тау алды алаңдарға су шығарылып, жаңа жерлер игерілді. Қалаларда адамдар көбейді. Қыстақтарда «кошк», «сарай», «қорған» және «қорғанша» деген аттармен даңқы шыққан бекіністі тұрғын үйлер бой көтерді.

Қамал сарайлар, қорған мен кошктер негізінен сыртқы дұшпан шабуылына қарсы қорғаныс құрылымы, әскерлер жиналатын орын, әкімшілік орталық және азық-түлік пен қару-жарақ сақталатын қойма міндетін өтеген.

Орта ғасырларда қалалар үш бөліктен құралған. Олар «кухандиз», «шахристан», «рабад» деп қолданған. Қалалардың үш бөлігі де жеке-жеке қабырғалармен қоршалған. Олардың бірнеше қақпалары болған. Қала қабырғаларын бойлай ағып өткен канал окоп міндетін атқарған.



X ғасырда жасаған араб авторлары (Ибн Хавқал мен Иштахри) атап өтуі бойынша, тек бір ғана Бинкаттың (Ташкенттің) жиырмалы екі қақпасы болған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

Төмендегі кесте негізінде Тұран аумағында жасаған халықтардың халықтың тұрмыс салтын, Еуропа мен Шығыстың басқа мемлекеттеріндегі өмірімен салыстыр.

Қоғамның түрлі салалары	Тұран аумағында	Еуропа халықтары	Славян халықтары	Шығыс Азия: Қытай, Корея, Жапония
Мемлекетшілік формаларының бар болғаны және дамығандығы	Африғилар, кидарилер			
Заң құжаттары				
Қалалары				
Діни нанымдары				
Экономикалық сала				


14-15 тақырыптар:

ТҰРАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Мемлекеттің болуында әскерлердің орны қай дәрежеде маңызды деп ойлайсың?
2. Әскери жасақсыз мемлекет бола алады ма?



Ой жүгірту үшін

Тақырыбымыздың негізгі бөліміне өтуден алдын «Тұран» деген атаудың тарихымен қысқаша танысып аламыз. «Тұран» деген атау алғаш «Авестода» тілге алынған. Тарихшылардың пікірінше, турлар (түріктер) арий халықтарының тармағы болып саналған. VI ғасырда аумағы Түрік қағандығына өтуіне байланысты бұл екі атау үйлесіп, Тұран атымен түріктерге қатысты берілетін болды.

«Тұран» немесе «Түркістан» дегенде, Әмудария мен Сырдариядан солтүстікте, сонау Шығыстағы Ұлы Қытай қабырғасына дейінгі болған түркілер мемлекеттері түсініледі.

Бұл жер (Мауереннахр) халқының ұғынуынша, Жайхунның арқасынан Шығысқа қарай созылып жатқан жерлер Тұран, ал Батысқа қарай созылып жатқан жерлер Иран деп аталады. Кайкавус пен Афросияб бұл мемлекеттерді өзара бөлгенде Тұран Афросиябқа, ал Иран Кайкабодұлы Кайкавусқа тиген».

Ибн Арабшах

Дүниежүзі әскери өнерінің дамуында түркі халықтары өзіне тән орынға ие. Араб жазушысы Жоһиз түркі халықтарының қасиеттері туралы жазылған «Маноқиб ал-атроқ» шығармасында «сасани-парыстар барлық халықтардан мемлекетті басқару саласында, қытайлықтар — қолөнершілікте, гректер — ілім-ғылымда, түріктер — әскери істе жоғары», — деп жазады.



Шығармашылық жұмыс

Бірге талқылаймыз: төрт топқа бөлініп, араб жазушысы Жоһиздың пікірлерін талқылаңдар. Неліктен төрт халық дәл осы салаларда жоғары болған? Пікіріңді дәлелдеуге әрекет ет.

Сасани-парсылар — мемлекетті басқару саласында

Қытайлықтар — қолөнершілікте

Гректер — ілім-ғылымда

Түріктер — әскери істе



Шығармашылық жұмыс

Эфталилер мен Түрік қағандығы дәуірінде әскери өнердің дамуына қандай қажеттіліктер себеп болған деп ойлайсың?

Түркиялық ғалым профессор Усман Тұранның «Түркі халықтар идеологиясы» атты кітабында сипаттауы бойынша, түркілер:

Тұлпардан бірінші болып, соғыс құралы ретінде пайдаланған.

Ер-тоқым, үзеңгі және тізгін сияқты саймандарды ойлап тапқан.

Чиндіктер түріктерден атқа мінуді, ұзын қылыштан пайдалануды және жауынгерлік киім жасауды үйреніп алған.


Шатыр-монша және ауруханаларды ойлап тауып, оларды әскерлермен бірге атта алып жүрген.

Түріктер өмірлерін ат үстінде өткізген: олар ат үстінде тамақтанатын, кеңестер өткізетін, және де шайқасатын еді.

Дауылдай пайда болып, құс сияқты бір сәтте көзден жоғалады, деп сипатталған.



Ой жүгірту үшін



Тұран аумағы жыл санауда V ғасырда эфталилер құрамына кірген. Эфталилер мемлекетте кушондар саясатын жалғастырып, Орта Азия, Шығыс Иран, Солтүстік Үндістан және Шығыс Түркістан халықтарын бір мемлекетке біріктірген. Эфталилердің көпшілігі мықты салт аттылардан құралған әскерге ие болған. Эфталилер соғыста негізінен шоқпарлардан пайдаланған. Сондай-ақ, садақ пен қылыштар да қолданылған.

Демек, мемлекетіміз халықтары әскери саясат жүргізу, әскерлердің жауынгерлік дайындығын арттыру, қару-жарақтар жасау және олардан пайдалану, қорғаныс құрылымдарын құру сияқты салаларды үздіксіз жетілдіріп отырған. Түрік қағандығы дәуірінде әскери өнер дами түскен. Әрбір ғибадатхана қасында құрылған білім беру орында-

да.

Түрлі дәуір мен

халықтардың әскерлері:

- 1 – Қорасан ауыр салт аттысы (VII ғасыр);
- 2 - Тұран түрік әскері (VIII ғасыр);
- 3 – араб жаяу әскері (VII ғасыр);
- 4 - Парсы салт атты садақшысы (VII ғасыр).

Бұл дәуірде Соғдиана, Тахаристан, Ферғана, Хорезм және Шаш сияқты дербес әкімдіктер де өз әскери жасағына ие еді.

рында жігіттерге атта еркін жүре алу, қылышпен соғысу өнері, садақтан оқ ату, шоқпарды қолдану әдістері, күреске түсу, тас ату сияқтылар үйретілген.

Бұл дәуірде тек жігіттер ғана емес, сондай-ақ қыздарда да шабандоздық, садақ ату сияқты дағдылар жетілдірілген.

Қағандық армиясының негізгі бөлігі салт атты жауынгерлерден және бір бөлігі жаяу әскерлерден құралған. Жауынгерлер шынжырлар қапталған соғыс киімдері, сауыттар киген. Олар қалқан, ұзын және жіңішке найза, жауынгерлік балта және садақпен қаруланған.

Бұл дәуірде кескілейтін қарудың жаңа түрі – қылыш пен дудама, ұзын және ауыр қылыш – алдаспан пайда болған. Әрбір атты жауынгер ықтиярында кем дегенде екі немесе үш ат болған. Бұл шаршаған аттарды шаршамаған аттарға алмастыру мүмкіндігін берген. Ат та тісті абзалмен қорғалған. Түрік қағандығы армиясы түрлі бөлімдер – ондық, жүздік, мыңдық, он мыңдық — түмендерден (құрамында он мыңнан астам болған әскери бөлім) жиналған.






Ой жүгірту үшін

Әрбір түмен өзінің жалауына (нышанына) ие болған. Сол нышан ұзын найзаға қасқыр немесе басқа бір жануардың алтын суы жүргізілген басы және аттың жалымен орнатылған.

Түрік жауынгерлері қатаң тәртіпке үйренген және олар өз дәуірі үшін жеңілмес күш боп есептелген. Шабуыл әдетте күтілмегенде басталған. Соғыс тағы анықтық, епшілдік және шұғыл әрекеттер жеңісті қамтамасыз еткен. Олар жалғаннан шегіну сияқты әскери тактика тәсілінен кең пайдаланған. Қорғану кезінде айналу әдісін қолданған. Соғыс тактикасында дұшпанның негізгі күштерін екі бөлік немесе бірнеше бөліктерге бөліп қырып жойған.

Тұран әскери өнерінде ауыр қарулардан атты әскерлер – атты әскерлер және оларға тән соғыс жүргізу тәсілдері V–VI ғасырларда да шешуші маңызға ие еді. Түркі атты әскерлердің үзеңгіні ойлап табуы атты әскерлердің ат үстінде мықты отыра алу және ауыр қарулармен қарулану мүмкіндігін берген. Жасақтар ауыр қаруланған әскерлерден тыс жеңіл қаруланған атты және жаяу әскерлерден де құралған. Қалаларда маманданған қару-жарақ ұсталары жұмыс жүргізген. Жауынгерлердің құралдары да жетілдірілген. Қару жасайтындар жасаған қорғаныс сайманы жауынгерде бастан аяғына дейін қорғаған.

Соғды жауынгерлері туралы қытайлық саяхатшы жазған естеліктерінде төмендегі мәлімет бар: «Самарқант әкімінің тайпасынан болған көпшілік жауынгерлер ержүрек және қайратты болып, өлімді елемеген. Соғыстарда ешбір қарсылас оларға төзе алмаған. Олар соғыс барысында қару-жарақтың барлық түрлерінен шеберлікпен пайдаланған».



Шығармашылық жұмыс

1. Қытайлық саяхатшының тән алуы саған қайсы қаһармандарды есіңе түсіреді?
2. Соғды жауынгерлерінің қарулануына тиісті болған мәтінге негізделіп, бұл дәуірде қолөнершіліктің қайсы бағыты маңызды дамуына пікіріңді білдіріңдер.

Жауынгерлердің басымдығы екі жақтама өткір тісті қылыштарында болған. Сауыттары да ұзын, әскерлердің алды мен артында кесіктері бар былғары бөлектері қорғалған. Аяқ пен қолдарын қорғау үшін арнаулы металл бөлшектерінен әзірленген сауыт киген. Қорғану құралдарынан бірі — дулыға темірден жасалған. Дулыға желкеде асылған тісті құлапарамемен бір болған.

Бұл дәуірде қалалар, қамалдар және басқа құрылымдар қорғаныс мақсаттарына сәйкестендіріп құрылған. Тұран халықтары өз қамалдарын іскерлікпен қорғаған. Ірі диқандардың Хорезм, Соғды және Тахаристаннан табылған үй-қорғандары мұнаралы қорғаныс қабырғалары және садақтан оқ атуға арналған жасырын орындарға ие болған. Қорғанға кіретін жердің қарама-қарсысында хабар беруші күзетші мұнара бой көтерген. Қала төңірегіндегі шұқырға су толтырылып, оған көтерме көпір арқылы ғана өту мүмкін болған. Қорғандарды найзамен қаруланған жауынгерлер қарауылдап тұрған. Қауіпті хабар болғанда жауынгерлер қабырға мен мұнаралардағы өз орындарына асыққан. Дұшпандар қамалға кіру үшін шұқырды көмулері, қақпаны бұзуы тиіс болған. Қамалды қорғаушылар қабырғадан тұрып олардың басына тас лақтырған, қайнаған су құйған, найза, садақ оқтарын жаудырған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Бұл дәуірде Еуропа мен басқа Шығыс мемлекеттерінің әскери көріністері қандай еді?
2. Неліктен Тұран аумағындағы әскери қару-жарақтар дүниеге танымал және кең таралған еді?
3. Жоғары сапалы шабуыл жасағыш және қорғану құралдарын жасап шығарушы арнаулы орталықтар ашу үшін қандай білімдер керек болады?

15–16-тақырыптар:

VI–VII ҒАСЫРЛАРДА ТҰРАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІ

Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

Алдыңғы сабақтарда алған білімдерің негізінде төмендегі сұрақтарға жауап беруге әрекет ет:

1. Керуен жолдары арқылы Түрік қағандығына қайсы мемлекеттердің мәдениеттері кіріп келген және олардың ықпалы қандай болған?
2. Ежелгі тарихымыздан хабар беретін ең көне жазба дерек туралы мәлімет бер. Дерек қайсы тілде жазылған? Ол мемлекетіміз аумағында ежелгі халықтардың мәдениеті дәрежесін белгілейді ме? Мысалдар келтір.
3. Адамзаттың мәдениетін белгілеу үшін қандай шараларға мән беріледі? Мәдениет дәрежесі нелермен өлшенеді? Берілген суреттер негізінде дәуір мәдениетін бағала.





Ой жүгірту үшін

Мемлекетіміз тарихында білім беру жүйесінің дамуы ұзақ тарихи үдеріс болып, жазудың пайда болуымен бұл үдеріс жеделдей түскен. Ежелгі тастағы жазулар, тері, сазбалшық, ағаш (тақта) және кейінірек қағаздарға түсірілген мәліметтер білім беру тарихынан ақпарат беретін дерек боп есептеледі. Археологиялық табылулар, қолжазбалар, Бехустун жазулары және басқа жазулардың барлығы, сауда байланыстарын осы аумақта білім берудің даму дәрежесін көрсетеді. Тарихымыздан дерек беретін ең көне жазба дерек «Авестода» тек қана діни емес, сондай-ақ, дүниелік білімдер, тарихи оқиғалар және рухани-ағарту көзқарастар туралы мәліметтер жиналған.

Хорезмдегі Жонбошқала мен Топыраққаладан табылған зардуштилердің ғибадатханасы көңіл аударарлық құрылымдардың ішінде қос қабырғалармен қоршалған және ішкеріде айналма жолағы болған тік бұрышты құрылым болған. Бөлмелерден теріге және ағашқа жазылған түрлі мазмұндағы құжаттар мен үлкенді-кішілі шағын ескерткіштер табылған. Ал, бұл ғибадатханаға ұштасқан ғимараттарда білім беру мекемелері, құқық кеңселері, әкімшілік-шаруашылық жұмыстарымен айналысатын орындар болғанын білдіреді.

Хорезмде ұл балаларға оқу, жазу, есеп-хисап үйретілген. Сондай-ақ, оларға география, зоология, ботаника, астрономия, инженерлік, дәрігерлік және сәулеткерлік сияқты түрлі пәндерден білімдер берілген.



Аң аулау көрінісі бейнеленген мыс ыдысы. Эфталийлер дәуірі, V ғасыр. Пәкстаннан табылған.




Шығармашылық жұмыс

Жоғарыдағы аң аулау көрінісі суретіне қарай, кішігірім эссе жазыңдар.



Мониялардың соғды тіліндегі діни кітабы үлгісі



Шығармашылық жұмыс

1. Кез келген бір шет тілі мен жазуды меңгеру үшін саған қандай жағдай және жабдықтар керек? Мысалы: оқулық, карта, лингофон...
2. Әрбір ірі қала мен уәлаяттарда білім беру тарихынан ақпарат беретін деректерге назар аударғанда, алдымен қайсы мәліметтерге сүйену керек болады?





Зардуштилик динине тиісті
Чилпик қамалы (Әмудария ауданы,
Қарақалпақстан)



Ой жүгірту үшін

Мемлекетіміз аумағында жасаған халықтар тәңірішілік, зардуштилік будда, христиандық және басқа діндерге наным білдіргенін жоғарыдағы тақырыптардан біліп алдыңдар. Бұл діндердің ғибадатханаларында арнаулы мектептер болып, білім алушыларға негізінен дін негіздері үйретілген. Хат-сауаты шығарылған. Оның ішінде, буддалық ілімімен байланысты дәстүрлер зерттелгенде, әрбір ғибадатханада сопылар (монахтар) даярлайтын білім беру мекемелері болғандығы анықталған. Мысал үшін , буддалық оқу мекемелері – вихараларда негізгі пән ретінде Дахарма, яғни діни заң-ережелер және құдайдың мәні мен еркі (құдайшылдық) туралы білім берілген.

Еврейлер Ассирия қуғындарынан Иранға, Самарқант пен Бұхараға көшіп келеді. Еврей ұжымдарымен бірге ежелгі Месопатамияның мәдениеті де кіріп келеді. Еврейлер ғибадатханаларының қасында діни оқу үйретілген мектептер құрылған. Тұран аумағынан өткен сауда жолдарында ең қымбат бағалы тауар бұл жазу материалдары мен кітаптар болып саналған.



V ғасырда Самарқант пен Бұхарада христиан діні таралып, діни мекемелер құрылған. Христиан діні оқу мәселелерінде «Перзенттеріңіз Масихидің тәрбиесін алсын; олар Құдай алдында қанша қарапайымдылық, Құдай алдында күшті сүйіспеншілік нені білдіретінін, Құдайдан қорқу қаншалық әсем және ұлы екенін әрі онда пәк ақылмен жүргендерді құтқаруды үйренсін», деген қағидаға сүйеніп, сол аумақтардағы ғибадатханаларда мектептер ашқан. Соғдыдағы үлкен несториан ұжымдарының құжаттары соғды тілінде жазылған.




Марв қаласының үйінділері



Тоникүк жазуы, VIII ғасыр. Оңтүстік Монғолстан

Шығармашылық жұмыс



1.Топтарға бөлініңдер де, жаңа түрде алфавит түзіп көріңдер. Ұсыным жасаңдар. Жасаған ұсынымыңды түзген алфавитте жазуға әрекет етіңдер.

2. Қандай ділгірліктер пайда болды?

Топта істеу үдерісінде	Мәтін жазу үдерісінде	Ұсыным жасау үдерісінде

3. Не деп ойлайсыңдар, жаңа алфавитті бүкіл қоғамға енгізу үшін қанша уақыт керек болады, қандай шараларды іске асыру керек? Бұл алфавитті кейінгі ұрпақтар білуі үшін нелерге назар аудару керек?

4. Түрки билеушілерінің мемлекет істерін жүргізгенде соғды тілі мен жазуынан пайдаланғандығының ұнамды және ұнамсыз жақтарын анықтаңдар.


“Мен қаған Тониқұқ Чинда дүниеге келдім. Өйткені ол кезде түрік ұлты Чинға тәуелді еді ... Түрік ұлты немқұрайды болды да біріккен түрік жерінде ұжым жағдайындағы халық қалмаған еді... Бастапқыда Шод (Құтлуғ) маңында қақтығысады. Мен де олармен бірге едім. Тәңірі маған сезгі бергендігі себепті оның қаған болуы үшін әрекет еттім де өзін де қыстадым. Ол: «Тониқұқ менімен бірге болғанда мен Елтарыс (ұлтты жинаған) қаған болайын», дейді. Чиндіктердің бұл таза күшті жою ниетіне түскенін білгенім замат күндіз отырмай, түнде ұйықтамай қағанға шағым жасадым, дұшпандар бірікпей жатып бастырып барайық дедім. Тәңірінің жәрдемімен жауды жеңдік. Қаған мен түрік ұлты Отуканға жайғасуымен Оңтүстік пен Солтүстік, Шығыс пен Батыстағы барлық тайпалар келіп, бізге қосылды».

Тониқұқ жазуы




Ой жүгірту үшін

Түрік қағандығында мәдениет пен өнер де дамыған. Қағандықта өзіне тән жазу да болған. Түріктердің түрки рун (көктүрік) жазуы бірі екіншісіне ұштасып кететін 38–40 әріптерден құралған еді. Ол тас пен ағаштарға ойып жазуға өте қолайлы болған. Көне көктүрік (Күлттегін және Билга қаған) жазулары қабіртастары, балшық пен металл бұйымдар, ағаш және теңге ақшаларда сақталып қалған. Олар Алтай мен Шығыс Түркістаннан тыс, Жетісу, Ферғана және Зерафшан алқаптарынан табылған.



Сұрхан алқабында Балалықтөбе және Зерафшан аңғарында, Панжикент, Варахша мен Афросияб, Ферғана аңғарында Қува үйінділерінен табылған ескерткіштер – қабырға суреттері, ескерткіштер мен ойылған нақыштар сол дәуірдің жоғары өнер туындыларынан болып есептеледі. Олар адамдардың өмірі, діни наным және тұрмыс салты, білімдері мен қызығулары туралы әңгіме ететін дерек болып есептеледі.

Мүсіншіліктің дамуына, әсіресе, будда діні күшті ықпал жасаған.





Шығармашылық жұмыс

1. Суретте соғдылар мен тахарилер берілген. Осы сурет негізінде әңгіме құрастыр. Олар қандай шараны атап өтіп жатыр?
2. Суреттегі киімдерге назар аудар және бүгінгі күнде олардың қайсысы әдет-ғұрыптан қалмаған? Олардың киімдері сенде бүгінгі күндегі қайсы халықтардың ұлттық киімдерін еске салады?



Ой жүгірту үшін

Афросияб, Варахша, Панжикенттегі қазбалардан табылған бұйымдар Тұран халқы мәдениетінен дерек береді. Сарай мен ғибадатхана, тұрғын үй құрылымдары, қабырғалардағы нақыштар, түрлі суреттер, ескерткіштер, ағаш оймакерлігі бұйымдары, Мұғ тауы мен Афросиябта табылған соғды жазулары солардың қатарында.

Бұл дәуірде тоқымашылық өнері жоғары дәрежеге қол жеткізген. Таулы және тау алды аумақтарда жүн, алқаптарда жібек және жіп маталар қолданылатын. Киімдерде бір немесе көп реңді жібектер, сыдырғы немесе нақышты жіп кездемелер, зер қосып тоқылған маталар киімдерде пайдаланатын еді.

Ой жүгірту үшін



Нақыштардағы қияли және геометриялық кескіндер, өсімдік пен жануарлардың суреттері екі-үш немесе төрт реңді болған. Рең кешені қызыл, сары, жасыл, ақ, қара болған. Тұран мата орталықтарында «занданашы» сияқты көк реңді жібек және басқа маталардың шығарылуы жабыстырма тегіс, қынап киімдердің пайда болуына себеп болды.

Ерлердің киімі атқа мініп жүруге қолайлы болып, қысқа кафтан мен көйлектер, кең және биік қонышты етіктерден құралған.

Әйелдердің киімі ерлердің киіміне ұқсас болып, олар көйлектер, кафтандар, бір жақтама қайырмалы жамылғылар еді. Олардан тыс, шлейфті ұзын көйлек, кофта, юбка және тондар да киетін. Сыртқы киімдерінің (кафтан, жамылғы және тон) ұзындығы тізеге дейін болған. Киімнің жағасы, етегі, алды, жеңнің ұшы басқа реңді матадан тігілген жиекпен безендірілетін. Әйелдердің киім ансамблінде жейделер, кофталар, тік кескінді юбкалар мен ұзын көйлектер болған.

Тұранда денеге жабысып тұруына қолайлы өткізбелі жеңді киімдер пайда болған. Кафтан мен жамылғылардың әшекейінде кушондар туника секілді көйлек безендірулерінің әсері сезілетін. Жамылғыларда алуан түрлі матадан тігілген жиекті қиықтар болған.

Ерлер мен әйелдер костюмінде тағыншақтар маңызды рөл ойнаған. Олар тұлғаның әлеуметтік жағдайын көрсететін. Әйел мен ерлер сырға, қол-аяқ білезіктерін, маржандарды, белдіктерді тағатын. Тахаристанда тек еркек пен әйел қызметшілер белбау тағатын, ал асылзада әйелдер белін байламайтын еді.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Төмендегі кесте негізінде 4 топқа бөлініп, Тұран халықтарының мәдени өмірінің өзіне тәндіктерін белгіле.

Білім беру жүйесі	Діни нанымдары	Қолөнершілік	Киіну мәдениеті

2. Өз дәуірінде Тұран халықтары мәдениеті дүниежүзі мәдениетіне қай дәрежеде ықпал жасаған еді?

Варахша, қабырға суреті.



17–18-тақырыптар:

VII–VIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ТҰРАНДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

Дүние жүзі тарихы пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. VIII ғасырда дүниеде қандай маңызды өзгерістер болды? Бұл өзгерістердің бүгінгі күндегі маңызы нелерден тұрады?
2. Сасанилер мемлекетін арабтар қашан басып алды? Әлеуметтік-саяси үдерістердің тарих сахнасындағы орнын қалай дәлелдеуге болады?
3. Сасанилер Иранның араб халифалығы әскерлері басып алуының Тұранға ықпалы қандай болған?



Ой жүгірту үшін

Сасанилердің өзара ішкі соғыстары, эфталилер, византиялықтар және түркілермен болған тынымсыз қақтығыстары нәтижесінде Иран халқын әлсіреткен еді. Жергілікті билеушілер де арабтарға қарсы күресте орталыққа жәрдем беруден бас тартты. Нәтижеде Сасанилер патшалығы құлады.

Өз дәуірінің құдіретті мемлекеттерінің бірі болып саналған Сасанилер Иранның Араб халифалығы әскерлері басып алған соң, жаулап алушыларға Мәуераннахрға қарай жол ашылды.

Араб жаулап алушылары үлкен олжалар алу мақсатында Әмударияның арғы жағы — Мәуераннахрға қарай жол алды. Тіпті бұл әрекетке илаһи сипат та берілді.

Сасани әскерлері

Арабтар басқыншылығы Мәуереннахр мен Қорасан тарихында үлкен өзгерістер жасады. Бұған дейін Орта Азия аумағындағы жергілікті әкімдіктер Батыс Түрік қағандығы вассалы болса да, дербес ішкі саясат жүргізу жеңілдігіне ие еді. Күшті орталықтанған әкімшілік жоқ болып, өлке бірнеше патшалықтардан құралған конфедерацияға бірлесіп тұрған.

Атап айтқанда, Соғды мен Тахаристан патшалықтарға, Шаш пен Илақ қағандық вассалындағы жартылай тәуелсіз патшалықтарға, Ферғана әкімдіктерге бөлініп кеткен еді. Уструшона, Чағанион, Кабодион, Хутталон, Рашт, Дарвоз, Бадахшон сияқты өлкелерді де жартылай тәуелсіз патшалықтар ретінде өз әкімдері басқаратын. Патшалық билеушілері ішкі тәуелсіз болғандықтан, өздерін әрқашан да орталыққа бағынышты, деп есептемейтін. Бұл араб басқыншылығына қарсы Мәуереннахр халықтарының бірігуіне кедергі еді. Тек Батыс және Шығыс Түрік қағандықтарының әскери басымдылығы Тұран халқының араб басқыншылығына қарсы күресін ұйымдастыруы мүмкін еді. Сондай-ақ, бұл дәуірде Балх, Хутталон, Чағанион, Шаш, Уструшона және Соғды халқының үлкен бөлігін жауынгер түркілер құрайтын.

Содан соң араб әскерлері түркі әулет басқарып жатқан Тахаристан шекараларына шықты. Арабтарға қарсы парсы, түрік және соғды әскерлері одағы әрекеттеніп, Балхты қайтарып алды.

Марв Тұран (Қорасан) қалалары арасында бірінші болып араб жаулап алушылары басып алған қала еді.

Ол жердегі қазына қолға алынған соң, сасани шеуніктері түріктермен бірігу жоспарына қарсы шығып, түріктерді

«ежелгі дұшпан» деген сылтаумен арабтармен келісуді артық көрді. Ал бұл арабтардың Марвты басып алуына жағдай туғызды. Халифалықтың Қорасандағы өкілі мен Марв халқы арасында келісімге қол қойылды. Түріктердің Балхты тастап шығуы, басқыншылардың Мәуереннахрға жорыққа аттану мүмкіндігін арттырды.

Аймақта арабтарға қатаң қарсылық жасайтын күш те жоқ еді. Өйткені Тан империясының Батыс Түрік қағандығына жасаған шабуылдары батыс түріктерді екі фронтқа күрес жүргізуге мәжбүр еткен еді. Тұран патшалықтары мен Батыс Түрік қағандығындағы саяси жағдайдың нашарлауы арабтардың әскери жорықтарын жеделдетті.

Өз дәуірінің құдіретті мемлекеттерінің бірі саналған Сасанийлер Иранның Араб халифатылығы әскерлері басып алған соң, отаршылдарға Мәуереннахр жаққа жол ашылды.



Ой жүгірту үшін

651 жылы арабтар Марв қаласын, содан соң қазіргі Ауғанстанның солтүстік, Иранның солтүстік-шығыс бөлігі және Оңтүстік Түркменстаннан Әмударияға дейінгі аумақтарды жаулап алады. Арабтар бұл аумақтарды Қорасан деп атаған. Оның орталығы Марв қаласы еді. Бұл уәлаятты басқару үшін арнайы билеуші тағайындалып, ол Марвта тұратын еді.

Арабтар Қорасанда орналасып алған соң, Әмудариядан солтүстікте жайғасқан бай уәлаяттарды жаулап алуға дайындық жасайды. Бұл жерлерді арабтар Мәуереннахр, яғни «өзеннің арғы жағы» деп атады.

Араб қолбасшылары Византия және Иранмен болған соғыстар тәжірибесі негізінде алдын Мәуереннахрдағы жағдайды үйренді және 654 жылы Әмударияның оң жағалауына басқыншылық жорықтарын бастады. Арабтардың жеңіл және ауыр қару-жарақтармен қаруланған күшті салт атты жасағының негізін араб тайпаларының өкілдері, ал жаяу әскерлер құрамын басып алынған халықтардың өкілдері қамтыған.

Мәуереннахрға алғашқы рет шабуылдар 654 жылы Маймурғ және 667 жылы Чағанионнан басталады. 673 жылы күзде араб әскерлері Әмудариядан кешіп өтіп, Бұхара аумағына бастырып кіреді. Пайкент пен Ромитанды қолға алып, Марвқа қайтады. Жол-жөнекей Терміз қаласын да басып алады.

VIII ғасырдың бас кездерінде арабтар Мәуереннахр аумағын толық жаулап алуға кіріседі.

Қорасан наменгері Құтайба ибн Муслим 705-715 жылдар барысында Чағанион, Пайкент, Бұхара, Нахшаб, Кеш, Самарқант, Хорезм, Шаш және Ферғананы басып алады.



1



2

3

Араб әскерлері:
1 – жаяу; 2 – салт атты;
3 – түйекеш



Шығармашылық жұмыс

1. Берілген картадан пайдаланып, арабтар басып алған аумақтардың аты мен жылдарын дәптеріңе жаз.

Аумақтың аты	Басып алынған жылы	Шекарасы	Әлеуметтік құрылымы

2. Картадан қызылмен белгіленген жерлердегі қалалардың атын тап, оларды заманалық атымен салыстыр.



Мұхамед ибн Жафардың баяндауынша, Убайдуллоһ ибн Зиядты халифа Муовия I Қорасанға жіберіп, ол Жайхун (Әмудария) өзенінен өтіп Бұхараға келген кезінде Бұхара патшасы, баласы Тағшада жас болғандықтан, оның анасы елді басқарды. Убайдуллаһ ибн Зияд Пайкент пен Ромитанды басып алып, көп кісілерді тұтқынға алады. Төрт мың бұхаралық тұтқынды жеке өзіне алды. Ол Бұхара қаласына жеткен соң, әскерлерін сапқа тұрғызып, қорған бұзғыш зеңбіректі қалаға бағыттап қойды.

Әмірші әйелі түріктерге адам жіберіп, олардан жәрдем сұрады және Убайдуллаһ ибн Зиядқа да адам жіберіп, жеті күн мерзім беруін сұрады да: «Мен саған бағынамын», — деп, көп сый-тартулар жіберді. Сол жеті күнде түріктерден жәрдем келмеген соң, Убайдуллаһ ибн Зиядқа қайтадан адам жіберіп, тағы да жеті күн мерзім сұрады. (Ақыры) түрік жасағы жетіп келді және басқалар да жиналып әскер көбейді; шайқас көпке созылды, соңында дұшпан жеңіліске ұшырап қашты. Мұсылмандар олардың арқасынан барып, көпшілігін өлтірді. Әйел қамалға кірді, ол (жиналып келген) әскерлерді өз уәлаяттарына қайтты. Мұсылмандар қару, киім-кешек, алтын мен күмістен жасалған нәрселер мен тұтқындардан құралған көп олжаны қолға енгізді.

Олар әмірші елдің бір жұп етігін мен шұлығын тауып алды. Етік пен шұлық алтын (қосып тігілген) және қымбат бағалы тастармен әшекейленген еді, бағалағанда екі жүз мың дирхам тұрды.


Әбу Бакир Наршахи «Бұхара тарихы»



Мәлімет үшін

Араб басқыншылығы түрік-соғды қатынастарын тағы да бір сынақтан өткізді. Арабтар Батыс Түрік қағандығы иелігіндегі аумақтарға шабуыл жасап, өлкедегі ірі және майда патшалықтар арасындағы саяси ыдыраушылықтан тиімді пайдаланды. Түрік қағандары мен Соғды әкімдіктер арасына жікшілдік салып, өзара сенімсіздік оятты. Шығыс пен Батыс Түрік қағандықтары, Соғды, Шаш, Ферғана одағының тұрақсыздығынан да араб басқыншылары пайдаланды. Кейбір әкімдіктердің (Кеш, Насаф, Хорезм) араб жасақтарын қолдап-қуаттауы да басқыншылықтың жеңісін қамтамасыз етті.

Құтайбаның саяси және әскери іскерлігі өз нәтижесін берді. Басқыншылықтың шешуші екінші басқышы жергілікті халықтың басқыншылыққа қарсы түрки мемлекеттер (БатысТүрік, Шығыс Түрік және Түрках қағандықтары) басшылығындағы күресі және Соғдыдағы көтерілістермен өтсе де, Мәуереннахрды исламдастыру үдерісі жалғастырылды.




Шығармашылық жұмыс

Екі топқа бөлініңдер.

Бірінші топ арабтардың Шығысқа, оның ішінде, Мәуереннахрға ұйымдастырған шабуылдары дәуірінде жергілікті халықтың әскери құралдарын жазып шығады, ал екінші топ арабтардың әскери құралдарын анықтайды, олардан не мақсаттарда пайдаланғандығын дәлелдейді.

Екі топ бірге жергілікті халық пен арабтардың әскери мүмкіндіктерін талдау жасады.



Ой жүгірту үшін

Бұл күресте Соғды ихшидтері, Бұхара бухорхудооттары, Кеш және Насаф әкімдері, Шаш тудундары, Ферғана билеушілері (ихшидтері) мен Тахаристан ябғулары бір мақсат жолында бірікті. Әсіресе, түрік-соғды одағының күшеюіне Батыс Түрік қағандығы мұрагері Түрках қағандығы билеушісі, Сұлуханның тұрандықтарға көмек беруі себеп болды.




Мәлімет үшін

Ислам дінінің Тұранға кіріп келуі және таралуы тікелей араб басқыншылықтары және арабтардың көп ғасырлық үстемділігімен байланысты. Тұранға араб халифалығы жорықтары VII ғасырда басталған болса да, өлкені біржола басып алуға ұзақ дәуірлі күрестен соң тек араб қолбасшысы Құтайба ибн Муслим ғана қол жеткізді. Аймақта жаңа саяси күштің пайда болуы нәтижесінде Тұран аумағы екі бөлікке бөлінді: 1) Мәуереннахр («Өзеннің арғы жағы») және 2) Ароди ат-түрік («Түріктер жерлері», яғни арабтарға бағынбаған билеушілердің жерлері). Бұл екі аймақта исламдану үдерісі әртүрлі кеше бастады.

“Инал қағанға араб, тухор шабуыл жасады. Сонда ажырататын тігісі бар дулыға киген соғдоқ халқы барлығы келді. Сол күні шабуыл жасады. Түрік халқы Темір қақпаға дейін, Тинси ұлы жататын тауға жетті».

Тонықұқ жазутасының
45-47 қатарлары



Шығармашылық жұмыс

Мәуереннахрдың исламдануына төмендегі екі шара тікелей өз ықпалын тигізді

Ислам діні Тұранға исламнан кіріп келуінен алдын билеген (ихшид, бухорхудот және басқалар) өз беделдерін сақтап тұрды. Атап айтқанда, олар жергілікті халықты басқару және олардан арабтар үшін салық жинау міндеттерін орындады.


Умави билеушілері (араб халифалары) мемлекеттің ішкі істеріне тікелей араласпастан, жергілікті әулеттерден ұлпан алумен шектелетін. Кейде бұл ұлпан жергілікті халықтан жиналған жизья (басқа дін өкілдерінен жиналатын салық) ретінде қабылданатын еді. Ал бұл кейін келе ислам дінін қабылдаған халықтан жай салық немесе жизья (жан салығы) жинау мәселесінде шиеленістің пайда болуына себеп болды.

Умавилер дәуірінде арабтардың жергілікті халықтың ислам дінін қабылдануына бөгет жасауы байқалды. Өйткені арабтар алғашқы дәуірде талай жеңілдіктерге ие еді. Бұл дәуірдің ережелеріне қарай ислам дінін қабылдаған кісі қоғамда арабтар сияқты жеңілдіктерге ие болатын.

1. Деректерден пайдаланып, Умавилер дәуірі хронологиясын түзіп шық. Мұнда дәл қайсы халифалар Орта Азия әлеуметтік-мәдени өміріне өзіне тән орын қалдырған?

2. Араб халифалығы дәуірінде жиналған салықтар, жиымдар халыққа алып келген әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды тудырғанын негіздеп бер.





Ой жүгірту үшін

Құтайба Ибн Муслим кім болған?

Құтайба ибн Мүслим араб әскер басшысы болып, 704 жылы оны араб халифасы Абдурахман ибн Марвон Қорасанға аймақ бастығы етіп жіберді.

IX ғасыр тарихшысы Мұхамед Наршахидің жазуынша, Құтайба ибн Муслим Шамның Бахила деген жерінде туылған. Оның толық аты-жөні Әмір Құтайба ибн Мүслим ибн Умар ибн Хусейн ибн Робия ибн Халид ибн Усаид Ал-Хайр болған. Оның міндетіне Қорасанда мемлекет істерімен бірге бұл жерде жасайтын халықты Исламға шақыру, мешіт пен медреселер құру жүктелген.

Қытай және араб тіліндегі жылнамалар бойынша, Құтайба ибн Муслим жеке басы қайратты, епшіл әскер басы, әділетті жолбасшы, қиянатты сүймеген, мінезі қайсар және білімді, поэзияға жақын нәзік талғамды адам ретінде бейнеленеді.



Мәлімет үшін

Арабтар Тұран жеріне өз мәдениеттері, әдет-ғұрыптарымен бірге идеологиялық, діни көзқарастарын алып келді. Арабтар бұл өлкеде өздерінің саяси беделдерін нығайту және оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге ерекше мән берді.

Араб халифатының әкімшілігі христиан дінінен тыс барлық діндер (зардуштилік, шамандық және монилік діндерін) жасанды діндер деп жариялады. Мәуереннахрдағы бар діндердің ғибадатханалары бұзып тасталды.


Ислам дінін қабылдап, мұсылман болған жергілікті халық өкілдері бастапқы жылдарда хираж және жизья салықтарынан азат етілді. Ал исламды қабылдамағандар жан салығы – жизья төлеген.

Солай болса да, исламды қабылдаған халықтың көпшілігі сырт көзге ғана мұсылман болып, ұзақ уақытқа дейін жасырын өз діні мен нанымдарында қала берген.


Нәтижеде ислам дінін қабылдаудың жаңа шарттары белгіленді. Онда мұсылман болғандар Құран сүрелерін жаттауы шарт еді. Араб тілі, жазуы және халифалық заң-ережелерінің енгізілуі жергілікті халық арасында наразылықтарға себеп болды.



Шығармашылық жұмыс



1. Хираж және жизья салықтары кімдерден алынған?
2. Соғды ихшиды Гурак пен Панжикент билеушісі Диваштич басшылығындағы әскери әрекеттердің салдары немен аяқталды?
3. Араб әскербасылары мен патшалық диқандары арасындағы туған-туысқандық байланыстарының орнатуылуы нәтижесінде неге қол жеткізілді?



720 жылы Соғды ихшиды Гурак пен Панжикент билеушісі Диваштич басшылығында арабтарға қарсы әскери әрекеттер басталды. Соғдылықтарға жәрдем беру үшін Жетісудан түрік әскерлері келеді. Олар арабтарға қатты соққы береді. Мәуереннахр халқын тыныштандыру және арабтар әкімдігін нығайту мақсатында Қорасанның наменгері Ашрос ислам дінін қабылдағандардан хираж және жизья салықтарын алмауға шешім қабылдады. Бұл халықты тыныштандыруға қаратылған уақытыншалық шара еді. Ақсүйек диқандардың көпшілігі өз чокарлары және кадиварларымен исламды қайтадан қабыл етіп, арабтар жаққа өтеді.

Жоғары мәртебелі араб әскербасылары мен патшалық диқандары арасындағы туған-туысқандық (құда-жекжаттық) байланыстары орнатылады. Мұндай саясат нәтижесінде арабтар мен жергілікті шенеуніктер арасында белгілі дәрежеде одақ пайда бола бастады.





Мәлімет үшін

Араб басқыншылары Мәуереннахрды оңайлықпен қолға ала алмаған. Басқыншылар оны дерлік жүз жыл барысында өте үлкен үлкен күш, қаржы мен жоғалтулардың есесіне басып алған. Негізінде, араб басқыншыларының Мәуереннахрдағы жеңісі халифалық құдіретінің нәтижесі емес, сондай-ақ Тұран халқының дер кезінде дұшпанға қарсы бірлесе алмағандығы, ұсақ патшалықтардың өзін ақтамаған «дербес саясаты» және оларды бірлестіруші күштердің өз ділгірліктерімен айналысып қалғандығы болды.

Арабтар басқыншылығы дәуірінде бүкіл Тұран аймағындағы саяси жағдай күрделі еді. Аймақтың жетекші күштері — Шығыс және Батыс Түрік қағандықтарының әлеуметтік-саяси жағдайы VI ғасырдың соңы — VII ғасырдың бас кезіндегідей тұрақты емес еді. Бұл, ең алдымен Түрки мемлекеттер (Шығыс Түрік қағандығы, Батыс Түрік қағандығы және Түрках қағандығы) арасында бірліктің жоқтығы және олардың Тұрандағы халқына дұшпанға қарсылық көрсетуде ортақ мақсат жолында жұмылдырылу болмағандығымен түсіндіріледі.

Қүдіретті түрік қағандықтары дағдарысы тек араб басқыншылары үшін ғана емес, сондай-ақ ежелгі дұшпан болған Тан империясы үшін де мақұл келді. Өйткені Қытай империялары тұрақты қауіп төндіруші түрки мемлекеттерді жоғалту, ең болмағанда, олардың аймақтағы маңызын түсіру үшін қолайлы сәтті күтіп жатқан еді.

Қытай шабуылдарымен айналысып қалған Шығыстық және Батыстық түріктер араб басқыншыларына қарсы күресте өз одақтас-тарына жеткілікті жәрдем бере алмады.

Арабтар қиыншылықпен, аймақтағы азаттық әрекеттерін сындырды, жергілікті билеуші мен ақсүйектерді өз жағына аударып алды және сол арқылы Тұранды басып алып, өлке халқын исламдандыруға қол жеткізді.

Басқыншылық үдерісінде Араб халифалығы:



Біріншіден, ие болған олжалар есебінен өз қазынасын толтырды, тұтқын мен кепілдікке алынғандар есебіне әскери жоғалтуларды өтеді; екіншіден, өлкені исламдастыру арқылы ежелгі және бай рухани мұра иегерлері мәуереннахрлықтар ислам діні, мәдениеті және ғылым өркендеуі үшін қызмет етуге қосылды.

Арабтар үшін өлкенің географиялық орны аса маңызға ие болған. Ұлы Жібек жолының негізгі бағыты Қытайдан Суғдқа, ол жерден Иран арқылы Жерорта теңізі жағалауларына және араб шөлдеріне алып шығады. Сондықтан да, басқыншылықтың алғашқы басқышы талан-тараждан басталған. Ие болған байлықтардың құны және мөлшері араб әскерлерін таң қалдырған. Өкінішке орай, сол кезде өлкеде бар болған жеке және жергілікті экономикалық ресурстардың мөлшері туралы мәліметтер сақталып қалмаған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

Топтарға бөлініп, алған білімдеріңді төмендегі бағыттар бойынша талдау жасаңдар және қорытындылаңдар. Арабтардың кіріп келуі Тұран аумағында мекендейтін халықтар өміріне қандай әсер етті?

1-ТОП. САЯСИ ӨМІРДЕ

2-ТОП. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРДЕ

3-ТОП. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРДЕ

4-ТОП. МӘДЕНИ ӨМІРДЕ



19–20-тақырыптар:

VIII ҒАСЫРДА ҚОРАСАН МЕН МӘУЕРЕННАХР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

Дүниежүзілік тарихы ғылымынан алған білімдеріңе сүйеніп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Умавийлер әулеті мұсылмандар тарапынан қандай істері үшін айыпталған?
2. Аббосийлер кім және олардың мақсаттары не болған?
3. Қандай тарихи жағдайда аббосийлер әкімшілік басына келген еді?
4. Қорасан аумағына қазіргі қайсы аумақтар кірген?




Мәлімет үшін

VIII ғасырдың 40-жылдарында халифалықта тақ үшін күрес күшейді. Бұл дәуірде билік еткен умавийлерге қарсы жалпы наразылық, әсіресе, халифа Марвон Мұхаммед билік жасаған дәуірде аса күшейді. Бұған хираж салығы мөлшерінің көтерілуі және халықтың тиісті хашарларға мәжбүри қатыстырылуы себеп болды. Умавийлерге қарсы күреске шақыру үшін аббосийлер әртүрлі уәлаяттарға көптеген насихаттаушыларын жібереді. Осындай насихаттаушылардың бірі куфалық Әбу Муслим еді. Ол Қорасанға келіп, халықты пайғамбар (s.a.v.) ұрпақтарын қолдап-қуаттауға шақырды.

Алғаш араб ақсүйектері, одан соң жергілікті диқандар Әбу Муслимді қолдап-қуаттады. Умавийлерге қарсы насихаттаудың нәтижесі тезарада Қорасан мен Мәуереннахр уәлаяттарына кең таралды. Мемлекет халқы халифалыққа қарсы қозғалды. Әбу Муслим жақтаушылары дерлік баршасы қара киім киіп алған еді. Алдымен қара киім қайғы рәмізі, әрі құдіретті күш туы және қиян-кескі ұрыстарда көтерілісшілерді умавий әскерилерден ажыратып тұратын белгіні білдірген.

Әбу Муслим халықты умавийлерге қарсы күреске шақырады. Тезарада Әбу Муслим Қорасанның орталығы Марв қаласын иелейді.



Ой жүгірту үшін

Әбу Муслим басшылық еткен әскерлер халифалықтың орталық уәлаяттары бағытында жол алды және халифалықтың астанасы – Дамаск қаласы қолға алынды. Таққа аббосийлер отбасынан болған Әбул Аббос Саффон көтерілді.

Әбу Муслим Бағдатта мемлекет және әскери күштердің жоғары лауазымына тағайындалды. Бірақ аббосийлер оның халық арасындағы мәртебесінің одан әрі артуына тілектес емес еді. Нәтижеде Әбу Муслим астанадан алыстатылып, Қорасан мен Мәуереннахрға наменгері етіп жіберілді. Халық арасында аббосийлерге қарсы көтеріліс жасау көңіл-күйі пайда болды. Мұндай көтерілістердің бірі Бұхарада болды. Әбу Муслим жергілікті күштер көмегімен көтерілісті әрең бастырады.

Әбу Муслим—сөздің лексикалық мағынасы «мұсылманның әкесі» деп аударылса да, мәні жағынан «ең жақсы мұсылман» дегенді білдіреді.

750 жылы Әбул Аббос Саффон таққа отырады. Араб халифалығында мемлекет әкімшілігі аббосийлердің қолына өтеді.

Шығармашылық жұмыс




1. Әбул Али Саффон таққа кімнің қолдап-қуаттауы арқылы отырды?
2. Неліктен Әбу Муслим астанадан алыстатылып, Қорасан мен Мәуереннахрға наменгер етіп жіберіледі?
3. 751 жылы Тұранда қандай саяси жағдай пайда болады? Бұдан қытайлықтар қандай пайдаланбақшы болды?



751 жылы Талас маңындағы шайқаста тұтқынға түскен қолөнершіліктен хабары бар қытайлық әскерлер өз өмірлерін сақтап қалу мақсатында жергілікті қолөнершілерге қағаз шығарудың қыр-сырын үйретті.

IX ғасырға келіп, қағаз шығару қала қолөнершілігінің ең маңызды салаларына айналды. Біртіндеп Самарқанд қағазы бүкіл Шығыспен батыс базарларды иеленді.



Ой жүгірту үшін

Шығыс Түрік қағандығы Ұйғыр қағандығы тарапынан таратылды. Бұл жағдайда Тан империясының Тұранға қауіпі күшейді. Ферғана ихшиді мен Шаш маликилері арасындағы қақтығыстан пайдаланған Қытай 751 жылы Тұранға жүріс бастады. Әбу Муслим оларға қарсы Зияд ибн Салих басшылығында араб және тұрандықтардан құралған әскерлерді жөнетеді.

Қытай әскерлері тас-талқан етілді. Бұл араб халифалығының аумақтағы беделін арттырды.

Тұранда араб халифалығы мен ислам мүдделері қорғаушысына айналған Әбу Муслимнен қауіптенген. Сондықтан халифа оны сарайға шақыртырды және асып өлтірді. Соның салдарынан Қорасан және Мәуереннахрда аббосийлерге қарсы халық әрекеттерінің удеп кетуіне себеп болады.

Мәлімет үшін



VIII ғасырдың I жартысында Тан империясы Ұлы Жібек жолын иелеу және бұл жолдағы мемлекеттерді өзіне мойынсындыру үшін бірнеше рет соғысқан. Мәуереннахрдағы күрделі ішкі жағдай, Ферғана әкімінің Қытайдан көмек сұрауы бұл жүрістерде сылтау болған. Тан мемлекеті 750 жыл ұлты корейс болған Гао Сяньчи (Гав Шаньцзи) басшылығында үлкен әскер жөнеткен. Бұл әскер ферғаналықтармен одақтастықта Шашты тас-талқан еткен, үлкен олажаға ие болған. Шаш әмірі өлтірілген соң, оның ұлы арабтардан көмек сұраған. 751 жылы шілде айында арабтардың Зияд ибн Салих басшылығындағы әскерлерді Гао Сяньчиннің қытайлар, ферғаналықтар, қашқарлықтар, кучерліктер және қарлуқтардан құралған ірі әскерлермен Талас дариясы бойында кездескен. Талас шайқасы 5 күнге жалғасқан. Қақтығыс кезінде Тан армиясы құрамындағы қарлуқтар арабтарға қарсы күрестен бас тартқан және қытайлық әскерлердің артқы бөлігіне соққы берген. Қытай әскерлерін бүтіндей дерлік тас-талқан етеді. Гао Сяньчи көмекшілері Ли Сие және Дуан Шоушилармен бірге әрең қашып құтылған. Тұтқынға түскен Қытай әскерлері арасынан таңдап алынған қолөнершілер Самарқандқа келтірілген. Олар Самарқандта қағаз шығару өнеркәсібінің одан әрі дамуына лайықты үлес қосқан. Қытайлық қолөнершілер тіпті Месопотамия қалаларына да келтірілген. Талас шайқасы Орталық Азия халықтары тарихында аса маңызды рөл ойнайды. Ол Тан империясының Орта Азия аумағын иелуі жолындағы қатыгез саясатына үзілді-кесілді шек қойған.





Мәлімет үшін



Бүгінгі күнде Самарқанттағы қағаз өндіретін кәсіпорын.

Қағаз негізінен тұт ағашының қабығынан дайындалады. Ақ реңді «Самарқант сұлтан қағазы» өзінің жұқалығы, тегістігі және жұмсақтығымен басқа қағаз сұрыптарынан ерекшеленіп тұратын болса, «Самарқант шайы қағазы» сапасы жағынан одан қалыспайды, реңі аш-сары, науат реңде болады.

«Мірі Ибрагимми» атты қағаз түрі бетінде ақ реңдегі домалақ пішіні сүт тамшы іздерімен қапталған болады.

«Нимканоп» түрі жібек қалдықтары және қабығы талшықтарымен қосылғаны үшін, қоңыр түсте болады. Бұл қағаз түрлерін жасауда шикізат ретінде мақта, жібек және тұт ағашы қабығынан кең пайдаланылады.

Хорезмде жасап шығарылған жібелер, Шаштың балшықты ыдыстары және Самарқант қағаздары Ұлыбритания Жібек жолында айырбасталатын тауарлардың ішінде ең атышулысы және ең қымбаты болған.

Араб тарихшысы Мақдисий



Шығармашылық жұмыс

1. Табиғи пәндерде алынған білімдеріңе сүйеніп, бүгінгі таңда қағазды жасап шығару технологиясымен танысып шығыңдар. Бұл үдерісті дәптеріңе инфографика түрінде жазып шығыңдар.
2. Не деп ойлайсың, неге Самарқант қағазы бүкіл Шығыста танымал болған?
3. Қағаз өнеркәсібі қазіргі кезге дейін қандай көрініс және басқыштарға ие болған?



Мәлімет үшін



VIII ғасырдың соңында Мәуереннахрда болып өткен көтеріліс «Ақ киімділер» көтерілісі деп аталуы тілге алынады. Бұл қозғалыстың жетекшісі Хошим ибн Хаким есімді қолөнерші болған. Ол басы мен бетіне көк перде тұтып жүрген. Сондықтан да оны «Муқанна», яғни «Маска киген адам» деп атаған. Муқанна Қорасанда сархандықтан (кіші қолбасшы) уәзірлік дәрежесіне дейін көтерілген.

Ол Маздақтың идеяларына негізделген әлеуметтік теңдік және еркін өмірге шақырушы ілімді насихаттаған.



Ой жүгірту үшін

VIII ғасырдан бастап Тұран өлкесіндегі кеңсе істерінде жергілікті түркі хорезми, суғди, бохтарий тілдері мен жазуларының орнын араб тілі және жазуы иелей бастады. Арабтар және ислам діні ықпалында жергілікті мұсылмандар арасында исламий есімдер дәстүрлі болды. Тұранның көпшілік халқы ақырындап исламды қабылдады. Уақыт өткен сайын ата-бабаларымыз ислам ілімі негіздерін жасау ва дамытуда бүтін мұсылман әлемінде алдыңғы шепте болды.



Маздакийлік—діні-философиялық ілім. Негізін қалаушы Маздак. Негізгі идеясы мүліктік жалпылық, барлық нәрселердің жалпы, тең бөлінуі.

Муқанна өз туыстарымен Кеш аңғары маңында Сом қаласын өз резиденциясына айналдырады.

Бұл жерде «Ақ киімділер» қозғалысы кеңейіп, үлкен халық көтерілісіне айналады. Ол әсіресе Суғдта үдеп, Илоқ (Ахангаран) аңғары және Шашқа да өз әсерін өткізеді. Көтерілісте қалың бұқара топтары қатысады. Муқанна көтерілісі 783 жылға дейін жалғасты.

Наршах және Самарқантта «Ақ киімділер» жеңілген соң, жергілікті мүлік иелері тобының өкілдері арабтарға көмектесе бастайды. 783 жылы Муқаннаның Сом қаласындағы резиденциясы қоршап алынады. Ұзақ уақыт қоршауда болған көтерілісшілер тізе бүгеді. Басып алушыларға тізе бүккісі келмеген Муқанна өз өміріне қастандық жасайды.

806 жылы Рофе ибн Лайс басшылығында халифалыққа қарсы және көтеріліс болды. Көтеріліс Самарқанттан басталып, Шаш, Ферғана, Бұхара, Нахшаб, Хорезм уәлаяттарына таралған. Тез арада халифалық бұл уәлаяттарды жоғалтады. Қорасан наменгері Мамун диқандардан болған Сомонхудоқтың немерелері: Нух, Ахмад және Яхьеларға өтініш жасап, олардан көмек сұрайды. Олар Рофе ибн Лайсты қолға алып, оны халифке тізе бүгуге мәжбүр етеді. Осылайша кезектегі халық қозғалысы да бастырылады.

Бірақ, жергілікті халықтардың басқыншыларға қарсы күресі зая кетпеді. Ақырын халифалықтың билігі әлсірей бастады. Бұл жағдай Мәуереннахр халқының азаттыққа қол жеткізуін жылдамдатты.



Шығармашылық жұмыс

1. Дереккөзді оқындар. Муқаннаның әрекеттерін бағалаңдар.
2. Муқанна өз мақсатына жету үшін нелерден пайдаланды?
3. Неліктен араб халифалығы дәуірі тарихшылары Муқаннаға кері көзқараста болған?



Дереккөздерде

Муқанна Марв маңындағы халқынан, Коза деп аталған қыстақтан болып, аты Хошим ибн Хахим еді. Ол алдын маталарды бояушы болып істейтін, ал кейін білім үйренуге қызығып кетті. Ол әртүрлі ілмдерді: көзбоямашылық, сиқыр және дуагерлік ілімдерін үйренді. Көзбоямашылықты жақсы біліп алды. Муқанна көзбоямашылықты үйренген және өте зирек болып, ежелгі (ғалымдар) ілімдеріне байланысты көп кітаптар оқыған және жадыгөйлікте ұстаз болған еді. Оның әкесінің есімі Хахим болып, ол Абу Жафар Давонақи дәуіріндегі Қорасан әмірі қолбасшыларының бірі еді. Ол Балхтан шыққан еді.

Хашим ибн Хахимді Муқанна деп аталуына себеп - оның көріксіз бет-әлпеті, басы жарғақтығы болды, бір көзі соқыр болғанынан үнемі басы мен бетіне көк перде тұтып жүретін еді. Муқанна Аббосийлер насихаттаушысы Әбу Муслим заманында Қорасан қолбасшыларының бірі болып, уәзір болды және пайғамбар дағуасын жасады және біршама уақыт осы дағуасында жүрді. Әбу Жафар Давонақий адам жіберіп, оны Марвдан Бағдатқа алдырып, бірнеше жыл барысында зынданда тұтты. Содан соң ол зынданнан құтылып және Марвқа қайта оралды және адамдарды жинап: «Менің кім екенімді білесіңдер ма?» - деп сұрады. Адамдар: «Сен Хашим ибн Хахимсің»,-- деді. Ол: «Жаңылысып отырсыңдар, мен сендердің және бүкіл дүниежүзінің құдайымын» ... және: «Мен өзімді қалай қаласам, солай атай беремін»,-- деді және: «Мен халыққа өзімді Адам (Ато) суретінде, кейін Нух бейнесінде, кейін Иброхим бейнесінде, кейін Муссо бейнесінде, одан соң Исо бейнесінде, кейін Мұхаммед Мустафо (Құдай тағалам оған денсаулық жолдасын), — бейнесінде, кейін Әбу Муслим бейнесінде көрсеткен тұлғамын, ал енді міне өздерің көріп тұрған бейнедемін», — деді. Адамдар: «Басқалар пайғамбардың дағуасын жасаған еді, ал сен Құдаймын деп дағуа жасап отырсың»,-- деді. Муқанна: «Олар ебдейсек еді, ал мен руханимын және олардың (денесінде) ішінде едім, менің бойымда өте күшті құдірет бар, мен өзімді қандай бейнеде көрсетуді қаласам, сондай бейнеде көрсете аламын», - деді.

Абу Бәкір Наршахийдың «Бұхара тарихы» кітабынан



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

VIII ғасырда Мәуереннахр және Қорасан аумағындағы оқиғаларды дүниежүзілік тарих ғылымындағы оқиғалармен байланыстыр.

1. Бұл дәуірде Еуропа мемлекеттердің әлеуметтік-саяси жағдайы қандай еді?
2. VIII ғасырда Мәуереннахр және Қорасандағы өзгерістер түпкілікті жер халқының дәл қайсы саласында үлкен әсер еткен деп ойлайсың? Пікіріңді дәлелдер негізінде негіздеп беріңдер.
3. Араб басқыншылығы және қандай салаларға өз әсерін көрсеткен еді? Бүгінгі күнімізмен байланыстырған күйде түсінтіруге әрекет етіңдер.
4. Жинаған мәліметтерің негізінде ұсыным дайында.



22–23-тақырыптар:


ҚАРЛУҚТАР. ОҒУЗДАР. ТАХИРИЙЛЕР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Мәуереннахр мен Қорасанда үздіксіз жалғасқан өзара ішкі қарама-қайшылықтар Араб халифалығы басқаруына әсері қандай болған?
2. VI-X ғасырларда «Ұлы жібек жолы» қайсы аумақтардан өткен?

Қарлұқтар елінде астанадан тысқары Жол, Навкат, Карманкат Ёр секілді қалалар мен бірнеше қыстақтар бірге көтеріле бастады.



Ой жүгірту үшін

Мәуереннахр мен Қорасан халқының тез-тез бас көтеріп тұруы, үздіксіз жалғасқан өзара соғыс және ішкі қарама-қайшылықтар Араб халифалығы әкімшілігін әлсіздендірді. Ал бұл тәуелсіз мемлекеттерінің пайда болуына алып келді.





Ой жүгірту үшін

Ежелде Алтайдың батысында, одан соң Ертіс дариясының орта ағымында жасаған қарлұқтар түрік тайпаларынан болып есептелген.


VI-VII ғасырларда олар Түрік қағандығы құрамына кірген. VIII ғасырдың ортасында Жетісу өлкесінде Қарлұқтар мемлекеті пайда болды. Бұл мемлекеттің астанасы- Чу дариясынан солтүстікте орналасқан Суёб қаласы еді. Қарлұқтар мемлекеті әмірі «ябғу» немесе «жабғу» деп енгізілген.

X ғасыр орталарына жақын қарлұқтардың көбірек бөлігі мұсылман болған. Қарлұқтар мемлекеті солтүстік және шығыстан Елсу дариясы аңғарына дейін, шығыл тайпасы жайлауларына дейін; батыстан оғуз елі және Ферғана аңғары; оңтүстікте – яғмолар аңғары және Шығыс Түркістанмен шекаралас болған.

Халық мал бағу, тау жылғалары бойында диқаншылықпен шұғылданған. Шығыс Түркістан және Мәуереннахрмен сауда-сатық жасалған. Сыртқа негізінен жүн және жүнді өнімдер; кілем, текемет, намаг сияқтылар шығарылған. X ғасырда қарлұқтар Мәуереннахрдың солтүстік аумақтарын иелеп болған соң, Шаш төңірегін және Ферғана, Зарафшан аңғарларына келіп орналасқан. Кейін отырықшы тұрмыс салтында өмір сүретін жергілікті халыққа сіңіп кеткен.


Қарлұқ ақсүйектері

Батыс түрік қағандығының күйзелісінен кейін түзілген ірі этникалық бірлестіктерден бірі оғуз (араб-парсы деректерінде ғуз) этносы болған.



Шығармашылық жұмыс

Дүниежүзілік тарихтан алған білімдерің негізінде селжұқтар мекендеген аумақ және олар басқарған мемлекет қайсы мемлекеттермен шекаралас екендігін анықтаңдар.



Ой жүгірту үшін

Оғуздар – Тұран аумағында мекендеген түркі тайпа.

Түрік қағандығы билігі дәуірінде оғуздар оның құрамында болған. Түрік қағандығы күйреген соң, оғуздардың көбірек бөлігі Сырдария бассейні және Арал теңізі бойында орнықты орналасып алған. Олар IX ғасырдың аяғы және X ғасырдың басында оғуздар мемлекетінің негізін қалайды.

Сырдарияның төменгі ағымы бойындағы Жаңа-кент қаласы Оғуздар мемлекетінің астанасы болған. X ғасырдан бастап оғуздар ислам дінін қабылдайды.

X ғасырдың бірінші ширегінде оғуздар мемлекеті солтүстік-шығыстан қозғалған қыпшақтар тарапынан қирататын соққыға ұшырап, бөлініп кетеді. Олар өз елін тастап, бір бөлігі солтүстік Кавказ шөлдеріне барып орналасады. Олардың екінші бөлігі бастапқыда Мәуереннахрға кіріп барады және одан жаңа әулет –



селжұқтар басшылығында Бергі Азия мемлекеттерін басып алуға кіріседі.

Бұл екі түркий мемлекет тек Мәуереннахрға ғана емес, бәлкім бүкіл Орта Шығыс және Бергі Азия халқының саяси өміріне де күшті әсер етеді. Бұл мемлекеттердің халқы осы аумақта жасайтын халықтардың этникалық тарихына ықпал етті. Мысалы, қарлұқтар өзбек және тәжіктердің, оғуздар түрікмен, әзербайжан, қарақалпақтардың этногенезінде маңызды рөл ойнады.



Ежелгі оғуздар

Оғуздың салт атты әскері



Тахирійлер – Қорасандағы Тахирійлер мемлекетінде билік жасаған әулет (821-873). Ресми түрде аббосийлерге бағынышты болып есептелінген. Әулеттің негізін 821 жылы Тахир ибн Хусайн қалаған.



Мәлімет үшін

VIII ғасырдың соңы – IX ғасырдың басында халифалықты үрейлендірген ауыр саяси жағдай аббосийлерді Мәуереннахр және Қорасанда жүргізіліп жатқан саясатты өзгертуге мәжбүр етті.

Жергілікті ақсүйектер Мәуереннахр және Қорасанның тек қана өз иелігіне өткізіп қана қоймай, бәлкім халифалық орталығында да әкімшілікті басқаруда одан да көбірек рөл ойнайтын болып қалады.

Бұған әсіресе халифа Хорун ар-Рашид (786-809) өлімінен соң оның ұлдары Мамун және Аминнің ортасында 809-813 жылдарында тақ үшін болған күрес үлкен мүмкіндіктер ашып берді.

Халифалықтың орталық бөлігіндегі арабтар Аминді халифалық тағына көтерді. Бұдан наразы болған Мамун інісі Аминге қарсы күрес бастайды. Хирот уәлаятының ақсүйектерінен Тахир ибн Хусайн жетекшілігіндегі Қорасан және Мәуереннахр мүлік иелері оған көмектеседі.

813 жылы олар Бағдатта жүріс жасайды. Астана қолға алынған соң, Мамун халифалық тағына отырады. Оның орнына Тохир 821 жылы Қорасан және Мәуереннахр наменгері етіп тағайындалады. Сондай-ақ, Мамун Мәуереннахр ақсүйектерінің де көмегін ұмытпайды. Сомонхудоқтың немерелерін кейбір қала мен уәлаяттарына наменгер етіп тағайындайды. Нухқа Самарқант, Ахмадқа Ферғана, Яхьеға Шаш және Уструшона, Ильясқа Хират тиеді. Оның орнына аға-інілі сомонийлер Мәуереннахрдың әр жылғы хыражынан өте үлкен қаражатын тахирийлер арқылы халифа қазынасына жіберіп тұрады.

Тахирийлер заманында да еңбек халқының жағдайы өте ауыр болып қала береді. Мүлкі бар диқандардың зұлымдығынан, мемлекеттің ауыр салықтарынан шаршаған халық көтеріледі. Оларға «ғозийлер» де қосылады. Көтеріліске саффорийлер—мысгер қолөнерші ағалы-інілі Якуб және Амр Лайстар жетекшілік етеді. Көтерілісшілер 873 жылы Қорасанның астанасы Нишапурды иелейді. Нәтижеде тахирийлер билігі аяқталып, билік саффорийлердің қолына өтеді.

Тахирий ибн Хусайн Хират маңындағы Бошанг қаласы әкімі болып, 811 жылы Рай маңында халифа Амнның Али Мохон атты қолбасшысын жеңіп шыққан. Шайқастарда көрсеткен ерлігінің арқасында оған «Зул яминайн» (екі қолда күресуші) құрметті бүркеншік аты берілген.

Саффорийлер – саффорийлер мемлекетінде билік жасаған әулет. Саффорийлердің аты оның негізін қалаған Якуб ибн Лайс ас-Саффор атынан алынған. Саффорийлердің ірі әмірлері: Якуб ибн Лайс (873-879); Әмір ибн Лайс (879-900).

Тахирийлердің теңге ақшасы



Шығармашылық жұмыс

1. Хорун ар-Рашид және Мамунмен Амн жөнінде қандай мәліметтерге иесің?
2. Мамун академиясы жөнінде естігенсің бе? Неліктен академия Мамун есімімен байланысты?

Деректерде

Рофе ибн Лайс Хорун ар-Рашид-ке қарсы шабуыл жасап, Самарқантты алғанында Хорун ар-Рашид Харсама Аяны Рофе ибн Лайсқа қарсы соғысқа жіберді. Рофе Самарқантты хисар етті және Харсама оны қолға ала алмады. Бұл оқиға салдарынан Мамун Хорун ар-Рашидпен бірге Қорасанға келді және Хорунның барлық назары осы мәселеге қаратылған еді.

Мамун жергілікті ақсүйек Асадтың ұлдарына хат жазып, оларға Рофемен соғыста Харсамаға көмек беруді бұйырды. Асад ұлдарының насихаты бойынша Рофе Харсамамен келісім түзді және олар арасында құдалық қатынастары пайда болып, Хорунның көңілі бұл істе жайбарақат болды. Рофенің бүкіл Қорасанды алып қою қаупі бар еді (сол үшін) бұл келісімнің түзілуі Мамунға тиімді болды. Хорун осы сапар кезінде Тузда қаза тапты.

Мамун халифалыққа отырған соң әрқайсысына жасаған жақсылығы үшін бір-біреуден мәртебелі қалаларды берді. Гассон Қорасан әмірлігінен таратылып, Тахир Хусаин Қорасан әмірі болғанда да Тахир ол уәлаяттарды Асад ұлдарының қолында қалдырды және олардың ең үлкені болған Нух Асадқа бағалы киімдер сыйлады.

Әбу Бәкір «Бұхара тарихы»



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Неліктен IX-X ғасырларда Тұран аумағындағы басқа халықтың этникалық қалыптасуында қарлұқ және оғуздардың әсері күштірек болды?
2. Сыныптастарыңмен төрт топқа бөлініп, төмендегі кесте негізінде мәліметтерді талдаңдар.

ҚАРЛҰҚТАР

Келіп шығуы
 Әлеуметтік жүйесі
 Тарихи мәні.....

ОҒУЗДАР

Келіп шығуы
 Әлеуметтік жүйесі
 Тарихи мәні.....

ТАХИРИЙЛЕР

Келіп шығуы
 Әлеуметтік жүйесі
 Тарихи мәні.....

САФФОРИЙЛЕР

Келіп шығуы
 Әлеуметтік жүйесі
 Тарихи мәні.....


24-25 тақырыптар:

САМАНИЙЛЕР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Дүниежүзілік тарих пәнінен алған біліміңе сүйеніп, IX ғасырдың басында Араб халифалығының әлсіреп қалуына қандай факторлар себеп болғанын айтыңдар.
2. Неліктен Сомонхудоқтың немерелері аумақтарға наменгер етіп тағайындалған еді? Бұл аумақтарды картадан көрсетіңдер.




Ой жүгірту үшін

IX ғасырда Мәуереннахрдың саяси өмірінде де өзгерістер болды. Елімізге алғаш Нух, одан соң Ахмад басшылық етеді. Әрқайсысы билігі дәуірінде өз аттары бітілген мыс теңгелер шығарады. Ахмад қаза тапқан соң оның ұлы Наср Самарқантты орталыққа айналтырады. Ол Мәуереннахрдың барлық уәлаяттарын біріктіру және оны Қорасаннан ажыратып алу шараларын көреді.


IX ғасырдың соңғы ширегінде Мәуереннахрдың дерлік барлық уәлаяттары саманийлер иелігіне өтті және Наср бүкіл Мәуереннахрдың билеушісіне айналды. Оның аты соғылған күміс-дирхамдар шыға бастайды.

Исмаил Самани
кесенесі
Бұхара. X ғасыр.



САМАНИЙЛЕРДІҢ КЕЛІП ШЫҒУЫ

Дереккөздерде Сомонхудоқтардың келіп шығуы туралы әртүрлі мәліметтер келтірілген. Көпшілік дереккөздерде айтылуынша, оның шежіресі Сосоний патшасы Хурмазд IV-тің (579-590) әскери қолбасшысы Бахром Чубинге (VI ғасыр) барып тіреледі. Бахром Чубин бастапқыда Армения мен Әзербайжан, одан соң Рай және Қорасан наменгері етіп тағайындалған. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Бахром Чубиннің келіп шығуы Сасонийлер қызметіндегі оғуз түріктерінен болған. Оның ұрпақтары Балхта мекендеп, осы жерден Қорасан мен Мәуереннахрдың түрлі аумақтарында наменгер етіп жіберілген.



Ой жүгірту үшін

Көп өтпей аға-інілі Наср мен Исмаилдың арасында тақ үшін күрес басталады. 888 жылғы шайқаста Исмаил жеңіп шығады. Бірақ інісі қаза тапқанға дейін өз патшалығында, ал кейін бүкіл Мәуереннахрда әмірші болып алады.

Исмаил Самани Мәуереннахрды біріктіріп, мықты мемлекет құруға әрекет етті. Солтүстік-Шығыс аумақтарға жүріс жасады. Тезарада Тараз қаласын басып алды, шексіз далаларға ойсырататын соққы берді.

Мәуереннахр халқының тәуелсіздікке қол жеткізуі, араб халифаларына ұнамайтын еді. Сондықтан халифалық саффорийлер мен саманийлерді қақтығыстыруға және олардың екеуін де әлсіретіп, бұл бай уәлаяттарда өз ықпалын қайта қалпына келтіруге тырысады.

Халифа Мутазид саффорийлер билеушісі әмір ибн Лайсқа Қорасанмен бірге Мәуереннахрға да билік жасау құқығы берілгені туралы жарлық шығарылады және оны Исмаилге айдап салады. Нәтижеде олар арасында соғыс басталады. Соғыс Исмаилдың жеңісімен аяқталады.

Бүкіл Қорасан Саманилер қол астына өтеді. Лажсыздан Халифа Исмаилға билік жарлығын жіберуге мәжбүр болады.

Исмаил Самани бүкіл Мәуереннахр және Қорасанды өз қолы астында біріктіреді. Бұхара қаласы бұл мемлекеттің астанасына айналады.



Шығармашылық жұмыс

География ғылымынан алған білімдеріңе сүйеніп, Ферғана, Исфижоб (Сайрам), Шаш, Самарқанд, Бұхара, Хорезм, Чағонион, Хутталон, Кеш, Қорасан, Сейистон, Ғазна қалалары орналасқан аумақтар картасын сызыңдар. Бұл аумақтардың ауданын есептеңдер. Заманалық картамен салыстырыңдар. Исмаил Самани қайсы аумақтарды мемлекет құрамына қосылды?



Саманийлер мемлекетінің картасы

Саманийлер дәуірінде Наср ибн Ахмад ибн Исмаил Самани Регистанға бір сарай құруды бұйырды. Өте керемет бір сарай құрылды. (Әмір) бұған көп қаражат жұмсады. Ол өз сарайы қақпасы алдында лауазымдағылары үшін сарай құруға бұйырды, оны да салып болды. Мұнда әрбір лауазымдының патша сарайының алдында құрылған өз сарайында жеке дуаны бар еді; мысалы, уәзір дуаны, қаржы (кірім-шығым) істері дуаны, мемлекет құжаттарын басқару істері дуаны, хат-хабарлар үшін жауаптының дуаны, сарайдың ісбасқарушысы дуаны, мемлекет мүліктері дуаны, мухтасиб дуаны, вақфтар дуаны, қазылар істері дуаны. Әмір міне осындай тәртіпте дуандар құруға бұйырды және оларды құрды.

Әбу Бәкір Наршахий
«Бұхара тарихы»

Ой жүгірту үшін



Саманийлер мемлекетті басқаруда бастапқыда қолайлы басқару әкімшілігін түзді. Ол әмірдің резиденциясы және дуандардан (уәзірліктер) құралған еді.

Қабылдау өткізілетін жерде әмірдің резиденциясы және сарай қызметкерлері, нөкері мен басқа қызметкерлерінің тұрғын үйлері болатын. Наршахийдің жазуынша, Саманийлердің басқаруы негізінен он дуан арқылы басқарылып, олардың арасында уәзір дуаны бас басқарма мекемесі болып есептеледі. Наср ибн Ахмад (Наср II) дәуірінде Бұхараның Регистан алаңында әмір сарайының қарама-қарсысында дуандар үшін сарай құрылып, мекеме міне осы арнайы ғимаратқа орналасқан еді. Мекеме қызметкерлері Құранды және шариаттың негізгі ережелерін жақсы білген, араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген, әртүрлі ғылымдардан хабардар болған сауатты ақсүйектерден іріктеп алынған.



Ой жүгірту үшін

Мемлекет істеріне қабылдауда белгілі талаптар бар еді. Мысалы, мемлекет тілін жетік білу, заманалық құқық нормативтерінен толық хабардар болуы, тарих, әдебиет секілді пәндерді білуі, есеп-хисап істеріндегі білімділігі және тағы басқалар. Исмаил Самани сарайдың арнайы тұрақты сарбаздарынан құралған жақсы қаруланған іскерилер тобын түзеді. Жақсы және ұзақ қызмет еткен сарбаздар «хожиб» лауазымына көтерілген. Хожибтардың бастығы «хожиб ул-хужоб» немесе «хожиби бузрук» деп аталатын. Мұндай атақ Саманийлер сарайындағы жоғары атақ болып есептелінетін.

Әскер екі топқа бөлінген: тұрақты түрде қызмет көрсететін іріктелген (гвардия) және тек қажет жағдайларда уәлаяттардан жиналатын бөлімдер. Іріктелген бөлімдердегі қызмет кемінде сегіз басқыштан құралған болып, жай жаяу әскерлерінен висақбасы, яғни төрт кісіден құралған топқа бастық дәрежесіне дейін болған жолды басып өтуіне тура келген. Кейін ол хайлбасы (кіші әскер басшысы) лауазымын иелеуі мүмкін болған. Бұл дәрежеге тиісті тәртіп, талаптар төңірегінде қызмет етілгенінде ғана қол жеткізу мүмкін еді.

Исмаил Саманий қаза тапқан соң саяси озбырлық үдеп, орталық әкімшілік беделіне зиян тигізді. Аумақтың Жетісу және Қашғар бөлігінде басқа бір саяси әулет – *қараханийлердің* күшейіп баруымен бір уақытқа тура келген еді. Нәтижеде X ғасырдың соңында билік қараханийлер қолына өтеді. Қараханийлер аумақтың Жетісу, Қашғар, Мәуереннахр бөліктеріне билік ете бастады. Қорасан, Ғазна сияқты уәлаяттар сол дәуірден бастап аумақта қалыптасқан және бір саяси әулет – *ғазнауилер* тәуелділігіне өткен еді.




Саманий билеушілері шайқас кезінде.
Шығарма туындысы



Шығармашылық жұмыс

1. Неліктен Исмаил Самани мемлекет істеріне қабылдауда белгілі бір талаптар дайындап шыққан? Сендер қандай талаптар қойған болар едіңдер?
2. «Тұран халықтары өнері» тақырыбында мәліметтер негізінде Саманийлер дәуіріндегі әскери өмірге талдау жаса: жалпы және айырмашылық ететін жақтарын қорытындыла.
3. Бұл дәуірде дүниежүзілік тарихта Еуропа мен Азияның басқа мемлекеттерінде әскери басқару қай көріністе еді?



Ой жүгірту үшін

Наср Ахмад
тенгеси

IX-X ғасырларда үлкен жер иелері кадиварларды істегуге қарағанда өз жерлерін қыстақтың ұжымдарының жері кем болған мүшелеріне жалға беруді абзал көрді. Сол дәуірлерде жалға берушілер «барзикор» немесе «қосшылар» деп аталатын еді. Мемлекет салықтары (хираж бен ушр) жер иесінен де, жалға алушылардан да жеке алынатын еді.

Саманийлер әскери жүрістері, билеуші әулеттің ішкі қақтығыстары, жергілікті билеушілердің өз бетімен кетушілігі барған сайын үдеп кете барды. Оның салдарынан мемлекетте экономикалық күйзеліс болды. Тіпті әскерилер, атап айтқанда, әмірдің тұрақты түрік сарбаздары әскерлеріне жалақы төлеу үшін қаражат табылмай қалады. Мұндай ауыр жағдайдан шығу үшін халықтан екі рет салық өндіріліп алынады. Шектен тыс тәртіпсіздіктер мемлекетте жағдайды одан да шиеленістірді, халықтың әртүрлі топтарының өкіметке қарсы көтерілуіне себеп болады.



Саманилердің
салт атты әскері

Исмаил Ферғанада 849 жылы туылған. 14 жасында әкесі Ахмад қаза тауып, ағасы Насрдың қолында қалады. Деректерде жазылуынша, «ақылды, әділетті, пікірлеуге және іске қолы келіп қалған» Исмаил 892 жылы бүкіл Мәуереннахр билігін өз қолына алуға қол жеткізіп, «шындығында да патшалыққа лайық және ақысы бар» екенін дәлелдейді...

Исмаил мемлекетшілігіміз тарихындағы тәжірибе және дәстүрлері іскерлікпен жалғастыра білген мемлекет қайраткері болып саналады. Ол ең алдымен мемлекетіміз саяси бірлігін қамтамасыз ету ісіне бел байлап, Ферғана, Исфижоб, Шаш, Самарқанд, Бұхара, Хорезм, Чағонион, Хутталон, Кеш, Қорасан, Сейістан, Ғазна секілді бірнеше уәлаяттарды өз билігіне біріктірді.

Исмаил орталықтандырылған мемлекетшілік негіздерін қайта қалпына келтіруге қол жеткізді.

Азамат Зиё,

«Өзбек мемлекетшілігі тарихы»



Саманийлер дәуіріндегі ыдыс



Ой жүгірту үшін

Саманийлердің әскери бөлімдерінде, әкімшілік лауазымдарда түріктер қызмет еткен. Түрік құлдары басқа мемлекеттерге саудаға шығарылған. Құл қашып кетсе, оны ешкім іздемеген.

Саманийлер қызметінде де түркий құлдар кем емес еді. Олардан уәлаят әкімдері, әскерилер, тіпті мемлекет басшылары шыққан: Самжурий, Алптегин, Тас, Фойиқ және тағы басқалар оған мысал бола алады.

Алптегин алдын саманийлердің құлы болған, кейіннен ірі әскери қолбасшы, Қорасан уәлаятының әкімі әрі ірі жер иесі болған. Ол байып Қорасан мен Мәуереннахрда орналасқан қыстақтарды сатып алған, әрбір қалада сарайы, ауласы, керуенсарайлары бар болған. Алптегиннің Нишапур базарынан сатып алған Сабук (кейіннен Сабуктегин) атты және бір құлы өз қабілеттерімен ірі әскери қолбасшы дәрежесіне көтерілген.




Шығармашылық жұмыс

1. Алптегин және Сабуктегин тағдырларында құлдарға болған ықыласын түсіндіріп бер.
2. Бұл дәуірде құлдарға болған қатынасты ежелгі Мысыр, ежелгі Рим және ежелгі Грециядағы құлдардың жүйесімен салыстыр.





Ой жүгірту үшін



X ғасырда ірі лауазымдылар мемлекет алдындағы қызметі үшін жер және судан құралған үлкен иеліктер сыйға тартыла бастайды. Мұндай иелік «иқто», оған ие болған мүлік иелері «муқто» немесе «иқтодор» деп аталатын. Иқто түрінде кейбір уәлаят немесе қалалар және аудандар тарту етілген. Иқто бастапқыда негізінен жоғары ақсүйектер: әулет мүшелері – әмірзадалар және ірі лауазымдағыларға тарту етілген. Мұндай иелік алдын бір өмірге емес, бәлкім белгілі мерзімге беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа өткізілмеген. Иқтодорлар өзіне тарту етілген аумақтарда жасайтын халықтан алынған салықтардың белгілі бөлігін жинап алу құқығына ие болған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

Ұжымдық сабақтар:

1. Тұран аумағында орта ғасырлардың алғашқы дәуіріндегі жерге иелік ету түрлерін еске алыңдар. Оларды саманийлер дәуіріндегі жерге иелік ету көріністерімен салыстырыңдар. Алған мәліметтерге талдау жаса, жалпы және өзгеше болған жақтарын атап көрсетіңдер.
2. Еуропада бұл дәуірде жерге иелік етудің қандай көріністері бар еді?
3. Екі аумақтағы жерге иелік ету түрлерінің айырмашылықтары мен жалпы жақтарын кесте көрінісінде салыстырыңдар.

26-27 тақырыптар:

САМАНИЙЛЕР ДӘУІРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

Экономикалық өмірді дамытуға қандай факторлар әсер етті? Пікір білдірулеріңде *тыныштық, даму, ілм, ұмтылу, кең пейілділік* секілді сөздерді пайдаланыңдар.



Ой жүгірту үшін

Саманийлер дәуірінде Ферғана, Қашқадария, Зарафшан аңғары, Шаш, Хорезм, Қорасан уәлаяттарында диқаншылық істері жоғары дәрежеде жүзеге асырылған. Бидай, арпа, салы, мақта, тары, зығыр, күнжіт, кенеп, нохат, мас, жасымық, беде сияқты бірқатар егіндер өсірілген.

Жерге өңдеу беру тиімділігі нәтижесінде өнімділік жоғары дәрежеде болған. Бау-бақша, атап айтқанда, жүзім өсіру, бақша егіндерін өсіру салаларында да осындай жетістіктерге қол жеткізді. Жүзімнің ондаған түрлері, жемістерден алма, шабдалы, өрік, нәк, әнжір, бехы, шие, алхоры, анар, бадам, жаңғақ, бақша егіндерінен қабак, қауын (әсіресе Бұхара қауындарының даңқы шыққан еді), көкөністерден баялды, сәбіз, пияз сияқтылар өсірілген.

Диқаншылық салығы - хираждан қазынаға түсетін табыс мемлекет кірім-шығымының едәуір бөлігін өтейтін еді. Сондықтан да саманийлер мемлекетте диқаншылық шаруашылығын дамытуға аса мән берді.



Шығармашылық жұмыс



1. Бұл дәуірде жылқылардан қандай мақсаттарда пайдаланылады?
2. Егер диқаншылық салығынан түсетін табыс мемлекет кірім-шығымынан едәуір бөлігін өтесе, диқаншылыққа қандай қатынаста болады?

Мәуереннахр уәлаяттарының ішінде ең көп беделді аумақ Ферғана аңғары болғандығын түсініп алу қиын емес. Ферғана уәлаятында қалалар көп болған. Оның астанасы сол дәуірлерде Ахсикент болып, қаланың үлкендігі (айналасына) 3 фарсанг қашықтыққа созылып, оның ішінде бау, каналдары және бірнеше әуіздері болған. Ахсикенттің айналасында (қабырғаның тысқарысында) да баулар, ағашты жерлер көп болып, олар бір-бірінен үзілместен 2 фарсанг қашықтықта созылып кеткен.

Истахрий (араб географы)



Саманийлер дәуіріндегі сиясауыт



Мәлімет үшін

Бұл дәуірде қалалардың жалпы көрінісі түпкілікті өзгереді. Тұран халықтары және араб мәдениетінің үйлесуі нәтижесінде үлкен күмбезді, порталды ғимараттар, шеберханалар, мешіт, медресе, кесене, ғибадатхана және керуенсарайлар көтерілді. Қалалар қолөнершілік орталығына айналды.

Самарқантта жоғары сұрыпты қағаз шығарылатын еді. Шаш өзінің кеншілік өнімдері және былғары заттарымен, Илақ күміс және қорғасын кендері және күміс теңге шығаратын ақша сарайымен танымал еді.

Хорезмде қайық жасау өнеркәсібі дамиды. Хорезм және Термізде жасалған қайықтар Әмудария бойлап Арал теңізіне дейін тынымсыз тауар тасып, саудагерлердің ауырын жеңіл, алысын жақын етті. Бұл дәуірде қалалармен бірге қыстақтар да мемлекеттің экономикалық өмірінде үлкен орынға ие еді. Бұхараның Зандана қыстағында туылған ақшыл сары бөз «занданича», Самарқанттың Вадор қыстағында дайындалған мата «вадорий» деген атпен Шығыста көпшілікке танымал еді.

Фарсах немесе фарсанг – шамамен 1 км-ге тең ара қашықтық өлшеу бірлігі. Іс жүзінде фарсах ұзындығы әртүрлі аумақтарда өзгеше болған. Орталық Азияда бұл қашықтық әдетте адымдармен өлшенген және 12 мың адымға тең болған.




Мәлімет үшін

Сыртқы сауда айналымында айырбасқор чектерінен кең пайдаланылған. Саудагерлер өзімен көп мөлшерде ақша алып жүрмейтін еді. Олар өз ақшаларын қаладағы айырбасқорлардан біріне тапсырып, одан тиісті құжат-чек алатын еді. Көзделген қалаға барумен сол чекті айырбасқорға беріп, одан көрсетілген мөлшердегі ақшаны толығымен қайтарып алу мүмкін еді.

Ішкі базарда «фалс» деп аталған мыс шақа, халықаралық сауда-саттықта күміс теңге—дирхамдар қолданылатын. Мыс шақаларды орталық үкімет те, әулет мүшелерінен болған кейбір уәлаят әкімдері де шығаратын еді. Күміс теңгелер тек үкімет басшысы атынан Марв, Самарқанд, Бұхара және Шаштағы мемлекет ақша сарайларында сақтайтын еді. Саманийлер «исмоилий», «мухаммади» аттарымен енгізілген бірнеше күміс дирхамдары шығарған еді. Олардың арасында «исмоилий» теңгесі жоғары сапалы, таза күмістен жасалып, олар негізінен халықаралық сауда байланыстарында қолданылатын.

«Чек» сөзі парсы тілінен аударылып, сол кезде де бұл сөз өз мағынасында қолданылған.



Шығармашылық жұмыс


Саудагерлер өз ақшаларын қаладағы айырбасқорлардан, яғни ақша айырбастайтындардың біріне тапсырып, одан тиісті құжат—чек алатын еді. Бұл әрекет сендерге қайсы жүйені еске салдырады?

Самани дәуіріндегі ыдыс





Исмаил Самани кесенеси. Бұхара.



Ой жүгірту үшін

Піскен кірпіш әкімшілік және ұжым ғимараттарын салуда негізгі материал болып қалды. Тұрғын үй ғимаратында қаңқалы құрылмалар кең қолданылды. Әрлеу жұмыстарында сабанды лай сылақ ретінде ғаныштан көп түрлері қолданылған. Кейін сырланбаған қыш және саз плиткалар, сырланған қыш пен сырланған жалпы ою өнерінде қолданылатын пісірілген лай бөлектері – көркемқыш (майолика) қолдану тәсілі ойлап табылды.

Енді ежелгі ескерткіштерден Ежелгі Хорезмдегі Қават қамалы, Самарқантағы (Афросиёб) саманийлер сарайының бір бөлігі және Терміз маңындағы Қырғыз қамалын атап өтуге болады. Олардың үшеуі де піспеген кірпіш және пахсадан салынған. Афросиабтағы саманийлер сарайының бір бөлігі болып есептелген ғимараттың алдыңғы жағы ағаш бағаналы, текшелі болып, ортада тамы күмбезбен жабылған үлкен бөлме және оның екі жағында және бір қосымша бөлмелер болды. Негізгі зал әктасты ғаныштың ішіне талшықты өсімдіктер қосылған материалдан өте нәзік ою тәсілінде сәулетті етіп жасалған.



Термиз маңындағы 1000 жылдан астам алдын құрылған Қырыққыз қаласы өзінің конструктив және сәулеткерлік шешімдерімен мамандарды таң қалдырып жатыр. Оның пішіні квадратқа ұқсаған болып, төрт бұрышына төрт гүлшоқ сияқты бұрыштары бар.

Піскен кірпіштен жасалған бастапқы ғимараттар қатарында Бұхарада сақталып қалған саманийлер кесенесін мысал ретінде келтіруге болады. Бұл ғимарат Исмаил Самани дәуірінде құрылған деп есептеледі. Тұран сәулеткерлігі маржаны болған бұл кесене кубпішіндес көлемде болып, жақтарының сыртқы ұзындығы 10-метрге жуық. Өте сәулетті жасалған бұл ғимараттың ішкі жақтары 7,2 x 7,2м болып, үсті күмбез ретінде жабылған.

Саманийлер кесенесі ежелгі Иран мен Тұран сәулеткерлігінен белгілі болған «чортоқ» композициясы түрін құрайды. Ғимараттардың құрылысында әртүрлі өлшемдегі піскен кірпіштерден пайдаланылған.


* **Медресе** (арабша - үйрену) – мұсылмандардың орта және жоғары білім ордасы.

* **Уәзір** – дуанхана бастығы, бас уәзір.


* **Ғұлама** – дін ғалымдары.

* **Ғожиб** – әскери атақ.

* **Ғибадатхана** – қайырымдылық үйі, қонақ үйі.



Саманий кесенесінің ішкі көрінісі



Қырыққыз қамалы
Термиз




Мәлімет үшін

Солтүстік жол арқылы Оңтүстік Сібір және Монғолстанға Мәуереннахрдың қала мен қыстақтарынан бөз, киім-кешек, ат-анжам, қылыш, ыдыстар, зергерлік бұйымдарын, дәрі-дәрмек, кептірілген жеміс, күнжіт және зығыр майы секілді жеткізілген. Сібірден әртүрлі асыл бағалы терістер, шаруа малдары және шаруашылық өнімдері келтірілген.

Қытаймен болған саудада шай, жібек, мата, тұз және ат негізгі орында тұрған. VII-VIII ғасырларда шай негізгі импорт өнімдерінен біріне айналған. Қытайша «ча» немесе «минг» деп аталатын хош иісті шай өсімдігі және оның селекциясы бұл дәуірде Шығыс Түркістан арқылы Түркістан еліне, одан соң басқа мемлекеттерге кең таралып, халықтың тұрмыстық өмірінде күнделікті қолданылатын салқындатқыш теңі жоқ ішімдікке айналған.

Итил, Хазар және Болгарияға Мәуереннахр және Хорезмден күріш, кептірілген жеміс, шіріндіктер, тұздалған балық, мақта, шайы маталар, мәуіт, баршын және кілемдер алып барып, сатылған. Болгария және Хазардан қымбат бағалы терілер, майшамдар, үшкір қалпақтар келтірілген.

Шығармашылық жұмыс



1. Бұл дәуірде керуен жолдарының саудадағы маңызы қандай еді деп ойлайсындар?
2. Сол дәуірде Еуропа мен Азия мемлекеттері және қалалары арасындағы сауда қарым-қатынастары қандай жолға қойылған еді? Сыртқы сауда байланыстарында Еуропа белсенді еді ме немесе Азия ма?
3. Сауда арқылы және қандай әлеуметтік қарым-қатынастар дамыған?
4. Саудагерлер саудадан тысқары және қандай міндеттерді орындайды?





Саманийлер теңгелері
Бұхарада жасап шығарылған



Мәлімет үшін

Мәуереннахрдың өркендеуінде ислам діні білгірлерінің үлесі үлкен болды. Сондықтан олардың мәртебесі асып, астанасы Бұхараның шығысында ислам дінінің ең абыройлы орталықтарының біріне айналды. Қалаларда көптеген ғибадатханалар, соның ішінде жоме мешіт, хонагох, намазханалар салынды. Осы дәуірде Бұхара қаласында Тұрандағы алғашқы білім ордасы—медресе салынады. Кейін VIII-X ғасырларда көп медреселер құрылды.

Мемлекеттің рухани өмірінде «устод» деп аталған дін және ілім белсенділері қолдау көрсетті. Кейін бұл атау «шейх ул-ислом» атауымен және одан да көбірек дәріптеледі. Устодтан кейін хатибтар тұратын еді.

Саманийлер мешіт, медресе және хонагохтар салу үшін арнайы жерлер және олардың қаражаттары үшін үлкен-үлкен иеліктер ажыратып берген. Ислам дінінің өркендеуі, Тұран халқының тәуелсіз рухани көзқарасының маңызды мәнге ие болды.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Саманийлер дәуірінде ауыл шаруашылығы және қолөнершіліктің қайсы түрлері дамыған?
2. Саманилер дәуірінде ішкі және сыртқы саудада қандай ақша бірліктері қолданылған?
3. Жер иелігінің қандай түрлері болған? Барзикорлар мен үлескерлер кімдер еді?
4. Саманилер үкіметін күйзеліске алып келген себептер неден құралған еді? Оның алдын алу үшін не істесе болатын еді?

28–29-тақырыптар:

ҒАЗНАУИЛЕР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Ғазнауилер дәуірінде «хожиб ул-хужоб» немесе «хожиб ул-бузрук» лауазымдарына кімдер тағайындалған? Бұл лауазым иелері қандай міндеттерді жүзеге асырған?
2. Сендер не деп ойлайсыңдар, мемлекетте әскери және қорғаныс істерін бақылау кімге тапсырылуы керек?



Альптегин ескерткіші



Мәлімет үшін

Мемлекетте пайда болған ауыр дәуірде Саманийлер мемлекетіндегі түрік хожибтерінен құралған сарай әскерлерінің саяси беделі артты. Өйткені әскери және қорғаныс істері толығымен олардың қолында еді.

Түрки қолбасшыларының қызметтерінің орнына самани әмірлері көбінесе қабілетті қолбасшыларды «хожиб ул-хужоб» немесе «хожиб ул-бузрук» секілді жоғары әскери лауазымдарға тағайындады. Оларға тіпті кейбір уәлаяттарды басқару құқығы берілді.

962-963 жылдары Алптегин Ғазна уәлаятын наменгер және қолбасшы ретінде басқарған. Ол Ғазна және Қабул уәлаяттарын тәуелсіз басқаруға ұмтылып, Ғазнауилер мемлекеті басқаруын қолға алды. Ғазна қаласы мемлекет астанасы болды. Әулеттің аты салтанаттың астанасы Ғазна қаласы атынан алынған. Ғазнауилердің саяси беделі Сабуктегин дәуірінде (977-997) артып,



Білесің бе?

Ғазна—Ауғаныстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі қала. Ғазна дариясы бойында, Қабул-Қандагар автомобиль жолында орналасқан. Ғазна уәлаятының әкімшілік орталығы. Металл жасау саласы орталықтарының бірі. Қолөнершілікте кілем, палас, аяқ киімі, мақта маталары және басқалар дайындалған. Жүн, терімен сауда жасалған.

100



саманилер тарапынан тән алынды.

Сабуктегин негізінде Сырдария жағалауларында мекендеген Барсхан түркі тайпасынан болып, жас кезінде тұтқынға алынып, одан соң құл етіп сатылған еді. Саманийлер түркі гвардиясының басшысы Альптегин оны қарамағына алған. Саманийлер мемлекетінің түркі әскерінде қызмет еткен Сабуктегин Ғазна және оның төңірегін Саманийлер наменгері ретінде басқарады. Бұл уақытқа келіп саманийлер әулеті күйзеліске ұшырап, Сабуктегин ресми түрде наменгер атанса да, шынында өзін тәуелсіз әкім ретінде сезіне бастады.

Батыл қолбасшы Сабуктегин дұшпандарға қарсы күресте көмектесті және «Насириддин ад-давла» (мемлекет және дін қорғаушысы) деген құрметті атаққа ие болды.

Сабуктегиннің ұлы Махмұд Ғазнауи дәуірінде мемлекет аумағы кеңейді. Махмұд Ғазнауи Қорасанды бүкіл Саманийлер мемлекетінен бөліп алды. Оның дәуірінде Ғазнауилер мемлекеті Шығыстың ең құдіретті мемлекеттерінің біріне айналды. Бағдат халифасы Махмұд Ғазнауиге «Ямин уд-давла және амин ул-милла» («Мұсылман мемлекетінің оң қолы мен ұлттың амандығы») деген құрметті атақ пен Қорасан әкімдігіне жарлық, жалау және литавра жібереді. Өз кезегінде Махмұд Ғазнауи да Аббосийлер халифасын ресми тән алып, оны пайғамбар ұрпағы ретінде қадірлейді. Ал бұл Махмұд Ғазнауи мемлекетінің толық тәуелсіздігін білдіреді.



Шығармашылық жұмыс



1. Ғазнауилер мемлекетінің пайда болуы үшін нелер негізгі себептер болды?
2. Қазіргі күнде Ғазна қаласы жөнінде Интернеттен мәліметтер табындар және ұсыным жасаңдар.
3. Алптегин және Сабуктегин рәмізі тарихтағы және қайсы тұлғаларды еске салады?

Махмуд Ғазнауи
мешіті мен кесенесі



Хутба—жұма намазында
әмірдің атын айтып, ол
жөнінде дуа оқу, мадақтау.



Білесің бе?

Өз бетімен оқу үшін

МАХМУД ҒАЗНАУИДІ «ЖЕҢГЕН» ПАТШАЙЫМ

Түркийлер тарихында көптеген әмірлер болған, олар ар-намыс, мақтаныш және жоғары дәрежедегі билеуші беделінің рәмізіне айналуға тырысқан. Ғазнауилер мемлекетінің атышулы әміршісі Сұлтан Махмұд Ғазнауиге байланысты төмендегі тарихи оқиға жоғары дәрежедегі билеуші қызметіне мысал бола алады.

Тақ мұрагері Маждиддин Давлоның әлі кәмелет жасына жетпегені үшін Рай аумағын ұлының атынан Сайида хатун басқарып тұрған еді. Махмұд Ғазнауи Сайида Хатунға елші жөнетіп, жұма намазында өзін атын хутбаға қосып оқытуын, Сұлтан Махмұд атымен теңге шығаруын талап етеді. Егер патшайым бұл шарттарға көнбесе, Ғазнауи әскері күшпен уәлаятты иелеп алуы, талан-тараж етуі және патшайымның өзін өлтіруін шарт ретінде қояды.

Сайида Хатун Махмұд Ғазнауидың бопсаларынан қорықпай батылдықпен былай деп жауап берді:

«Сұлтан Махмұд менің жұбайым Фахриддин Давло тірілігінде Сұлтанның Райға шабуыл жасауы мүмкіндігінен әрқашан қауіптеніп отыратын еді. Жұбайым қаза тапқан соң мен бұл жөнінде ойланбай қойдым. Өйткені, менің ойымша, Сұлтан Махмұд ақыл-парасатты билеуші, ол әйел адаммен шайқасқа шығуды өзіне лайық деп көрмесе керек. «Арыстанның тек еркегі ғана емес, ұрғашысы да қауіпті» екендігі баршаға мәлім. Егер ол бізге шабуыл жасауға ұйғарса, онда Құдай тағалам біледі, мен соғыстан қашпаймын. Екеуінің бірі болады: не жеңіс біз жақта болады, не мен жеңілемін. Егер жеңіс маған нәсіп етсе, онда бүкіл дүние-ге елшілер жөнетіп, жүздеген әміршілерді

1006-1008 жылдары қараханийлер Қорасанға бастырып кіреді. Махмұд Ғазнауи Қорасаннан қараханийлерді айдап шығарады.


1017 жылы күйеуі хорезмшах Мамун ибн Мамун ұлына ұйымдастырылған қастандықтан соң Махмұд сол жылдың көктемінде Хорезмге жүріс жасайды. Хазорасп маңындағы шайқаста Хорезм әскерлері жеңіліске ұшырайды. Хорезмнен көп байлықпен бірге, ғылым мен мәдениет қайраткерлері де Ғазнауиға көшіріліп әкелінеді. Олардың арасында ұлы ғалым Әбу Райхан Беруни де бар еді. Хорезмге сұлтанның бұрынғы бас хожибі Алтынтас намеңгер етіп тағайындалады. Кейін Махмұд Ғазнауи қараханийлерге тиісті болған Әмудария бойларына жүріс жасап, Чағонион, Қободиен, Хутталон және басқа шекаралас уәлаяттарды өз мемлекеті құрамына енгізеді.

Махмұд Ғазнауи Ирандағы Рай және Жилоб жерлерін де өз мүлкіне қосып алады. Махмұд Ғазнауи өз дәуірінің жетік қолбасшысы болып, күрделі және шиеліскен жағдай, қарама-қарсылықтарға бай болған кезеңде билік жасаған. Махмұд Ғазнауи 1030 жылы қаза тапты.

қол астында ұстаған Сұлтан Махмұдты мен жеңдім деп мақтанып, дүниежүзіне жар саламын. Бүкіл дүние тарихшылары Сұлтан Махмұд әйел әміршіден жеңілгендігі жөнінде тарих жазады, оның аты тарих сахнасынан ғайып болады, онда бұдан да артық ұят болмайды. Егер Сұлтан мені жеңсе, оған бұл жеңіс даңқ әкелмейді, өйткені ешқайсы ақын немесе тарихшы Сұлтан Махмұд әйел әміршінің мемлекетін басып алды деп мақтамайды».


Сайида Хатунның дана және батыл пікірлерін түсінген Сұлтан Махмұд ол әйел қаза тапқанға дейін бір рет те Райға шабуыл жасамады. Сайида хатун 29 жыл барысында ханзадамен бірге билік жасады. Содан кейін ғана Сұлтан Махмұд Райға әскер тартып, 1029 жылы оны өз билігіне өткізді.

Акбар Замонов,
«Орта ғасырдағы тарихи тұлғалары
өмірінің кейбір белгісіз парақшалары»



Шығармашылық жұмыс

1. Неліктен Махмұд Ғазнауи Райға әскер тартудан бас тартты?
2. Тарихымызда мемлекетті басқарған және қандай әйелдерді білесіңдер?
3. Еуропа мемлекеттері тарихында да ел басқаруында қатысқан әйелдерді білесіңдер ме?



Бұқаның басы
пішініндегі мұрынды
ыдыс, Ғазнауилер әулеті
дәуірі

Мәлімет үшін



Махмұд Ғазнауи Үндістан және басқа елдерден алып келінген олжаларды көп жағдайда көркейту және құрылыс істеріне жұмсаған. Оның ішінде, ол Ғазнада алғашқы мемлекет медресесін ашып, оған баға жетпес қолжазбаларды жинаған. Бұдан тысқары жоме мешіті, үлкен су тоғаны және бірнеше ғимараттар салдырады. Ғазна тезарада Шығыстың ең әсем және көркем қалаларының біріне айналды. Әбу Райхан Беруни Ғазна жөнінде әңгімелегенде, бұл қалада сәулетті сарайлар, медресе және базарлар көптігін ерекше атап өткен еді.

Сұлтан Балх пен Нишапурде де бірнеше құрылыс істерін жүзеге асырған. Сондай-ақ, сұлтан ғылым мен мәдениет қайраткерлеріне де демеушілік жасады. Махмұд Ғазनावийдің өзі түркий, араб, парсы тілдерін жетік меңгерген, поэзиядан хабардар болған.

Оның сарайында Әбулхасан Фаррухи, Абдулмажид Санойи, Унсури, Манучехри, Утбий, Гардизий, Байһади және сол секілді ақын, тарихшылар да қызмет көрсеткен. Берунидің ең таңдамалы шығармалары да Ғазнада дүниеге келген. Ол сұлтанмен көптеген жүрістерде қатысқан. Беруни мен Сұлтан арасындағы қарым-қатынас жылы болған. Ғалым Махмуд Ғазнауи өлімінен соң (1030) да Ғазнада өмірінің соңына, яғни 1048 жылға дейін жасаған. Ол Ғазнада обсерватория ашып, шәкірттеріне сабақ берген, өнімді шығармашылық етеді.

Махмұд Ғазнауи әкесі Собуқтегинге жазып қалдырған: «Рухани ұлылық жалын пен желге ұқсас, олардың әрекет ету және самғау қасиеттері бар. Ал құшырлану қия жердегі құм үйіндісіне ұқсас болады. Оның аласалыққа тартушы қасиеті бар», деген насихатына құлақ асып, ғылым саласына да аса назар аударған.

Махмұд Ғазнауи ұлы ғалым Әбу Әли ибн Синаның да өз сарайында қызмет етуін қалаған. Өз уақытында хорезмшах Мамундан басқа ғалымдар қатарында оны Ғазнауиға жіберуін талап еткен. Сондықтан, Гурганжге елшілерін де жөндеткен еді. Бірақ Масихий және ибн Сина Сұлтан Махмұд Ғазнауи сарайында қызмет етуді қаламай, Хорезмнен шығып кету туралы шешім қабылдайды. Махмұд Ғазнауи ибн Синаны өз сарайына қызықтыруға көп әрекет етеді, тіпті оның бейнесін қағазға көшіртіріп, қандай болмасын, оны тауып келтіруге бұйрық береді.



Ой жүгірту үшін

МАХМУД ҒАЗНАУИ ЖӘНЕ ФИРДАУСИЙ

Сұлтан Махмұд Ғазнауи Әбул Қасым есімді парсы ақынына Фирдаусий бүркеншік атын берген. Сұлтан бастапқыда Фирдаусийге оңтайлы қатынаста болған еді. Бірақ, ақын шығармашылығы үшін лайықты ақы алмағанын сылтау етіп, берілген 60 000 күміс дирхамын халыққа тарату арқылы құрметсіздік көрсеткен соң, сұлтан бұдан қатты ызаланады және өлімге үкім етеді. Бірақ кейін көңілі жұмсап, үкімді жоққа шығарады және оны қаладан шығып кетуіне рұқсат береді.

Фирдаусийдің түркий халықтар жөнінде кейбір кері көзқарастары да сұлтанға жақпады. Ақын Тусқа жол алды. Фирдаусий біраз уақыттан кейін сұлтанды әжуалайтын байттар жаза бастайды.

Ал бұл өз кезегінде Махмұд Ғазнауидың атын кейін де Фирдаусий шығармашылығында кері екпінде тілге алуына негіз болады.

Фирдаусий. «Шахнаме»
шығармасына жасалған
миниатюра



Шығармашылық жұмыс



105-106 беттердегі текстті оқындар және төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Рухани ұлылық, аласалық секілді түсініктер нені білдіреді?
2. Сен рухани ұлылыққа қол жеткізу үшін нелерге назар аударасындар? Жауаптарыңды өз күн тәртіптеріңмен негіздеңдер.
3. Мемлекет тәуелсіз болуы үшін қандай негіздер керек?
4. Ар-намыс, мақтаныш және жоғары дәрежедегі әмірші беделінің рәмізі дегенде нені түсіндіңдер?



106

Мәлімет үшін



Ғазнауилер мемлекетінде басқару жүйесі өзінің күрделілігімен назар аударады. Басқару жүйесінің орталығында сарай мен дуандар (уәзірліктер) тұрған. Сарайға жоғары әмірші қызметіне тиісті қызметтер мен лауазымдар кірген. Ғазнауилер дәуірінде хожиблик қызметінің орны ерекше назар аударуға лайық.

Хожибликтің төмендегідей түрлері болған: ұлы хожиб, сарай хожибі, кезекші хожиб, хожиб-жомадор (сұлтан гардеробының сақтаушысы). Ұлы хожиб тек хожибтар арасында ғана емес, бәлкім бүкіл мемлекет өмірінде үлкен беделге ие болған. Махмұд Ғазнауидан кейін тікелей билік істерін қолға алған ұлы хожиб Али Қариб есімді кісі болған. Ресми салтанаттар, әртүрлі шараларда ұлы хожиб әміршіге ең жақын жерде тұрған. Шайқастарда да оған әскердің ең салмақты әрі жауапты бөлімдеріне басшылық ету міндеті жүктелген. Сарай қызметінде сипахдар (сарай қызметкері), давотдор (жоғары әміршінің құжаттарын жүргізуші), пардадор (маһрам, құпиялы істерді орындаушы), мартабадор (сарайдағы орта лауазымды шенеунік), қазынашы, жома хана (бітікші) және тазалаушы секілді лауазым мен қызметтердің орны ерекше болған.

Дуандардың атқару мекемелері болып, сол дәуір деректерінде 5 дуанның аты ұшырайды. Олар уәзір дуаны (бас уәзір дуаны), әскери істер дуаны, елшілік және басқа ресми шараларды өткізу дуаны, қаржы дуаны, пошта-хабар дуаны. Уәлаят бастығы волий делінген. Оны жоғары әмірші тағайындаған. Уәлаяттардағы басқару істерін амид жүргізген. Қала басшысы төраға деп аталған. Қала көлемінде кутвол, сохиби дуан секілді лауазымдылар да қызмет көрсеткен.

Ғазнауилер мемлекеті құдіретті әскери күшке ие еді. Жоғары қолбасшылық әміршінің өзінде еді. Бас қолбасшы--сипахсалар әулеттің ең сенімді



өкілі немесе осы отбасы мүшесі болып есептелінген. Мысалы, Махмұд Ғазнауи сипохсалар лауазымына ағасы Мұхаммед Юсуфты лайық деп тапқан. Жоғары дәрежедегі әскери қолбасшылар салор, орта дәрежедегілер сарханд дейілген. Әскерилер өз пошта-хабар және қазылық қызметтеріне ие болған. Ғазнауилер әскерінде әскери кемелер де бар еді.

Ғазнауилер дәуірінде ішкі және сыртқы сауда-сатық байланыстары едәуір дамыды. Қалаларда қолөнершілік салалары, құрылыс, ғанышпен ою және тағы басқалар өркендеді.

Ғазнауи әскерлерінің салты атты әскері



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Ғазнауилер мемлекетінде мемлекет басқаруының сарай мен дуанға бөліну тарихымызда қайсы әулет дәуірінде реттелген еді?
2. Топтарға бөлініп, Ғазнауилер мемлекеті және саманийлер дәуіріндегі мемлекет басқаруын салыстырыңдар және қорытынды жасаңдар.
3. Ғазнауилер мемлекеті дәуірі мен билеушілер туралы қосымша мәліметтер табуға әрекет етіңдер.

30–31-тақырыптар:

ҚАРАХАНИЛЕР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар:

1. Саманийлердің күйзелісі арқылы қайсы аумақтар қараханийлердің иелігіне өткен еді?
2. Ғазнауилер мен қараханийлер арасындағы қарым-қатынастар қандай болған?
3. Қандай себептер бойынша бір дәуірде екі әулет мемлекет басқаруына келді?



Мәлімет үшін

X ғасырдың екінші жартысында ішкі қарама-қайшылықтардың күшеюі және шиеленісуі нәтижесінде Саманийлер мемлекеті әлсірей бастайды. Саманийлерге бағынышты болған уәлаяттар, әсіресе, Қорасанда олар әкімшілігіне қарсы көтерілген бүліктер, тәж бен тақ үшін үздіксіз жүргізілген күрестер саманийлер мемлекеті күйзелісін жақындатты. Бұндай жағдайдан Жетісу және Қашғарда тұратын түркі тайпалар тиімді пайдаланды. Өйткені X ғасырдың екінші жартысында бұл аймақтардағы қарлұқ, чигил, яғмо секілді түркі тайпалар өз құдіретті мемлекеттерін түзуге қол жеткізді. Осы дәуірде Исфижоб(Сайрам) әкімі Былғақұл өзін қаған деп атап, жоғары билеушілікке дағуамен шықты. Бірақ саманийлер Исфижабты басып алды. Исмаил Самани Таразды иелеген соң түркі тайпалар әскери Батыс Қашғар жерлеріне қарай шегінуге мәжбүр болды. Былғақұлдың «қара» деген лақабы болған. Тарихшылар қараханийлердің аты Былғақұлға байланысты «қарахан» дейілсе керек, деген жо-

рамал жасады. Былғақұлдың ұрпақтары бірнеше рет Мәуереннахрға шабуыл жасаған.

Қараханийлердің Мәуереннахрға толық билігі Х ғасырдың 40-жылдарында қалыптасты. Сотуқ Буғрохан билігі дәуірінде Қараханийлер әулеті исламды қабылдаған.


Бүкіл Тянь-Шань және Жетісуды иелеп болғаннан соң, қараханийлер саманийлер мемлекеті құрамында болған Мәуереннахрға да әскери жүрістер ұйымдастырды. Олар тезарада Ферғана және Исфижабты басып алуға қол жеткізді. Олар саманийлерге тиісті болған иеліктердің едәуір бөлігін, Самарқант және Бұхараны да иелейді.




Білесің бе?

Қараханий Ибрахим Наср 1066 жылы Самарқанттағы бір ауруханаға бүкіл ғимараттары, сауда қатарларымен екі керуенсарайды тарту (вақф) еткен. Сол екі керуенсарайдан келетін табыстан аурулардың азық-түлігі, дәрі-дәрмегі, емшілер, барлық түрдегі қызмет көрсетушілерді тиісті жалақымен қамтамасыз ету жолынан пайдаланылған. Басқа бір құжат бойынша, Самарқантта салынған медресе кешенін қамтамасыз ету үшін Ибрахим Наср үш қонақ үйі, бір керуенсарай, бір ерлер моншасы, су айырғыш, жүзімдіктер, бірнеше егін жерлері және басқалардан келетін табысты вақф етіп берген.

Ой жүгірту үшін



Х ғасырдың соңында саманийлер мемлекетінің орнына екі жаңа мемлекет: Қашғардан Әмударияға дейін – қараханийлер, Солтүстік Үндістаннан Каспий теңізі оңтүстігіне дейін – ғазнауилер мемлекеті пайда болды.



Х ғасырдың екінші жартысы барысындағы әрекеттер нәтижесінде қараханийлер шығыстық бағытта Балхаш көлі- Черчен дариясына дейін (Шығыс Түркістан) болған жерлерді бағындырды. Ал батыс бағытта Исфижаб, Озганд, Мурғаб дариясының төменгі ағымдарына дейін аумақтарды өзі ықпал ету шеңберіне енгізеді. 1005 жылдан қараханийлер Бұхара, Самарқант және Әмударияға дейінгі аумақтарды өз иелігіне алады.

Қараханийлердің Тұрандағы билігі 200 жылға жуық жалғасты.



Мәлімет үшін

Жетісу уәлаятында өрлеуді бастаған қараханийлер оңтүстік, батыс бағыттарында өз үстемдік жасау шеңберлерін кеңейте түскендер және оның нәтижесінде Черчен дариясынан Хорезмге дейінгі болған аумақты басқара бастаған. Саяси орталық ретінде өз тарихи мекендеріндегі үлкен қалалардың бірі болған Баласағұн және одан алыс болмаған Қашғарды таңдады. Демек, негізгі саяси орталық сол аумақта шоғырланған. Бұхара, Самарқанд, Чағонион, Ферғана және басқалар әрине жаңа саяси орталыққа қарағанда уәлаят (иелік) орнында болған.

Қараханийлер достық қарым-қатынастар орнату жақтаушысы екендігін білдіріп, көршісі ғазнауилермен елшілік қатынастарын орнатады. Бірақ, мұндай қатынастар ұзаққа созылмады.

Қараханилер ғазнауилер иелігіндегі аумақтарға бірнеше рет басқыншылық шабуылдарын ұйымдастырады. Бірақ бұл жүрістер сәтсіздікпен аяқталады.


1008 жылы Махмұд Ғазнауи 500 соғысқа үйретілген пілдері бар үлкен әскерімен қараханийлерге қарсы шығып, олардың әскерлерін қырып жіберді. Одан соң қараханийлер Қорасанға әскери жүріс ұйымдастыруға батылдығы жетпеді. Терміз, Қабодион, Хутталон секілді Әмудариядан солтүстіктегі жерлер Ғазнауилер жекеменшігінде қалды.

Қараханийлер мемлекеті шартты түрде Шығыстық және Батыс бөлімдерге де бөлінген.

Қараханийлер әулеті резиденциясының қираған үйінділері, XI-XII ғасыр, Самарқанд

Мемлекетті әдетте «қарахан» атағымен дәріптелген «ұлы хан» басқарған. Хандық тағына аға-інілік салты негізінде әулеттің ең жасы үлкен болған кісі отырған. Хандар «қарахан» атағымен бірге тавқачхон, арсланхан, буғрохан секілді құрметті атақтармен дәріптелген.

«Такин» (тегін) атауы алғаш ежелгі түркияларда хоқон мұрагері, тақ мұрагеріне қолданылып, кейіннен әскери қолбасшылар атағы ретінде де қолданылған.



Ой жүгірту үшін

Қараханийлер саманийлердің орнын басуы орталықтандырылған мемлекет жүйесіне соққы берілді, басқаруда мүлікшілік (яғни жол астындағы уәлаяттарды әулет өкілдеріне бөліп беру) түрі енгізілді.

Орталықтағы басқару жүйесі екі мекеме: сарай мен дуандардан құралды. Жоғары билеуші өзіне бағынышты болған уәлаят пен қалаларға билеуші әулет өкілдерін тағайындап, сонымен бірге әрине бүкіл мемлекетте өз саясатын жүргізуді мақсат етіп қойған. Уәлаяттарды (иелік) такиндер басқарған. Олар тәуелсіз саясат жүргізуге де ұмтылған.



Шығармашылық жұмыс

Қараханийлер мен Ғазнауилер мемлекеттеріндегі басқару жүйесінің өзіне тән жақтары нелерден құралған еді?



Мәлімет үшін

XI ғасырдың үшінші ширегінде қараханийлер саяси бірлігі екіге: батыс (Самарқант, Бұхара, Хутталон, Чағонион) және шығыс (Жетісу, Шығыс Түркістан) қағандықтарға бөлінеді. Қараханийлердің Мәуереннахрда билік еткен өкілдері орталыққа мойынсынудан бас тартып, тәуелсіз саясат жүргізе бастайды.

Батыс қағандықта саманийлер дәуірінде болған басқару жүйесі (бас уәзір, қаржы істері, мемлекет ресми құжаттарын дайындау, сақшылар бастығы, хат-хабарлар, сарай ісбасқарушысы, мухтасиб, вақфтар, қазылық істері дуандары) сақталып қалған. Сондай-ақ, уәлаят бастықтарын әкім, қала бастығын төраға деп атау әдеті де өзгермей қалған.

Қараханийлер дәуірінде де орталықтағы (сарайдағы) басқару жүйесіне аса мән берілген. Мұнда сарай, яғни жоғары әмірші мен уәлаяттар, азаматтар арасындағы қатынастарды үйлестіріп тұратын хожибтар қызметі ерекше орын алған. Саманийлерден өзгешелігі қараханийлер дәуірінде хожибтар, негізінен, жоғары әмірші, уәлаят әкімдерінің мемлекет және раят істері бойынша ең жақын кеңесшісі болып есептелген.



Науаи маңындағы Работи Малик керуенсарайы. Қараханийлер дәуірі



Білесің бе?

Юсуф Хос Хожиб және Махмұд Қашғарияға қараханийлер тарапынан хос хожиб атағы берілген.

Қараханийлер кесенесі


ҚАРАХАНИЙЛЕР МЕМЛЕКЕТІ

Батыс

- Самарқант
- Бұхара
- Хутталон
- Чағанион
- Шаш-Илақ

Шығыс

- Жетісу
- Шығыс Түркістан




Сыртқы саясатпен шұғылданатын мансаптыларға, атап айтқанда, елшілерге өте үлкен талаптар қойылған болатын, яғни олар «білімді, зиялы, жетілген, арыстан жүрек, көзі тоқ, саналы» болуы керек болған. Талаптардың ішінде: астрономия, математика, геодезия ғылымдарын жетік білу, шахмат пен нард ойынында қарсыласынан асып түсетін, соғыс өнерінде теңдесе алмайтын болу және ешқашан май ішпеуі, сөз, сөз тіркестерінің тура және ауыспалы мағынасын жетік білу.

Жүсіп Хас Хажиб
«Құтадғу білік» (Құтты білік)



Мәлімет үшін

Сарай қызметінің тиісті дәрежеде ұсталуын сарай істерінің басқарушысы, қонақтарды қабылдау қызметі (оның басқарушысы «Бирук» деп аталған), қазынашы (ағычы), асхана қызметкерлері (аспаз), шарап тасымалдаушы, жатын бөлмесі, киім-кешекпен қамтамасыз ету қызметі, аң аулауды ұйымдас -тыру қызметі (құсшы) секілді әкімшілік қызметкерлері жұмыс істеген. Жоғары әміршінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның саясаты жолында аянбай қызмет ету міндеті болған арнайы іріктеліп алынған әскери бөлім де сарайды басқару жүйесіне кірген. Әрине, арнайы бөлімнен тысқары басқа әскерлер де болған. Мұндағы ең маңызды қолбасшылық өнері және басқару мансаптарына қараханилер әулеті өкілдері мен адал сарбаздар тағайындалған. Ірі сарбаздардан басқа кіші күзетшілер (чавуш), атты әскерлер басы (хайлбасы), жүзбасы, мыңбасы секілді әскери мансаптар да бар болғандығы айқындалды.



Шығармашылық жұмыс

Жүсіп Хас Хажиб «Құтадғу білік» шығармасынан алынған үзіндіні ықыласпен оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Неліктен елшілерге «білімді, зиялы, жетік, арыстан жүректі, көзі тоқ, саналы» болуы туралы талап қойылды?
2. Елшілерге «Астрономия, математика, геодезия ғылымдарын жетік білу, шахмат пен нард ойынында қарсыласынан асып түсетін, соғыс өнерінде теңдесе алмайтын болу және ешқашан май ішпеуі, сөз, сөз тіркестерінің тура және ауыспалы мағынасын жетік білуі» не үшін қажет болды?
3. Бұл талаптардың бүгінгі күндегі көкейкестілігі қандай? Сендер және қандай талаптарды қосқан болар едіңдер және неліктен? Пікірлеріңді мысалдармен негіздеңдер.



Шығармашылық жұмыс

1. Жерасты, жерүсті құбырларын өткізу, каналдар, су қоймаларын құру үшін қандай мамандар керек болған деп ойлайсың?
2. Мыс, күміс, қорғасын, алтын, сынап, темір, көгілдір ақық, аммиак, мұнай, мәрмәр, тотияйын, қарамайларды қазып алу нәтижесінде қайсы салалар дамыған?
3. Бірінші және екінші сұраққа берген жауаптарыңды қорытындылап, бұл сала мамандары қайда дайындалғаны туралы ойлап көріңдер?



Мәлімет үшін

Қараханилер дәуірінде диқаншылық жұмыстары өз сарынында кешкен. Бұған, жасанды суғару жүйелерінің талап дәрежесінде болуы, қажет болғанда олардың жөнделуі, жерасты, жерүсті құбырларының өткізілуі арқылы қол жеткізілген. Әсіресе каналдар, су қоймалары, тосқауылдардың салынуы өлкедегі Бұхара, Самарқанд, Ферғана, Ташкент уәлаяттарында дәстүрлі диқаншылық жоғары дәрежеде дамуына алып келген.

Ахангаран маңында (Қарамазар) мыс, күміс, қорғасын, темір кендері, Ферғанада алтын, сынап, күміс, темір, мыс, көгілдір ақық, аммиак, мұнай, тотияйын, қарамай, Нұрата тауларында алтын, мыс, қорғасын, сынап, мәрмәр, Бұхара және Усрушанада алтын, мұнай, көгілдір ақық, темір кендерінде көптеген адамдар еңбек еткен.



Алтын



Сынап



Күміс



Мыс

Ферғана



Алтын



Мыс



Қорғасын



Мәрмәр

Нұрата таулары



Алтын



Көгілдір ақық



Темір



Мұнай

Бұхара, Усрушана



Мыс



Күміс




Темір



Қорғасын

Ахангаран




Ой жүгірту үшін

Теміршілік, құмыра жасау, шыны жасау, зергерлік, тоқымашылық, тері илеу, сүйектен оюлар жасау секілді отыздан астам салалар дамыған. Мысалы, шыны жасауда шыныдан жасалған заттардан (асхана бұйымдары, жиһаздары, сәндік әшекейлер, сиядан, қыш құмырадан және тағы басқалардан) әртүрлі реңде бояу әдетке айналған. Бұдан басқа, ғимараттарды безендіру, жиһаздауда шыны жасаудың мүмкіндіктерінен көбірек пайдаланылған.

Ғимараттарда орнатылған терезе айналары реңді және реңсіз болуы мүмкін еді. Торылар аралығына әртүрлі реңдегі айналардан орнатып, ғимаратты көріктендіруге әрекет еткен.

Бұхара, Самарқандта мақтадан тоқылған әртүрлі маталар аумақта да, шетелдерде де атышулы болған. Тері илеу өнімдерінен тиін, бұлғын және басқа жануарлардың терісінен тон(ичуқ), былғарыдан жасалған табанды аяқ киімдері (іздік), түйе және қой жүнінен тоқылған жылы киім (қарс), гүлді кілем, киіз және тағы басқалар болған.





Ой жүгірту үшін

Шығыс Түркістаннан Хорезмге дейінгі үлкен аумақтың саяси жағынан бірігуі сау да-сатық істерінде аумақтың шығыстық уәлаяттары мүмкіндіктерінің дамуына жағдай жасады. Өйткені, біз бүгін «Жібек жолы» деп білетін сауда жолы тікелей Шығыс Түркістанды араб өлкелерімен тұтастырған. Өз дәуірінде солтүстік және оңтүстік бағыттарға ие бұл жолдың бір ұшы Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан, Ферғана, Ташкент, Зарафшан аңғары, Бұхара арқылы Еділден өтіп Шығыс Еуропаға дейін, ал оңтүстікте Таяу Шығыс арқылы Жерорта теңізіне дейін барған. Жол бойындағы қала мен қыстақтарда көркем, таза базарлар мен керуенсарайлар саудагерлерге қызмет етті, бұдан пайда көретін қызметтер де кең дамыған. Үнемі сауда көрмелері де ұйымдастырылып тұрған.

Бұхарада Калян минареті, бірнеше мешіттер, Сурхандарияда Жарқорған мұнарасы, Вабкентте мешіт және мұнара, Өзгенде кесенелер, мұнара, мешіттер Самарқантта медреселер салынған.

Қараханидтер әулеті өз қызметі барысында аумақтың әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени өркендеуіне лайықты үлес қосқан.



Калян мұнарасы

Жарқорған мұнарасы





Мәлімет үшін

Махмуд Қашғаридың тамаша және баға жетпес мұрасы «Түрк тілдерінің сөздігі» шығармасы да сол дәуірде (XI ғасыр) жазылған. Шығарманың қараханийлер дәуірінің тілі, морфологиясы, фонетикасы, лексикасы, этимологиясын үйренуде бірегей қайнар көзі болып саналады. Махмуд Қашқари шығармасының абзалдықтарының бірі мұнда автор сызған әлем картасы бар. Карта шеңбер түрінде және оны жан-жағынан су қоршап тұрғандығын білдіретін белгілер көрсетілген. Картада орталықта Жетісу, Шығыс Түркістан аумағы, оның төрт бағытында әртүрлі қалалар, мемлекеттер, теңіздер, көлдер, дариялар, таулар орналасуы берілген.



Жүсіп Хас Хажибтың «Құтадғу білік» (Құтты білік) шығармасы жөнінде
 Бұл кітапты Баласағұнда туған бір сахаба, тақуа жазып шығарған. Бірақ бұл еңбегін Қашқарда тәмамдап, Маршық (Шығыс) мәлігі Табғаш Бураханның құзырына ұсынған. Мәлік оның еңбегін қадірлеп, жарықтап, әрі ұлықтап Хас Хажыб (Ханның уәзірі, министр) деген атақ беріпті. Сондықтан ол Жүсіп, Ұлы Хас Хажыб атанып, атақ-даңқы жер жүзіне жайылды.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз


1. Төмендегі ұсынымның бірін дайындаңдар:
 - «Қараханийлер дәуіріндегі сәулеткерлік»,
 - «Махмуд Қашғаридың шығармашылығы дәуіріне байланысты мәліметтердің берілуі»,
 - «Жүсіп Баласағұнның (Баласағұн) «Құтадғу білік» (Құтты білік) шығармасы әлемдегі түркі тектес халықтардың баға жетпес қазынасы».
2. Қараханилер мемлекетінің тарихымызда тұтқан орнын талдаңдар және ғазнауилер, саманилер, саффарилер, тахирилер және басқа мемлекеттермен салыстырыңдар.

32–33-тақырыптар: СЕЛЖҰҚТАР



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Саманийлердің орнында қалыптасқан ғазнауилер мен Қараханилер мемлекеттері иелігіне қандай аумақтар кірген еді?
2. Түрік қағандығы құлаған соң оғуздар қайсы жерлерді өздеріне мекен етіп алды?
3. Оғуздар мекендеген аумақтарды картадан көрсетіңдер.



Ой жүгірту үшін

Селжұқтар түріктердің оғуз тайпасы құрамында алғаш қазіргі Оңтүстік Қазақстан аумағындағы жайлауларда, Сырдарияның орта ағысындағы жерлерде көшпелі өмір сүрді. X ғасырда Селжұқ атты кісі өзінің оңтайлы қасиеттері, білімділігі, ептілігі және ержүректілігімен құрметке ие болып, бірнеше тайпалардың қолбасшысы, үлкен әскербасы дәрежесіне қол жеткізді.





Ой жүгірту үшін

Махмуд Ғазнауидың разылығы мен бірнеше шарттармен селжұқ отбасылары Қорасанға кіріп келді. Кейіннен 1040 жылы селжұқтар мен ғазнауилар арасында Данданақанда қақтығыс болды. Бұл қақтығыста ғазнауилар жеңіліске ұшырайды.

XI ғасырдың 40 жылдарында селжұқтар Хорезм, Иран, Кавказартына әскери жүрістер ұйымдастырды және бұл аумақтарды өз ықпал ету шеңберіне алды. Олар халифаның астанасы Бағдатты басып алды. Селжұқ билеушісі Сұлтан Алп Арслан Кіші Азияда Византия патшасы Роман IV Диогенді жеңді. Бұл өз кезегінде селжұқтардың Кіші Азияда және Таяу Шығыста мықты орналасып алуына үлкен негіз жасады.

Селжұқтық Султан Мәликшах заманында Самарканд, Бұхара, Өзген (Ферғана) селжұқтардың қол астында бірікті. Шығыс Түркістандағы Қараханийлер де селжұқтардың үстемдігін тән алды. Сұлтан Мәликшах билігі дәуірінде Селжұқтар салтанаты Таяу Түркістаннан Жерорта теңізіне дейін болған аумақты өз ішіне қамтып алған. Селжұқтар мемлекетінің ең өрлеген дәуірінде Бағдат халифасы Сұлтан Тұғрылбекті «Мәлик әл-Машриқ», яғни Шығыс әміршісі және «Рукн әд-дин»--- «дін сүйеніші» деп атаған. Бұл оның билігі қаншалықты құдіретті екендігін білдіреді.


Ал селжұқтар салтанатының әлсіреу барысы XI ғасырдың екінші жартысында басталды. Оның себебі салтанаттың шектен тыс үлкен аумақта орналасқандығы еді. Сондықтан бұл дәуірде селжұқтар әулеті өкілдерінің қызметімен байланысты Сирия, Ирак, Анадолы (Куния), Кирмон сұлтандықтары пайда болды. XII ғасырдың бастарында-ақ патшалық шығыс және батысқа бөлінді.



Мәлімет үшін

Шығыс бөлімі негізінен Қорасан мен Мәуереннахрдан құралды. Оның шекаралары, ықпал ету шеңбері өзгеріп тұрған. Сұлтан Санжардың құдіреті күшейген уақытта батыс селжұқтар (Иран, Ирак, Өзербайжан) оның, яғни шығыс селжұқтардың саяси ықпалында болған.

Мәуереннахрға шығыстан қарақытайлардың бастырып кіруі нәтижесінде Сұлтан Санжардың күші жойылды. Селжұқтар қараханийлермен бірге қарақытайларға қарсы аттанды, бірақ олар жеңілді. Бұл селжұқтарға тәуелді болған Хорезмнің өрлеуіне жағдай жасады. Осы жерден шыққан хорезмшахтар (ануштегинийлер) XII ғасырдың екінші жартысында батыс селжұқтарға соққы берді. Шығыс селжұқтар қызметіне Сұлтан Санжар өлімінен кейін шек қойылды.




Шығармашылық жұмыс

1. Және қайсы әулеттің билігі дәуірінде мемлекет ол Шығыс және Батысқа екіге бөлінді?
2. Сирия, Ирак, Анадолы (Куния), Кирман сұлтандықтарын картадан көрсетіңдер. Олар қазіргі дәуірде қайсы мемлекеттердің аумағына тура келеді?



Шығармашылық жұмыс

1. Селжұқтар әулетінің орнына қайсы әулет билікті қолға алды?
2. «Хорезмнің өрлеуі» дегенде нені түсінесің?
3. Төмендегі пікірге талдау жаса: «XII ғасырдың соңында Кіші Азиядағы Анадолы (Куния) сұлтандығынан басқа ешбір жерде ресми селжұқтар әулеті қалмады. Анадолы сұлтандығы XIII ғасыр орталарында монғолдарға бағынышты болып қалды. Селжұқтардың арқасында Кіші Азияда түркі тілдес мемлекет пен ұлтқа негіз салынды. Сондықтан қазіргі Түркиядағы түрік тілдес халық Түркістанды әке жұртымыз, яғни тарихи отанымыз деп тән алады».



Ой жүгірту үшін

Мемлекет басында жоғары әмірші мәртебесінде селжұқтар әулеті өкілі болған. Ол Сұлтан (Сұлтан ул-аъзам) атағына ие болған. Оның атынан дұға оқылып, теңге соғылған. Мүлік жер-су үлестіру, маңызды мемлекет пен басқару мансаптарына тағайындау істерін және арыз бен шағымдарды сұлтанның өзі жүргізген және қаржылық есеп-хисаптарды да ол өзі бақылап отырған. Сұлтан мемлекеттің көркеюі, құрылыстар, керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін де өзі бақылау жасап отырған.

«Патша аптасына екі күн зұлымдық көргендерді қабылдауы керек еді. Ол зұлымдық жасаушыны жазалауы, әділдікке шақыруы, арыздарды ешқандай делдалсыз өзі тыңдауы қажет болды. Арыз жасаушылар ең маңызды сөздерін айтуы, ал әмірші олар бойынша үкім шығаруы қажет. Сонда мемлекетте патша езілген және әділет қалағандарды аптасына екі рет қабылдап, олардың арыздарын тыңдайтындығын еді барша білетін. Залымдар сондықтан бұдан қауіптеніп, құлдарын ұрмайтын»

Селжұқтардың бас уәзірі Низа әл-Мүлк
«Сиясатнаме»

Мәлімет үшін



Халық арасында және тарихта Низам Әл-Мүлк (мүлік - мемлекет тәртібін реттеуші) атымен танымал болған селжұқтардың атышулы уәзірі Әбу Әли Хасан ибн ат-Туси.

Низам әл-Мүлк селжұқ әміршілерінің билеу дәуірінде жұмысты қарапайым шенеунік болып бастап, уәзірлік дәрежесіне қол жеткізген және көп жылдар барысында қызмет еткен.

«Темур ережелерінде» кез келген патша, халық армандағандай ақл мен зерде, парасат иелері болған уәзірлер жөнінде сөз болғанда «Сиясатнаме» авторы Низам Әл-Мүлкті ерекше ықыласпен атап өтіп, барлық жағынан үлгі етіп көрсетеді. Мұндай «қылыш пен қалам иегері» болған уәзірлерді ардақтауға, қадірлеуге шақырады.

Низам Әл-Мүлік жазған «Саясатнаме» немесе «Сияр әл-мулук» (Патшалардың тұрмыс салты) атты шығармасы бұл мемлекет басқаруының негізгі ережелерін және құқықты мәселелерді үйренуде қайнар көзі болып саналады. Туынды бір хикаяттан келесі хикаят шығатындай, яғни бір хикаят және одан шығарылуы керек болған қорытындылар ретінде түзілген.



Низам Әл-Мүлік



Селжұқтардың қыш плиткасы

Сұлтан Санжар кесенесіі





Мәлімет үшін


«Сиясатнаме» шығармасында мемлекет басқаруына тиісті көпшілік ереже мен заңдар, тәсіл мен құралдар, әртүрлі дәрежедегі мемлекеттік кеңселер туралы әңгіме өрбітіледі. Шығарманың негізгі идеясының мәні -- мемлекетті тиімді басқару, онда қатаң ереже мен тәртіпті орнатуға, лауазымдағыларды ожданды, пәк, адал және иманды болуға, мемлекетті көркейту, оның тыныштығы мен татулығын қамтамасыз ету үшін әрекет етуге шақырады. Осы мемлекет мәселесі бұл шығарманың негізгі идеясы болып саналады.

«Сиясатнаме» шығармасы жазылған дәуірден бастап ғалымдар, тарихшылар, әдебиетшілер, ең негізгісі әмір мен патшалар назарын өзіне қаратып келді. Бұл шығарманы сұлтандар мен лауазымды тұлғалар көшіртіріп алып, өз қызметінде пайдаланған.

«Сиясатнаменің» ең көне нұсқасы Ирандағы Тебриз Ұлттық кітапханасында сақталады.

Шығармашылық

ЖҰМЫС




1. Бүгінгі күнде Өзбекстанда азаматтардың елбасшыға жүгінуінің қандай көріністері (жолдары) ұйымдастырылған?
2. Селжұқтар дәуірі мен бір уақытта пайда болған Еуропа мемлекеттерінде корольдар мен азаматтар қандай қарым-қатынаста болған еді?
3. Топтарға бөлініп, сол дәуірдегі Орталық Азия мен Еуропада болған мемлекеттерді салыстырыңдар.





Шығармашылық жұмыс

Неліктен әскердегі бір қызметкердің жалақысы көтерілетін немесе қысқартырылатын болса, бұл жөнінде ең алдымен қаржы-салық дуанымен келісіп алынуы қажет болған? Пікіріңді негізде.




Селжұқ әміршісі Акхад Санжардың тәж кию рәсімі. Рашидиддиннің «Жоми ат-Таворих» кітабынан, 1307 жыл.




Мәлімет үшін

Низам Әл-Мүлік уәзірлігі дәуірінде Бағдад, Басра, Исфаханда «Низомия» атындағы медреселер құрғызды. Ұлы ғалым Әбу Хамид Ғаззолий Бағдаттағы медреседе өз уақытында дәріс берген.

Сондай-ақ, Низам Әл-Мүлік дәуірінде танымал астроном Омар Хайям күн күнтізбесін реформалау үшін түзілген жұмысшы топқа жетекшілік етуге шақырылады. Омар Хайям бұл істі орындап, дуаның ғылыми және мемлекеттік жұмыстарында Низам Әл-Мүлікпен бірге қызмет жүргізді. Біз Омар Хайямды көбірек ақын, дәлірек айтқанда төрттіктер шебері ретінде танимыз. Шынын айтқанда, ол жетік жұлдызшы, математика тарихында сандардан бүкіл оң түбірді табудың жалпы ережесін бірінші болып дәлелдеп берген ғалым еді.




Омар Хайям



Шығармашылық жұмыс

1. Бір дәуірде өмір сүрген бұл тұлғалардың тарихта із қалдыруына негізгі себеп не деп ойлайсың?
2. Бір дәуірде өмір сүріп, шығармашылық еткен қандай тұлғаларды білесің? Олардың тарихтағы орны мен мұраларының маңызы қандай болған?
3. Бұл дәуірде дүниежүзі елдері басқаруында қандай шығармалар мен атышулы мемлекет басқаруында үлгі болатындай тұлғалар бар еді?



Ой жүгірту үшін



Селжұқтар дәуірінде диқаншылық дамып, жасанды суару жүйе лері жетіле түскен. Хорезм қауындары, Журжон (Гургон) құрмалары, қант құрағы, лимондары, Нисо жүзімдері, бегесі, баялдысы, Марв бидайы тек қана аумақта ғана емес, бәлкім одан тысқарыда да даңқы шыққан. Диқаншылық саласының дамуы, әлбетте, қолөнершіліктің өркендеуіне де жол ашқан. Тоқымашылық (мақта мата, жібек, зығырпаясының талшығынан жасалған маталар энеркәсібі), құмыра жасау, кілем тоқу, зергерлік, шыны жасау өнеркәсібі, темір жасау, тері илеу секілді өнерлер өсіп-өрледі. Мемлекеттің Орта және Таяу Шығыс, Шығыс Еуропа, Үндістан, Қытай секілді мемлекет және өлкелермен сауда байланыстары дамыды.

Сұлтан Мәлікшах шығыс пен батыс бағыттары аралық саудасын одан әрі жандандыру ниетінде Қорасан мен Ирак саудагерлерін кейбір сауда төлемдерінен азат етті.

Сауда-саттықта батыс өлкелерден Каспий теңізі арқылы Түркістанға мұнай өнімдері әкелінген. Сырдарияның төменгі ағысы, оң жағалауындағы жерлерден шығатын жұпар су, алтын, күміс құймалары тек қана сыртқы базарда ғана емес, бәлкім аумақтың өзінде, негізінен, селжұқтар мемлекетінде де жоғары бағаланған. Жалпы алғанда, аумақ базарларында қымбат бағалы теріс, қаракөл терісі, тұздалған балық, моржтың тісінен бастап кептірілген жемістер, нәзік маталар, бағалы тастар, әшекейлерге дейін табуға болған.

Бұл дәуірде ең жоғары дәрежедегі ақша бірлігінің орнында таза алтыннан жасалған динар (қызыл динар) қабылданған. Құрамында алтыннан басқа қосымша металл қоспасы болған динар да болып, ол рукний деп аталған. Мыс теңгелер негізінен ішкі базарда айналымда болған. Селжұқтар дәуірінде де чек, нақты ақшасыз айналымда болуы кең пайдаланылған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Қайсы селжұқты сұлтан Самарқант, Бұхара, Ферғананы өз иелігіне алған?
2. Төмендегі кесте негізінде бұл тақырыпта меңгергеніңді талдау негізінде дәптеріңе жазып ал.

Мемлекет құрылым	Әлеуметтік құрылым	Басқару тәсілдері	Алдыңғы мемлекеттерден өзгешеліктері

34–35-тақырыптар:

ХОРЕЗМШАХТАР МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨРЛЕУІ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Араб халифаты өлкемізді басып алуы аумақтағы билеушілер мен тайпалар үшін қандай салдарға алып келді?
2. Мамунийлердің мемлекетте тәртіп пен тыныштықты орнатып, сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға түрткі болған факторларды атап өт.

Марвтағы
Сұлтан
Санжар
кесенесі



Мәлімет үшін

Хорезм аңғарында билік жасаған жергілікті әулеттер ежелден хорезмшахтар деген жалпы атаумен атап келінген. Мысалы, афригийлер, маъмунийлер, алтынташиялар басқаруында хорезмшахтар атағымен отырған. Бірақ Хорезм шеңберінен сыртқа шығып, басқарудың патшалық дәрежесіне қол жеткізген әулет—бұл ануштегиндер болып саналады.

Ануштегин селжұқтары Сұлтан Мәликшахтың көзге көрінген және сенімді шенеуніктерінің бірі болып есептелінген. Шамамен, 1077 жылы ол Хорезм әкімі міндетіне тағайындалды. Ал 1097 жылы бұл лауазым ұлы Құтбиддин Мұхаммедке тиді. Ол селжұқтар салтанатына бағынышты болып, әр жылы өзі немесе ұлы Атсыз арқылы уәлаяттан өндірілетін салықты астана Марвқа алып беретін еді. Атсыз әкесінен кейін Сұлтан Санжар үкімімен Хорезм әкімшілігіне тағайындалды. Бұл уақытта отызға да толмаған Атсыз алдын әкесі секілді

селжұқтар әулетіне жан тәнімен қызмет етеді. Бірақ ол өз ықпалы нығайып және керісінше қарсыластары әлсірей бастағанын сезген соң селжұқтарға бағынуға бас тартты. Ал бұл өз кезегінде Сұлтан Санжар оған қарсы бірнеше рет әскер жинауға түрткі болған. Жеңіліске ұшыраған Атсыз қашуға мәжбүр болады.

Гурганж Хорезм салтанатының бірінші және негізгі астанасы болған

Хорезмдегі Қызылқамалы



«Өзара келісімшарт бойынша, хорезмшах Атсыз сұлтан Санжарға бағыныштылығын білдіріп, орта ғасырлар дәстүрлері бойынша оның аяғы астындағы жерді сүйіп, бас июі керек еді. Бірақ хорезмшах бұл секілді бағыныштылық салтын орындамады. Сұлтан Санжар қабылдауына қызметке келді және атынан түспеген күйде сұлтанға сәлем берді. Бұл да жетпегендей, хорезмшах сұлтанымен ұшырасу жерінен бірінші болып шығып кетті. Сұлтан Санжар Атсыздың бұл «тәрбиесіздігіне» ашуланса да, жақында өзі оған қайырымдылық көрсеткені үшін өзін басты. Сұлтан бұған наразылық білдірмей, Марвқа қайтып кетті.

Тарихшы
Атамалық Жувайний



Мәлімет үшін

Тарихшылардан Рашиддин мен Хафизиддин Аbruлардың жазуы бойынша, ануштегинийлер әулетінің негізін қалаушы Ануштегин бастапқы қызметін Сұлтан Жалалиддин Маликшах I сарайында бастаған.

Ол сұлтанның ең сенімді кісілерінен біріне айналған. Кейін ол «Хорезм мутасарруфи» мансабына тағайындалып, оған Хорезм шихнесі (қамал басшысы) атағы беріледі. Одан соң Ануштегиннің ұлы Қутбиддин Мұхаммед Хорезм әкімі болды.



Ой жүгірту үшін

Хорезмді басып алған соң Сұлтан Санжар оны Атсыздың жиені Сүлейменшах басқаруына берген. Бірақ Сүлейменшах ол жерде өз билігін ұстай алмаған. Ол Марвқа қайтып кетуімен Хорезмге келген Атсыз жергілікті халықтың қолдап-қуаттауымен өз билігін қайта қалпына келтіріп алған. Одан соң Атсыз Бұхараны иеледі. Ол Бағдат халифасынан «Хорезм уәлаяты және ол тарапынан Хорезмге қосып алынған және алынатын батыс, шығыс шекаралардағы уәлаяттардың әкімі» деп тән алынған жарлық алады. Атсыз Марв, Нишапурды да өзінің иелігіне өткізеді.

Атсыз өзінің аты соқтырылған алтын тенгелерді шығаруды бастап жіберген еді.



Шығармашылық жұмыс

1. Гурганж қазіргі қайсы аумаққа тура келеді?
2. Ануштегинийлер мемлекеті аумағын картадан көрсетіңдер. Олардың тап осы аумақта осылайша жайылуына қандай факторлар түрткі болды?



Алауддин Мұхаммед

Хорезмшах өз мемлекетінде мәжбүри жалпыхалықтық әскери білім алу жүйесін енгізді. Мемлекеттегі әскерлер саны дәуірлері мен жүрістерге қарай өзгеріп тұрған. Мысалы, хорезмшах Такаш әскерінде 170 мыңнан астам атты әскер болған. Хорезмшах Мұхаммедтің Парсы Ирақы, Әзербайжанға жасаған жүрісінде 100 мың атты әскер болған.

Тек қара қытайларға қарсы жасалған жүрістерде хорезмшах Мұхаммед атты әскерлер саны 400 мың болған.



Мәлімет үшін

Атсыздың өлімінен кейін таққа шыққан ұлы

Ел Арслан да тәуелсіз саясат жүргізуге әрекет етті.

Ел Арслан Мәуереннахрда қара қытайлармен қақтығысады және оларды жеңіп алды. Ол Нишапурды иелеп, Әзербайжанға әскери жүріс ұйымдастырды. Бірақ Ел Арсланға да орталығы Хорезм болған, барлық жағынан тән алынған құдіретті саяси бірлестікке негіз салу нәсіп етпеген.

Ел Арсланның қазасынан кейін оның ұлдары Такаш (1172-1200) және Сұлтаншах Махмуд арасында өзара күрес болады. Тек Сұлтаншах Махмуд қазасынан соң ғана Такаш жалғыз әмірші ретінде кең қамтылған саясат жүргізу мүмкіндігіне ие болады. Такаш Батыс Иранның көпшілік бөлігін және Кирманды бағындырады. Билігінің соңында ол тіпті Бағдатты – халифа астанасын басып алуға әрекет етеді. Бірақ жүріс шағында қаза табады және таққа Алауддин Мұхаммед (1200-1220) шығады.

Алауддин Мұхаммед қара қытайларды айдап шығарады. Бұл оқиға оның беделін одан да арттырады. Әзербайжан, Иран, Қорасаннан Үндістанға дейін болған жерлер хорезмшахтарға өтеді. Сұлтан Мұхаммедтің негізгі мақсаты Сирия, Кіші Азия мен Мысырды да бағындыру еді.

Мұхаммед Хорезмшах 400 мың шамасындағы әскерлерін Бағдатқа



қарай аттандырды. Хорезмшах әскерлері Хулван уәлаятына жеткенінде бір таңғаларлық оқиға болады. Кенет ауарайы өзгеріп, үш күн үш түн қар жауады. Ызғарлы суық бар жерді қамтып алды. Жауынгерлер суықтан азап шекті, аттар, түйелер қырылды. Бұл апаттан қиналған сұлтан өз әскерін арқаға қайтаруға бұйрық береді. Сұлтан халифаның атын хутбадан шығарып тастауды бұйырды.

Бұл дәуірде ануштегинийлер әулеті ең құдіретті саяси күштердің біріне айналған еді. Арал теңізінен Үнді теңізіне, Ирактан Таяу Түркістанға дейін болған үлкен аумақ Хорезмшатарға бағындырылды.

Әлауиддин Мұхаммед – екінші Искандер, екіншісі Сұлтан Санжар лақабымен атышулы болған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Қандай жағдайлардың арқасында хорезмшатар мемлекеті пайда болды?
2. Хорезмшатар билігінің өлкенің тарихи барыстарының жылдамдауында орны қандай болды?
3. Әлауиддин Мұхаммедтің жетістіктеріне нелер негіз болған деп ойлайсың? Пікіріңді негіздеп, дәптеріңе жазып қой.

36–37-тақырыптар: ХОРЕЗМШАХТАР МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУУЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРІ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Хорезмшахтар мемлекетінің экономикалық-саяси және әлеуметтік жағынан тұрақтандыру дәуірі қайсы билеушінің атымен байланысты болды?
2. Қайсы мемлекет басшысының билігі дәуірінде бағынышты өлкелерде хорезмшах атымен хутба оқытылған және тіпті аттары соқтырылып теңгелер де шығарылған еді?




Мәлімет үшін

Ирақтан Үндістанға дейін, Арал теңізі төңірегінен Араб теңізі жағалауларына дейін болған жерлерде өз билігін орнатқан сұлтан Мұхаммед Хорезмшах тезарада Самарқантты өз астанасы деп жариялады.

Сұлтан анасы Түркен хатунға ешқашан қарсы шықпаған, оның айтқандарын бұлжытпай орындаған. Ал бұл көп жағдайларда анасының Сұлтан Мұхаммед хорезмшах жарлықтарын жоққа шығаруына себеп болған. Бұл жағдайды сол дәуірдің тарихшысы Ан-Насавий төмендегідей түсіндіріп, оны екі себепке байланыстырып көрсеткен еді: «біріншіден, анасының оған болған мейірін қадрлеуі, екіншіден мемлекеттің барлық әмірлері анасының руынан екендігі».


Түркен хатун «Әлем әкімі» деген лақапқа ие болып, оның жеке мөрінде (тугро) «Дүние және оның адал мінезді Ұлы Түркен, әлем әйелдерінің ханшайымы» деген сөздер жазылған еді. Түркен хатун астана Гургенжде өмір сүрген, өз сарайы, үлкен иеліктерге ие еді.

Ел Арстан
кесенесі



Шығармашылық жұмыс

1. Сұлтан жарлықтарының анасы жағынан жоққа шығарылуы қандай жағдайларға себеп болған?
2. Тарихшы Насавийдің берген мәліметтері жөнінде өз пікіріңді білдір.



Ой жүгірту үшін

ТҮРКЕН ХАТУН КІМ БОЛҒАН?

Тарихшы Жувайнидің жазуынша: «Түркен хатун Қаңлы руынан болған хан Жанкіштің қызы еді. Гургенж (Үргеніш) Түркен хатунның өз астанасы болып саналған, оның өз сарайы да болған. Тарихи деректерде атап өтілуінше, Сұлтан Мұхаммед билігі дәуірінде Түркен хатун патшалығы жұмыстарында үлкен беделге ие болған, оның жарлықтары мен кеңестерін ұлы бұлжытпай орындаған. Түркен хатунның жетекшілігінде сарайдағылар, ақсүйектер бірнеше топтарға бөлініп, өзара жауласқан. Қыпшақтардан құралған жоғары мәртебелі сарбаздар Түркен хатунмен жақын болып, көпшілігі сарайда сұлтанға қарсы болған топқа жетекшілік еткен. Салтанат істерін дерлік Түркен хатун басқарған. Көп жағдайларда Мұхаммед хорезмшахтың жариялаған үкімдері мен жарлықтарын Түркен хатун ешқандай негізсіз, кеңессіз жоққа шығаратын еді.

Сұлтан анасы мен гаремін Мозандаронға алып кетіп (мұнда әңгіме монғолдардың шабуыл дәуірі жөнінде), ол жердің қамалына бекіту үшін Хорезмге адамдарын жіберді. Түркен хатун ұлының бұйрығы бойынша әрекет етті. Сұлтан отбасы мен гаремін алып келе жатқанда әскерлерді Хорезмде қалдырды. Әрекет кезінде тұтқындалған әртүрлі мемлекеттердің патшаларын арнайы бұйрықпен Жейхун дариясына шөктіріп жіберген соң балалары, немерелері, туған-туыстары және қазынасымен уәзір Насириддиннің бақылауында Иран жақтағы Илал (Тажан тармағындағы аумақ) қамалына жіберді. Сұлтанның соңынан түсіп Мозандаронға келген монғол сарбазы Субутай бұл қамалдарды басып алу үшін әскер шақырды. Тағдыр тәлкегімен, жаңбыр бұлттары өз жүктерін үстіне төккен және сол кезге дейін ешкім су жетіспеушілігін көрмеген Илал қамалы қоршауға түскен кезде нәсер оларға дұшпандық етіп, жаумай қойды. Он бес күннен соң жаңбыр тоқтағаннан кейін ауыр жағдайға тап болған Түркен хатун гарем мүшелерімен және уәзір Насириддинмен төменге түсті. Олар қамалдың етегіне жеткенде нажағай жарқ етіп, жаңбыр жауа бастады. Монғол әскерлері Түркен хатунды туыстарымен бірге Таликанда тұрған Шыңғысханның қасына алып барады. Түркен хатун монғол мемлекетінің астанасы болған Қарақурумға жеткізілді және сол жерде қаза тапты».



Монғолдардың қолына
тұтқындыққа түскен
Түркен хатун



Мәлімет үшін

Ануштегинийлер дәуірінде саманийлер, қараханийлер, ғазнауилер, селжұқтарда болғаны секілді дуандардың орны ерекше болды. Өз кезегінде, дуандар да кіші дуандарға бөлінді.


Әскери дуан әскери мәселелерді қарап шығу (дуан жайш) және әскерилерге жалақы берумен шұғылданатын (дуан равотиб) секілділерге бөлінген. Әскери дуанның бастығы, әрине, мұсылман болуы шарт.

«Жоғары тәждің құрметті мәжілісі» деп аталған үкімет басқаруы уәзірдің (бас уәзірдің) қолында болған. Оған барлық дуандар мойынсұнған.

Уәзір, мемлекет басшысының негізгі кеңесшісі болып саналған және өз әрекеттері бойынша тек жоғары әміршіге ғана есеп берген. Ресми салтанаттар, халықаралық қатынастар, бағынышты мемлекеттермен келіссөздерде жоғары әміршінің атынан жұмыс жүргізген.

Уәзір азаматтар мен мемлекет әміршісі арасында делдал міндетін орындаған және мемлекеттегі тәртіп үшін негізгі жауапты болып саналған. Ол шенеуніктерді қызметке тағайындау және лауазымынан босату, арзақ (көмекақы), жалақы және басқа сол секілді төлемдерді белгілеу құқықтарына ие болған. Уәзірлер өз ана тілі – түрік тілінен басқа, араб және парсы тілдерін жетік білуі шарт болған.

Шығармашылық жұмыс



1. Хорезмшахтар мемлекетінің басқаруын селжұқтар мемлекеті басқаруымен салыстырындар. Бас уәзірдің өкілеттіктері бір-бірінен қалай айырмашылық етеді?
2. Еуропа және Азияның басқа мемлекеттерінде бас уәзір лауазымына тең келетін лауазым қайсы еді?
3. Топтарға бөлініп, бұл екі аумақтағы уәзірлерінің өкілдіктері мен міндеттерін салыстырындар және талдау жасаңдар.
4. Мемлекетті басқаруында уәзірдің рөлі туралы не деп ойлайсыңдар?



Мәлімет үшін

Садр, дастур, хожайи бузург секілді лауазымдармен сыйланған уәзір әрқашан әмірдің алдында жүрген, әмір сапар мен жүрістерге аттанғанында да қасында болған. Ресми қабылдаулар уақытында уәзірлер хорезмшахтардың оң жағынан орын алған.

«Низам ул-мулк» атағына ие болған уәзірлер бөлмеге әмірден басқа адам кірсе де, тіпті ол тақ мирасқоры болған жағдайда да онымен сәлемдесу үшін орнынан тұрмаған. Уәзірлік мансабының тілге алынған жетілген көрінісі Атсыз дәуіріне байланысты.

Шыңғысхан басқыншылығы қарсаңында бұл лауазым Алауддин Мұхаммед тарапынан жоққа шығарылған және әмірдің қасында алты өкілден құралған кеңеске ұқсаған басқару енгізілген. Барлық мүшелердің разылығымен жұмыс істеуі керек болған бұл кеңеске мемлекеттік маңызға ие бір күрделі қаулы қабылдау нәсіп етпеген.

Және бір маңызды мансап – бұл ұлы немесе аға хажиб болып саналған. Ереже бойынша, тек түркі тектес ақсүйектердің өкілдері ғана хажибдікке тағайындалуы мүмкін болған. Хажиб әмірге тек өзіне тиісті болған жұмыстар жөнінде оған есеп беріп отырған, ресми рәсімдердің орындалуын бақылау жасаған. Бір уақыттың өзінде бірнеше хажиб қызмет көрсеткен. Олар сұлтандардың ең маңызды тапсырмалардың орындаған және оларға әрқашан серік болған.

Сарай істерінің басқарушысы саналған ұстаздар лауазымы иесі атханалар, асханалар, науаиханалар, шарап қоймаларын бақылау жасаған, сарай қызметкерлері қызметі үшін жауапты болған. Сұлтанның жеке аттары охур әмірі лауазымы иесінің иелігінде болған. Бұдан тысқары әмір, амир аълам, чошнигир (әмірге берілетін тамақ, ішімдіктерді дәмін көруші), даватдор (әміршінің хатшысы), тазалаушы (әмірге көзделген орын-көрпе, кілем, шатыр және оған ұқсастар үшін жауапты қызмет басшысы) секілді кішкентай мансаптар да болды.



Хорезмшах
Ел Арыстанның
таққа отыру
рәсімі. «Жомеъ
ат-Таворих»
кітабынан



Ой жүгірту үшін

Астана Үргеніш өз дәуірінің ұлы, бай және әсем қаласы саналған. Үргеніш халқы шебер қолөнершілерден, әсіресе, теміршілер, ағаш ұсталары өз ісінің ұсталары болған. Үргеніштік ою ұсталары піл сүйегі мен обнус ағашы ұсталарынан ғажайып өнімдерді жасаған. Қалада табиғи шайы маталар жасап шығаратын шеберханалар болған.

Құрылысы жұмыстарында мажнунтал ағашынан кең пайдаланылған. Осы ағаштан құрылған ғимараттар жеңіл болған және тастан құрылған ғимараттарға қарағанда жер сілкінісіне шыдамды болып саналған. Жолдар мен керуендерді қорғау ісінің жоғары дәрежеде ұйымдастырылғаны ішкі және сыртқы сауда байланыстарының дамуында маңызды рөл ойнаған. Үргеніш саудагерлері Бағдат, тіпті Андалусқа дейін өнімдер жеткізіп отырған. Үргенішті монғолдар тасталқан еткенге дейін ол жерде халық өте тығыз мекендеген болатын.

Қалада базарлар көп болған. Базардағы тәртіпті, негізінен мухтасиб ұстап тұрған. Ол өнімдердің сапасын, ыдыстардың тазалығын, өнімдердің жаңалығын, таразы тастардың және өлшеу аспаптарының дұрыстығын бақылау жасаған. Хорезмнің Ардахушмисан, Хивак, Дарған, Савакон, Говшфинж, Кот, Нузкот, Хазорасп секілді кішігірім қалаларда да қолөнершілік және сауда-сатық дамыған. Марв, Бұхара, Самарқанд, Рай, Нишапур сияқты қалалар мемлекеттің саяси-экономикалық және мәдени өмірінде маңызды орын иелеген.

Хорезмшахтар мемлекетінің әскерлері



Нажмиддин Кубро кесенеси,
Түркменстан



Шығармашылық жұмыс

1. Қалаларда қолөнершілік және сауда-сатықтың дамығанында билеушілердің орны қандай болған?
2. Топтарға бөлініп, Хорезм мемлекетінде базарлар жөнінде пікір білдіріңдер. Бүгінгі таңда да болған қайсы тарихи қалаларда базарлар жұмыс істеп тұр және оның негізгі себептерін көрсетіп бер.



Мәлімет үшін

Хорезмшахтарға тиісті болған иеліктерде де хорезмшах атымен хутба оқылған және теңгелер соғылған.

Ануштегинийлердің аты жазылған теңгелер Самарқанд, Бұхара, Отырар, Терміз, Чағонион, Вахш, Балх, Бомион, Ғазна, Ғур, Журзувон, Заминдовар, Ямур, Кундуз, Марв, Нисо, Нишапур, Пешовар және басқа аумақтарда соғылған.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Хорезм тарихымен байланысты болған шығармалар тізімін жаса. Олардан біреуін оқып шық.
2. Шығыс және Батыс базарларының өзіне тән ерекшеліктерін салыстыр.
3. XII ғасырдың соңында Хорезмдегі жағдай қандай еді?

38-тақырып:

ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ



Белсендіруші сұрақ пен тапсырмалар

1. Этникалық үдерістер, этногенез дегенде нені түсінесің ?
2. Шежіре дегенде нені түсінесің? Сен өз шежіреңді білесің бе? Шежірені не үшін білу керек?
3. VI ғасырдың соңы -VII ғасырдың басында Түрік қағанатының аумақтарына қай жерлер кірген?

Түркістан – түркі
тілдес халық
орналасқан өлке.



Мәлімет үшін

Өзбектер жеке этникалық бірлік (ұлыстар) болып, Мәуереннахр, Хорезм, Жетісу, жартылай Шығыс Түркістанның батыс аумақтарында қалыптасқан. Олар ежелден отырықшы тіршілік етіп, суармалы диқаншылық, қолөнершілікпен шұғылданып келген.





Шығармашылық жұмыс

Ежелде мемлекетіміз аумағында қандай тайпалар өмір сүрген? Олар мекендеген аумақтарды картадан анықта.

Этникалық үдерісі-келіп-шығуы бір-біріне жақын болған әртүрлі тайпа пен ұлыстардың ғасырлар барысында қосылып баруы.




Ой жүгірту үшін

Бұл аумақта мекендейтін суғдийлер, бактрийлер, хорезмийлер, ферғаналықтар, шаштықтар, жартылай шаруагер қаңлар, көшпенші сак-массагет сияқты этникалық топтар өзбек халқының этногенезінде қатысқан. Батыс Сібір, Алтай, Жетісу, Шығыс Түркістан және Еділ мен Орал дариясы жағалауларынан әртүрлі дәуірлерде Мәуереннахрға кіріп келген этникалық топ та бұл үдерістің қатысушылары болған. Жоғарыда аталған этностар негізінен түрки және шығыс ирандық тілдерде сөйлескен.



Тұранда ежелгі тайпа және халықтардың орналасуы

Өзбек халқының негізін суғдийлер, бактрийлер, хорезмийлер, ферғаналықтар, шаштықтар және сак-массагеттер құрайды.



Шығармашылық жұмыс

1. 6 сыныпта тарих пәнінен алған білімдеріңе негізделіп «тайпа» атауына анықтама беріңдер.
2. Бір-бірімен туысқандық байланысында болуы және руларға бөлінуі ерекшеліктерімен келесі басқыштағы этникалық бірліктен [ұлыстан] айырмашылық ететін топ қалай аталады?



Білесің бе?

Халықтардың келіп шығу тарихын (этногенезін) және қалыптасу барысын үйренуде ғылымда «этнос» [грекше «халық»] және «этникалық бірлік» сөз тіркестері қолданылады.



Мәлімет үшін

Әмудария және Сырдария аралығында мекендеген ру мен ұлыстардың этникалық жағынан араласуы нәтижесінде отырықшы өмірге бейімделген түркі аумақтық алаң, өзбек халқына тән антропологиялық бет көрінісі қалыптасады.

Қаңғ мемлекеті дәуірінде түркі тілдес этностар үстемдік етіп, өзіне тән үйлескен мәдениет қалыптасты. Археологиялық шығармаларда бұл мәдениет «Қауыншы мәдениеті» деп аталған. Антрополог ғалымдардың атап өтуінше, сол дәуірде Орта Азияның аңғары мен алқаптарда мекендейтін халық сыртқы келбетінде қазіргі өзбек пен аңғар тәжіктеріне тән антропологиялық келбеті толық қалыптасты.


Өзбектер этногенезінде қатысқан кезектегі этникалық топтар --- кушондар, хионийлер, кидарийлер және эфталдар, түркий тайпалар белсенділік танытты.

Түркі ұлыстар мен жергілікті отырықшы халқы арасындағы этникалық-мәдени қарым-қатынастарының дамуы нәтижесінде түркі тобы мәдени жетістіктерінің жергілікті мәдени-шаруашылық дәстүрлерімен тез үйлесіп кетті. VII ғасырдан бастап өлкеміз «Түркістан» деп атала бастаған.

Қаңғ мемлекеті дәуірінде «Қауыншы мәдениеті» және Орта Азияның антропологиялық келбеті толық қалыптасты.



Ой жүгірту үшін



Өзбек халқының пайда болуы. VIII ғасырдан араб және басқа халықтарының Орта Азияға кіріп келуі аумақтағы этникалық үдерістерге үлкен әсер етпеген. IX ғасырда Мәуереннахр аумағында жалпы түркі этникалық тобы, түркі тіліндегі орта пайда бола бастады және өз кезегінде суғдийлер мен басқа жергілікті этностар да түркілендіру барысы жеделдеген. Қараханийлер дәуірінде Мәуереннахр және Хорезмде саяси әкімшілік түркі әулеттерге өтуге байланысты болған этникалық үдеріс өзбек халқының қалыптасуында соңғы басқыш болды.

IX-XII ғасырларда өзбек халқы қалыптасты. Оның негізін өлкемізде мекендейтін байырғы халық – диқандар мен шаруалар құрады.

Мәуереннахрда орналасқан халық ежелден екі тілде: суғд және түрік тілдерінде сөйлескен.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Өзбектер қалыптасқан аумақтарды жазусыз болған картада бояп шығындар.
2. Өзбек халқының негізін қайсы этникалық топтар құраған?

39–40-тақырыптар:

АУМАҚТА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ



Белсендіруші сұрақ пен тапсырмалар

1. Дүниежүзілік тарих пәніндегі білімдеріңді естеріңе түсіріңдер. Ислам діні пайда болуы туралы нелерді білесіңдер?
2. Ислам діні алғаш Тұранның қайсы аумақтарында таралған?
3. Исламның дүниежүзілік дінге айналуындағы тарихи жағдайларды анықта.
4. Ислам дінінде алғашқы бөліну қашан болған, оның тарихи себептері неде еді?
5. Арабыстан тарихында қайсы дәуір «Зұлматтық дәуірі» деп аталған?



Мәлімет үшін

Ислам дінінің Тұранға кіріп келуі және таралуы тікелей араб басып алулары мен арабтардың көп ғасырлық үстемшілігімен байланысты. Аумақта жаңа саяси күштің пайда болуы салдарынан Тұран екі бөлікке бөлінді:


- 1) Мәуереннахр («Дарияның арғы жағы»);
- 2) Ароди ат-турк («Түрік жерлері», яғни арабларға мойынсынбаған әмірлердің жерлері).

Ислам дінінің таралуына төмендегі факторлар тікелей өз ықпалын өткізді. Әбу Муслим көтерілісі дәуіріне дейін, исламдан алдыңғы дәуір билеушілері өз беделін сақтап қалды. Олар жергілікті халықты басқару және олардан арабтар үшін салық жинау міндеттерін атқарды.

Арабтар көптеген жеңілдіктерге ие еді. Ислам дінін қабылдаған жергілікті халық та қоғамда арабтар секілді жеңілдіктерге ие болды. Әбу Ханифаның араб болмаған мұсылмандардың тең құқықты екендігі жөніндегі идеясы, олардың қоғамда кемсітілуіне қарсы іс-әрекетінің Тұранда да енгізілуі ислам дінінің кең таралуы үшін мүмкіндік берді.

Ислам дінінің негізгі қорларының бірі – хадистердің жиналысында ұлы отандастарымыз Әбу Абдуллох Бухарий; Имам Термизи; Хаким Термизи, Имам Доримийлердің қызметтері үлкен болды. Осы арқылы да ислам дінінің аймақта таралуы жылдамдатылды.

Ислам ілімі бойынша, Мұхаммед пайғамбар аты аталғанда оған құрмет жөнінен «саллаллоху алайхи уасаллам» [қысқаша: s.a.v.: «оған Аллахтың рахматы мен сәлемі болсын»] немесе «алайхис-салом» [қысқаша: а. с.: «оған сәлем болсын»] сөз тіркесін айту қажет деп есептегені үшін ислам тарихына байланысты әдебиеттерде s.a.v. немесе a.s. қысқаруы қолданылады.



Шығармашылық жұмыс

1. «Құран карим» және «Хадиси шариф» дегенде нені түсіндің?
2. Тұран аумағына Ислам діні қашан кіріп келді?



Мәлімет үшін

Ханафийлік мазхабының (мектебінің) негізін қалаушы Әбу Ханифа атымен атышулы болған Нуъман Сабит Куфий (699-767) болып саналады. Бұл мазхаб өз мәні, ілімі пен қолдаған әдісімен қоғамда болып тұратын кез келген сұрақтарға жауап таба алады. Бұдан ханафий мазхабы жаңа пайда болған діни мәселенің шешімін тауып берген деген



Мазхаб (араб. — бағыт, ілім), шариат мазхабтары— исламда діни құқық жүйелері және бағыттары.

қорытынды пікір келіп шығады. Әбу Ханифа ауыр жағдайларда адамдар үшін қолайлы жағдай жасап беріп, қиыншылықтарды оңай шешуге әрекет еткен. Әбу Ханифа еркіндік демеушісі еді. Коммерция мен басқа салаларда адам құқығы мен еркіндіктерін қорғап келді. Мысалы, жанұя құрғанда еркек пен әйелге тең құқық берілуі, жетім балалардың құқықтары мен басқалар.




Билесің бе?

Әбу Ханифа Нумон ибн Сабит (699, Куфа - 767, Бағдад) – сунний мұсылмандары тарапынан аса құрметпен «Имам Аъзам» деп аталды. Ханафийлік мазхабының құрметіне осылай аталды. Фақих, әрі мухаддис. «Әбу Ханифа» оның кунясы «Имоми Аъзам» («Ұлы имам») ұлылығын тән алу үшін берілген атақ.

Имоми Аъзам өте ғаламат адам болған деседі, замандастары ол кісінің адамилық қасиеттерін тән алып, ең әдемі құлық Имам Аъзамның хұлқы деп тән алған. Ол әрқашан мұнтаздай, таза киімде жүрген. Осындай жоғары беделге ие болған адам өте инабатты, момын және қарапайым адам болған. Ол өзіне жамандық жасағандарды көрген кезінде: «Бізді жамандаған кісілердің күнәсін Құдай тағалам кешірсін, бізді жақсы көргендерді Құдай тағалам өз рахматына алсын», деп дұға еткен екен.

Имам Аъзам кесенесі. Бағдад



142

Куня – абу [арабша «әке» сөзінің изафет күйіндегі түрі]. Арабтар мен басқа мұсылман халықтарында көпшілік кунялардың құрамдық бөлігі. Мысалы, Әбу Әли Ибн Сина, Әбу Райхан Беруний және басқалар. «Әбу» есімі тұлғаның әкесі кім екендігін білдіру ретінде, «ибн» тұлғаның ұлы кім екендігін білдіреді.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ

IX-XII ғасырларда ислам діні Орта Азия халықтары мемлекеттері тарихында үлкен рөл ойнай бастады. Мәуереннахрда бұл дәуір араб халифатынан тәуелсіз мемлекет болған мемлекеттердің пайда болуы мен дамуы дәуірінде болған. Ислам бұл уақытта Шығыста кең тарап, дүниежүзілік дін дәрежесіне көтерілді, мұсылман дүниесінің идеологиясына айналды.

Ғылыми шығармалар араб тілінде жазылды. Ежелден сауатты болған, мәдениеті жоғары дәрежеге көтерілген Тұран халқы тезарада тек араб тілін ғана емес, бәлкім исламды да терең үйреніп, араб тілі мен шариат мәселелерінде кітаптар жазатын ғалымдар шығара бастады.

Қалаларда мешіт, медреселер құрылуына аса назар аударыла бастады. Деректерде жазылуынша, Бұхарада алғашқы медреселер VIII-IX ғасырлардан бастап салына бастады.

Тіпті заңтанушылар үшін арнайы «Фақихтер медресесі» деген мамандандырылған медресе құрылды.

Мұндай білім ордаларында Құраны Кәрім, хадистер ілімі мен шариат негіздері жан-жақты терең үйренілген.

Сол дәуір қалалары арасында ислам діні ілімін терең насихаттауда Бұхара қаласы арнайы орынды иеледі. Жоғарыда атап өтілгеніндей, медресе, мектептердің бар болғандығы жетік дін ілімі өкілдерінің жетіліп шығуына қызмет етеді. Сондықтан болса керек, Бұхара сол дәуірден «Қуббатул Ислам» - «Ислам дінінің күмбезі» деген атпен атышулы болған.

Біртіндеп ислам діні орталықтандырылған мемлекеттің негізгі идеологиясына айналды.



... Тіліңді жақсы өнерге үйрет және әдепті сөзден өздерді сөйлеуге әдеттенбе. Өйткені, тіліңе қандай сөздерді үйретсең, ол соны айтады, әрбір сөзді тек қажет жерінде қолдан, егер сөз жақсы болса, бірақ орынсыз қолданылса, ол қаншалықты жақсы сөз болса да, жарасымсыз есітіледі. Сондықтан босқа сөйлеме, оның пайдасы жоқ. Мұндай пайдасыз сөз зиян келтіреді және әрбір өнер иісі келмейтін сөзді сөйлемей-ақ қоя салу керек.

Кайковус, «Қабуснама»

Бүгінгі күнде Орталық Азия мұсылмандарының көпшілігі ханафийлік мазхабына ереді. Бүгінгі таңда бұл фикхий ілім Үндістан, Пәкстан, Ауғаньыстан, Ирак, Сирия, Түркия және бірнеше Африка мемлекеттерінде кең тараған.

Маликийлік мазхабының негізін қалаушы, имам Әбу Әбдуллах Малик ибн Анас 711 жылы туылған. Бұл мазхабта бірінші дереккөзі Құраны Кәрім, екінші дереккөзі хадис болып есептелінген. Маликийлік мазхабында шариат мәселелерінде Мадина өмірі мен әдеттері көп жағдайларда жоғары тұрған. Маликийлік Марокко, Алжир, Тунис, Бангладеш секілді мемлекеттерде негізгі мазхаб болып саналады.

Шофеилік мазхабының негізін қалаушы Әбу Әбдуллах Мұхаммед ибн Идрис Шофеи (767-804). Шофеилік мазхабы фикхий үкім шығаруда Құраны Кәрім, суннат, ижмо және қиясқа сүйенеді. Олара ханафийлер мен моликийлерде болған истесханды жоққа шығарды. Шофеилік, негізінен, Индонезия, Малайзия, Мыср, Судан, Кения, Мали, Ливия секілді мемлекеттерде тараған.

Ханбалилік мазхабының негізін қалаушы имам Әбу Әбдуллах Ахмад ибн Ханбал (780-855) Бағдат қаласында өмір сүрген. Ханбалилік мазхабында «Құран» және «суннат» негізгі дереккөзі болып саналады. Пайғамбар үзеңгілестерінің сөздері кейінгі орындарда тұрады. Қиясты басқа лажы қалмағанда ғана қолдануға рұқсат беріледі. Бұл мазхабтың избасарлары өте кем болып, олар негізінен Сауд Арабстаны, Яман, БАА, Кувейт, Қатар мемлекеттері халқы арасында тараған.

Суннийліктегі төрт мазхаб бір-бірімен тең болып есептелінеді. Мазхабтар дәстүрлі діни құқықтық шеңберінен шықпағаны жағдайында шариат мәселелерінде жеңілірек немесе қатал үкім шығаруларымен ерекшеленіп тұрады.

2017 жылдан бастап Өзбекстан Республикасы Президентінің бастамасымен Имам Матуридий кешенінде «Калом ілмінің мектебі», матуридийлік ілімінің белгілі өкілі Абул Муъин Насафий зиёрат орнында «Ақоид мектебін» ұйымдастыру жұмыстары басталды.



Шығармашылық жұмыс

1. Мазхаб дегенде нені түсінесің?
2. Суннийлер мекендеген аумақтарды картадан анықтаңдар.

Ижмо--алғашқы ислам дәуірінде ғұламалардың бір дауыстан қабылдаған қаулылары.



Билесің бе?

Кейінгі дәуірде пайда болған «жасанды салафийлік», «Хизбут тахрир» секілді бағыттарды фикхий мазхабтарға теңестіріп болмайды. Өйткені олар шариат мәселелерінде өзі тәуелсіз шешімдерді берген жүйеге ие емес. Оларға діни-саяси қозғалыс пен заңсыз саяси партиялар ретінде қарауы мүмкін.

Әбу Мансур
Матуриди кесенесі.
Самарқант



Ой жүгірту үшін

VIII-IX ғасырларда мұсылмандар арасында «Құран» аяттары мен хадистерін дұрыс түсінбеген топтар пайда болды. Олар бір Алланы адамға ұқсас етіп бейнелеп, бір оның қасиеттерін жоққа шығарып, пайғамбарлар, «Құраны кәрімнің» атына лайықсыз пікірлерді білдірді. Мұндай жағдайда суннийлік бағытының ғалымдары кейбір ағымдардың азғырынды идеяларына қарсы бірнеше мәлімдеулер берді. Нәтижеде Әбу Мансур Матуриди (870-944) матуридия ілімінің негізін қалаған.

Матуриди таза кіршіксіз діни қағидалар шеңберінен шықпаған жағдайда ақыл-сананы дәріптейді және логикаға негізделген білімнің маңызын арнайы атап өтеді. Матуридия бойынша, адамның өмірі сынақ үшін жаратылған. Сонымен бірге оған бұл сынақтардан табысты өту және дұрыс жолды табу үшін кең мүмкіндіктер де берілген.

Адам өз іс-әрекеттерін таңдауда еркін. Ұлы ғұлама өз көзқарастарымен ханафилік ілімінің Тұран халықтары дәстүрлері, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыстылығын көрсетіп берді.

Ең маңыздысы, ислам әлемінің көпшілігі аумақтарында Сирия, Ирак, Түркия, Пәкстан, Үндістан, Солтүстік Африка секілді мемлекеттерде матуридийлік ілімі қазіргі күнде де жоғары, орта және діни білім ордаларында тәуелсіз пән ретінде оқытып келінеді.

Ашария ілімі. Бұл ілімге Әбул Хасан Ашарий (873-936) негіз салған. Имам Ашарий өмірінің жартысын адасқан ағымдарға қарсы күреске арнаған. Ашария ілімі де суннийлік қағидасына сәйкес ілім болып саналады. Бұл ілім негізінен муътазилия, қадария, жабария секілді адасқан топтардың ақидалық идеяларына қарсы тұрған. Ашария ілімі негізінен Иракда, одан соң селжұқтар билігі дәуірінде Қорасанда дамыған.

Өзбекстанда 2000 жылы Матуриди туалғанының 1130 жылдығы кең атап өтілді.



Билесің бе?

Ислам дінінде тасаввуф және тариқат деген түсініктер де бар. Тасавуфтың шын мәні нәпсіні пәктеу, құлықты жетілдіруге рухани кәметке қол жеткізуден құралған. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін ғалымдар тарапынан арнайы мектептер – тариқаттар түзілген. «Тариқат» араб тіліндегі сөз болып, «жол» мағынасын білдіреді. Бүгінгі күнде тариқаттардың саны көп, олардың ең ірілері Яссавия, Кубравия және Нақшбандия болып саналады. Маңыздысы, олардың барлығы елімізде пайда болған.

Тасаввуф және оған өзектес болған суфий, мутасаввуф атауларының келіп шығуы араб тілінен «жүн» мағынасын білдіруші «суф» сөзінен алынған.



Шығармашылық жұмыс

1. Тасаввуфқа берілген сипаттаманы оқыңдар. Сипаттамадағы «жаман қылықтар» дегенде нені түсінесіңдер?
2. Неліктен мұндай жаман қылықтардан құтылу керек деп ойлайсыңдар?
3. Медицина ілімі дене саулығына байланысты мәліметтерді үйренгеніндей, тасаввуф та жандүниенің, рухтың жаман қылықтардан құтылу жолдарын үйретеді, деген пікірді дәлелдеуге әрекет етіңдер.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Тұран аумағында ислам дінінің кең таралуына қызмет еткен факторларды атап көрсетіңдер. Діннің таралуында медреселердің орны қандай еді?
2. Ислам дінінің өрлеуінде отандастарымыздың қызметтері қандай еді?
3. Олардың бүгінгі таңдағы мәні қандай?
4. «Тарихтағы ата-бабаларымыз қызметінің бүгінгі таңдағы маңызы» тақырыбында қосымша мәліметтер негізінде мәлімдеме дайындаңдар.

41–42-тақырыптар:

БІЛІМ БЕРУ



Белсенділікті арттырушы сұрақ және тапсырмалар

1. Кез келген бір мемлекетте ғылымның дамуы нәтижесінде сол қоғамның дамуына қандай әсер етіледі?
2. Егер сен ғылымның кез келген бір саласын жетік меңгерсең, кімдер көбірек пайда көреді? Қоғамға қандай пайда келеді?
3. Сенің білімге ие болуың үшін алғашқы іргетас қайда қойылған?
4. Не деп ойлайсың, еліміз ойшылдарының дүниежүзілік ғылымның өркендеуіне үлес қосуында олардың ұстаздарының, білім ордаларының орны қандай болған?



Ой жүгірту үшін

Әбу Хамид Ғаззолий (1058-1111) өз дәуірінде «Хужжатул ислам» (Ислам дәлелі) атымен белгілі болған. Ғаззолий Шығыс және Батыста дінтанушы, философ ретінде танылған. Ғаззолийдің «Ихйа' улум ид-дин» шығармасының «Ілмдер кітабы» бөлімінде «Ілм алушы мен ілім берушінің құлықтары жөнінде» ғибратты пікірлер баяндалған. Ол «Ілмді алдын үнсіздік сақтап, кейін тыңдау, кейін жаттау, кейін оны тұтыну, ал одан соң тарату—басқаларға үйрету керек» деп жазады.

Ілімді кімдерге үйрету керек деген сұраққа «дүниежүзілік және діни ілімдерді тек жүрегі ізгілікке толы адамдарға үйрету керек. Білім тек ізгілікке қызмет етуі керек» деген пікірді алға сүреді.



Шығармашылық жұмыс

1. Ғаззолий «Дүниежүзілік және діни ілімдерді тек жүрегі ізгілікке толы адамдарға үйрету керек. Ғылым тек ізгілікке қызмет етуі керек деген пікірді алға сүреді» дегенде нені назарда тұтады?
2. Ілім қашан жауыздыққа қызмет етуі мүмкін?



С. П. Толстой, «Ежелгі Хорезм цивилизациясын іздеп» шығармасында Хорезмдегі Жанбасқала және Топыраққаладан табылған зардуштийлердің ғибадатханалары жөнінде былай деп жазды: «Ғимараттардың ортасында қос қабырғалармен қоршалған және ішке айналма жолағы болған тік бұрышты ғимарат болған. Бөлмелерден 140 теріге және ағашқа жазылған әртүрлі мазмұндағы құжаттар және әртүрлі көлемдегі 138 ескерткіштер табылған».




Шығармашылық жұмыс

Жоғарыдағы тарихи деректерге сүйеніп, Хорезмде ғибадатханаға тұтас ғимараттарда аумақ кеңселері, әкімшілік-шаруашылық жұмыстарымен шұғылданатын жерлермен бірге білім беру орындары да болғандығын дәлелдеуге әрекет етіңдер.



Мәлімет үшін

Тұранда исламға дейін бірнеше ғасырлар барысында қалыптасқан білім беру жүйесі бар еді. Аймақта ислам діні идеологиясының орнатылуы нәтижесінде жергілікті білім беру жүйесінде «медресе» деп аталған жоғары білім беру кеңселері пайда болды. Бұл мағынада, алғашқы жоғары оқу ордасы VIII-IX ғасырларда Бұхарада пайда болғаны да кездейсоқ емес. Олардан ең белгілісі Фаржак медресесі 937 жылы жанып кеткен. Самарқантта X ғасырда 17 медресе ашылған. Мектептен жоғары басқыштағы білім беру ордалары бір «медресе» атымен аяққа тұрғанынша, *«мажлис»* деп атала бастаған және оларда шейх, *хаким немесе ұстаз* деп аталған зиялы кісілер сабақ берген.



Ой жүгірту үшін

Тұрандағы мемлекеттердің рухани-ағарту өміріне назар аударсақ, бұл аумақта білім беру жүйесі өзгеше қалыптасқан. Мысалы, Муғ тауынан табылған құжат VIII ғасырларда өлкемізде болған оқиғалар жайлы дерек береді. Бұл құжат ашық күлрең, жібек талшықтары аралас «қытай» қағазына жазылған.

Құжатты Диваштичтің құлы жазған. Ал бұл Тұранда еркін халықтан басқа құлдардың да сауатты болуына мән берілгендігін білдіреді.

Академик А. Сағдуллаевтың «Ежелгі Өзбекстан алғашқы жазба дереккөздерінде» кітабында да соғд жазуы іс жүргізуде, сауда және мәдени байланыстарда үлкен маңызға ие болып, ежелгі ұйғыр, монғол және манчжурлар жазулары пайда болуына негіз болғандығын атап өтеді.



Мәлімет үшін

Ефталийлер мен Турк қағандығына байланысы бар теңгелерде патшалардың суреті түсіріліп, есімдеріне соғылғандары кездеседі. Турк хақаны Истамы Византия императорына жолдама жібереді. Елшінің соғд екендігі және жіберілген жолдама соғд тілінде жазылғандығы тарихи деректерде атап өтіледі. Ефталийлер дәуірінде аумақта соғд, хорезмдік, бұхаралық, карошти, ефталий жазулары болған.

Қутайба ибн Муслим дәуірінде Бұхара хисарының ішінде жоме мешіті және медресе етіп салынған. Ол жер (алдын) бұтхана еді. Қутайба ибн Муслим дәуірінде Афшина қыстағының егістік жерлері мен баулары медресе оқушылары үшін вақф етілген.

Медреселердегі қамтамасыз ету ақша, астық және кейде екеуі де аралас түрде жүзеге асырылған. Әрбір медресе жанында бастауыш мектептер болған. Бастауыш білім беру 6 жастан 12 жасқа дейінгі балалар оқытылған. Медреседе білім алу 12, 14 жастан басталған. Білім беру шындығында тегін болған. Сондай-ақ, низомия медреселерінде оқушыларға стипендия берілген.



Шығармашылық жұмыс

Берілген текстті оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер: неліктен түрік жазуы басқа жазуларды пайдаланудан шығарып жіберді?

Атышулы саяхатшы, Истахрий (850-934) хорезмдіктердің білімге құштарлығын өзінің «Китоб ал-масолик вал-мамолик» (930-933 жылдары жазылған) шығармасында «Қазір Бағдатта хорезмдік шәкірті болмаған ғалымның өзі жоқ» деп атап өткен болатын.



Ой жүгірту үшін




Ренессанс үдерісіндегі оңтайлы әсер көрсеткен Шығыс, атап айтқанда Тұран аумағында (IX-XII) түзілген білім ордасы Еуропа ренессансының пайда болуына түрткі болды. Бұхарадағы Масжиди Калон атымен белгілі болған мешіттің орнында алғашқы мешіт құрылған. Олардың қасында медреселер түзілген.

IX ғасырдың басында Балхта 400 медресе мен 900 мектеп болған.

«Ғылымның сапасы үш уәжден: бір іспен байланысты болған ғылым, ғылыммен байланысты болған іс (өнеркәсіп); қайыр мен дәлелдеуге байланысты болған әдет. Бір іспен байланысты болған саласында тәуіптік, астрология, инженерлік, математика, (жер өлшеуіш), ақындық және соған ұқсас істер. Ғылымға тиісті болған істер--музыка, аспаптарды жөндеу, аттарды емдеу, құрылыс, кәріздерді жасау және тағы сол сияқтылар. Бұлардың әрқайсысында; егер сен оның суретін және тәртібін білмесең, қаншалықты ұста болсаң, онда сол кезде таңқалған кісілердің қатарында аузыңды ашып қала бересің, яғни аң-таң болып қаласың».

Кайковус, «Қабуснама»



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Оқыған мәліметтер негізінде еліміздің білім беру тарихының болжамалы жасын анықтаңдар.
2. Алғашқы білім беру мекемелері қайда қызмет көрсеткен?
3. Имам Ғаззолий ілім туралы қандай мәліметтер береді?
4. Кайковус, «Қобуснамасынан» берілген үзіндіден қандай қорытындыға келдіңдер?
5. Медреселердегі білім беру неліктен вақф есебінен жүзеге асырылған? Оларда қандай білімдер берілген?

ТАРИХТЫ ӨЗГЕРТКЕН ТҰЛҒАЛАР

Дүниеде халықтар мен мемлекеттер көп. Мыңдаған ұлттар және әртүрлі ұлыстар да баршылық. Олардың әрқайсысының дүние өркениетіне қосқан белгілі мөлшердегі үлесі бар. Ал бұл үлесті біреуі артығырақ, біреуі азырақ қосып өмір сүріп жатыр. Бұл табиғат заңы, даму принципі.

Бұл осы жер иесі, осы халық өкілі ретінде дүние өркениетіне қосқан үлкен үлесіміз бар деп айта аламыз. Энциклопедияшы ғалым ретінде Беруний, медицина қолдаушысы Әбу Әли ибн Сино, анық пәндерде Хорезмий, діни ілімде Имам Бухарий, әскери ілімде Әмір Темір, аспан туралы ілімде Мырза Ұлықбек, поэзия және көркем әдебиетінде Науаилардан озатын әлі ешкім табылмаса керек.

Келесі тақырыптарымыз міне осы жөнінде...



43–44-тақырыптар:

АҚЫЛ-ПАРАСАТПЕН ЖАСАЛҒАН БАЙ РУХАНИЯТ

Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар



1. Егер Еуропа ояну дәуірі – Ренессанс нәтижелері ретінде әдебиет және өнер шығармалары, сәулеткерлік інжулері, медицина және адамды түсіну бойынша жаңалықтар пайда болған болса, Тұранда бұл үдеріс қайсы пәндердің дамуымен байқала бастады?
2. Ислам дінінің ықпалы күшті болған IX-XI ғасырларда неліктен ислам діні бұл ғылымдардың дамуына кедергі жасамаған ?

Мәлімет үшін



Еліміз ғұламалары діни білімдер бойынша да жетік дәрежелерге қол жеткізген. Мысалы, Ибн Сина, Махмуд Замахшарий, Фарабий, Берунийлер Құран көрім, хадис, ислам тарихы және құқықтануы бойынша да шығармалар жазған. Мұсылман әлеміндегі алғашқы оқу орындары – медреселер VIII ғасырдың соңында осы дәуірдегі ғылыми-мәдени орталықтар болып саналған Бұхара, Самарқанд, Насаф, Терміз, Хиуа, Шаш, Марғылан секілді ежелгі қалаларда қызмет көрсете бастаған. Мұндай білім ордалары өз тиімділігін көрсетіп, елімізден ұлы муфассирлер (Құранды түсіндірушілер) және мухаддистер (хадис жинаушылар) келіп шыққан.

Мұхаммедтің (s.a.v.) алты жүз мыңға жуық хадистерін жадында сақтаған ұлы ғұлама Имам Бухари «Хадис ілмінің сұлтаны» деген құрметті атаққа ие болған. Ұлы мухаддистің «ал-Жоме ас-Сахих» (Сахи, сенімді жинақ) шығармасы «Құраны Кәрімнен» кейінгі орында тұратын екінші маңызды дереккөз ретінде ислам әлемінде жоғары бағаға ие болып жатыр.




Шығармашылық жұмыс

1. Имам Бухари хадистерін қабылдауы үшін оның ровиясы қандай талаптарға жауап беруі қажет болған? Неліктен? Сен және қандай талаптарды қойған болар едің?

2. Осы мәліметті оқы! Неліктен Имам Бухари алыстан келген болса да хадистерді тыңдамай арқасына қайтып кеткен?

Бір күні бір адамнан хадис тыңдау және жазып алу үшін іздеп барыпты. Ол кісі атын шақыру мақсатында етегіне өтіріктен жем салғандай етіп көрсетіп, алдап шақырып жатқанын көреді. Нәтижеде өте алыстан келген болса да, ол кісіден хадис есітпей қайтып кетеді.



Ой жүгірту үшін

Имам Бухари хадис ілімі ғалымдарының бірі Исъхақ Рохувайхтың үйінде болды. Ол кейбір шәкірттеріне: «Қане, енді сендер Набии саллаллоху алайхи васалламның сүннәттарын жинаған мухтасар, сахих кітап жинай алсаңыз еді!»- деді. Бұл Имам Бухариге мақұл келді. Бұл хадистерді 600000 хадистен шығарып алып, кітабына тек сахих хадистерінен жинады. Хадистердің ровийсі (жеткізуші, түсіндіруші, әңгімелеп беруші) жөніндегі мәліметтерді де беру олардың сенімділігін қамтамасыз ету үшін негіз болған. Әрбір ровийдің келіп шығуын жазып ала отырып, әрбір хадисті жазудан алдын пәктеніп, ғибадат және дуғалар оқиды екен. Хадис айтушының мұсылман болуы, жасы, кәмелетке толғандығы, ақылының толықтығы, күнә істерден сақталғандығы, ілімді орындағандығы, есіткен хабарының растығын анықтап, кейін біреуге айтатын адам болуы, сонымен бірге жадының күштілігіне, жалғаннан алыс жүруі секілді талаптарды орындады. «Ал-Жоме ас-сахих» 16 жыл барысында жазып аяқталды.

Имам Бухари кесенесі.
Самарқант


“Ілімнен басқа амал жоқ және болмағай!”
Имам Бухари



Дереккөздерде

ИМАМ БУХАРИДЫҢ СЫНАҚТАН ӨТУІ

Бір күні Имам Бухаридің Бағдатқа келгенін естіген ғалымдар ол кісіні сынақтан өткізбекші болыпты. Бағдат муһаддистері жүз хадисты таңдап алып, олардың тексті мен иснадтарын өзгертті (яғни бір иснад текстің екінші иснад текстімен және бір текст иснадын басқа текст иснадымен айырбастап қойды). Одан соң оларды он кісіге онтадан бөліп беріп, жиын уақытында Имам Бухариге айтуын тағайындады. Жиынға мыңдаған қорасандық, бағдаттық және басқа ғалымдар келді. Тапсырма берілген сол кісілер өздеріне берілген хадистерді Имам Бухариге айтып, олар жөнінде сұрады. Сонда Имам Бухари олардың әрбіріне: «Мұндай хадисті білмеймін» деп жауап берді. Сұрақтар аяқталған соң бірінші болып сұрақ берген кісіге бұрылды да: «Бірақ сен айтқан бірінші хадистің тексті басқа бір хадис иснадына тиісті болып, дұрысы мынадай... ал екіншісінің иснады басқа хадистің текстіне тиісті болып, оның дұрысы былай болады...» деп сұрақ берген 10 кісіге жауап береді. Барлық хадистердің иснад пен тексттерін өз орнына қойғанына таң қалған адамдар ол кісінің ақыл-парасаты мен зердесіне тән беріп, терең құрмет білдірді.



Шығармашылық жұмыс

1. «Имом Бухаридің сынақтан өтуі» әңгімесін оқы. Оның қандай шексіз қабілет иесі екендігі жөнінде талдау жасаңдар.
2. Есте сақтау қабілетін нығайту үшін қандай жаттығулар қажет? Сен зердеңді нығайту үшін қандай жаттығулар орындайсыңдар?
3. Кітап оқу мен жаттау зердені нығайтады деген пікірге қосыласың ба?
4. Ислам дінінде ғылымға мән беруден және насихаттаудан қандай мақсаттар көзделген?

Деректерде айтылуынша, Имам Бухаридің сахих жинағына енгізілген сенімді хадистердің саны қайталанатындарымен бірге 7275 болып, ал қайталанбайтындары 4000 хадистен құралған.



Білесің бе?

707 жылы мұсылмандар тарапынан дүниедегі бірінші аурухана ашылды. Осы аурухананың өзінде медбикелердің қызмет көрсетуі жолға қойылды және медицина ордалары қызмет көрсете бастады. Көп ғасырлар барысында мұсылман дәрігерлері көз ауруларын тексеру және емдеу бойынша үздік мамандар болып саналған.

1990 жылы елімізде Термизидің 1200 жылдығы кең атап өтілді. Тәуелсіздік жылдарында Термизидің ескерткіш кешені қайта жөнделіп, үлкен зиярат орнына айналтырылды.



Мәлімет үшін

Имам Термизи. Әбу Иса Мұхаммед Термизи (824-894 жыл, Термиз) Бұғ қыстағында (қазіргі Шеробод ауданы) туылған ұлы өзбек ғалымы. Термизи Имам Бухаримен кездескенінде (бұл кездесу Нишапурда болған және олар 5 жыл бірге бірге жасаған) хадистердің тек қана мәтіні ғана емес, оның мәні мен философиясын түсініп жеткенін тән алады. Өз кезегінде Имам Бухари өз шәкіртін мақтап, кішіпейілділікпен: «Сен меннен пайдаланғаныңа қарағанда, көбірек менің қажетіме жарадың», деді. Бұл Термизиге берілген ең жоғары баға еді. 868 жылы ол өз туған жеріне қайтты.

Термизидің зиярат орны



Шығармашылық жұмыс

«Сен меннен пайдаланғаныңа қарағанда, көбірек менің қажетіме жарадың», дегенде Имам Бухари нені назарда тұтқан еді?



Ой жүгірту үшін

Термизи ғылыми-шығармашылық жұмыс, шәкірттер дайындаумен шұғылданды және ірі хадистанушы ғалым, имам ретінде аты елге танылды. Термизи жазған шығармаларының көпшілігі: «Аль-Джами'с ас-Сахих» («Сенімді жинақ»), Аш-Шамо-ил ан-Набавия («Пайғамбардың ерекше қасиеттері»), «Аль-илал фи-л-хадис» («Хадистердегі ауытқулар»), «Ат-Тарих» («Тарих») және басқалар бізге дейін жетіп келген. Оның шығармалары ішінде ең атышулысы, әрине «Аль-Джами'с ас-Сахих», ол 6 сенімді хадистер жинағының бірі.




Дереккөздерде

Әбу Иса Мұхаммед Термизи Меккеге қажы сапарына бара жатқанында жол-жөнекей көптеген атышулы ғалымдармен кездесіп, олардың бірінен хадис ілімінен сабақ беруін сұраған. Сонда ол кісі: «Құба-күп, қолыңызға қалам-қағаз алыңыз!» деген. Ерегіскендей, сол сәт Термизи қалам таба алмай қалған, ғалам оның қасында отырып естіген.

Үйретіп жатқан ғалым Термизидің жазбай жатқанын көрген соң ашуы шығады: «Сонда сен мені бекерші деп ойладың ба?» деп жеркиді. Имам Термизи кешірім сұрап: «Сіз айтқан хадистерді мен жаттап алдым, оларды айтып берейін бе?» -- деп, естіген хадистерінің барлығын бірінен соң бірін кідірмей айтып берген. Одан соң ғалым және қырық хадис айтып берген. Имам Термизи оларды да бірінен соң бірін қатесіз айтып берген.

Сонда ғалым Имам Термизидің зердесі мен жадының қандай күшті екендігін көріп, таң қалған.



Иса Термизи кесенесі,
Шерабад





Мәлімет үшін

Замахшарий Әбіл-Қасым Махмуд ибн Омар ибн Мұхаммед (1075--1144)-- тілтанушы, ақын, фатих. «Джарулла», яғни «Алланың көршісі», «Араб және басқа арабтар ұстазы» «Хорезмнің мақтанышы» деген құрметті атақтармен дәріптелген. Хорезмнің Замахшар қыстағында туылған. Әкесі жетекшілігінде өз сауатын ашып, кейін Гурганжда, Бұхарада білім алған. Бірнеше жыл хорезмшахтар сарайында қызмет еткен. 1118 жылдан бастап бүкіл өмірін ғылымға арнайды. Екі рет қажы сапарында болған. Көне Үргеніште қаза тапқан.

Замахшарий араб тілі, әдебиет, география, тафсир, хадис және фикхке байланысты көп шығармалар жазған. Араб тілі грамматикасына байланысты «Аль-Муфассал» (Грамматика туралы егжей-тегжейлі кітап) атты шығармасын ол Меккеде жасаған кезінде, бір жарым жыл ішінде жазған. Ұлы бабамыз Әлішер Науаи «Сабаи Сайор» дастанында ұстазы Әбдірахман Жомийге арналған тарауында Замахшарийді еске алып жазған мынадай қатарлар бар:

Арабтануда теңі жоқ,

Ибн Хажиб шәкірттерінен.

Айтуынша оның түсінетін ілімді,

Ғалымдардың ішінде Жарулладай ешкім жоқ.

Оның Құранның тәфсірлеріне арналған «Әл-Кашшоф ан-ақиқат ит-танзийл уәун ил-ақаввил фи вужуһ ит-тауил» (Құранның ақиқаты және оның



түсіндірмесі арқылы сөздердің көзін ашу) шығармасы дүниежүзіне танымал. Меккеде жазылған бұл кітап қысқаша «Кашшоф» деп аталды.

Замахшарийнинг фикхке байланысты «Түрлі мәселелердің маңыздысы», «Мұрагерлік құқығы ілімі бойынша жаттығу», дін негіздері жөніндегі «Усул бойынша тәртіптер», хадистерге арналған «Ғариб хадистер туралы таңғажайып шығарма», сондай-ақ тіл, нахв мәселелерін кең ашып берген кітаптар, поэзиялық шығармалар сақталынып, олар түрлі тілдерге аударылып, басып шығарылған.



Шығармашылық жұмыс

Махмұд Имам Замахшарийдің араб грамматикасы мен тілтануы туралы шығармасы үшін арабтар оны қалай құрмет етеді?



Мәлімет үшін

Ұлы өзбек ғұламаларының ішінде ислам шариаты—фикх саласында да озық қайраткерлер болған.

Имам Бурханиддин Әбул хасан Әли ибн Әбубәкір ибн Әбдулжалил Фарғоний **Марғинович** шығу тегі халифа Әбу Бәкір Сиддиқтан (г.а.) басталады.


Имам Бурханиддин Марғинович 1123 жылы Риштан ауданында туылған. Ол білімді, зиялылар отбасында есейіп, ең алдымен өз әкесінен білім алады. Одан соң өз дәуірінің атышулы ғұламалары, факих және мужтахид дәрежесіндегі ғалымдардан дәріс алып, өзінің сенімі, тақвосы және жоғары қабілетімен ханафий мазхабы бойынша ұлы факих және мужтахид дәрежесіне көтеріледі. «Шейх ул-ислам» деген ұлы мәртебеге ие болады.

Бурханиддин Марғиновичтың жүзге жуық шығармалар жазғандығы деректерде атап өтілген. Оның ең танымал шығармасы «Хидоя» болып саналады. Бұл шығарма 57 тараудан құралып, ислам құқықта-нушылығының барлық салаларын өзінде сипаттаған таптырмас дерек болып есептелінеді.

Марғиновичтың бүкіл ислам әлемінде белгілі «Хидоя» шығармасы 1178 жылы Самарқантта жазылды. Шығарма жазылған уақыттан бастап қазіргі күнге дейін Шығыс пен Батыстың оқу орындарында ислам шариатын үйренуде негізгі шығармалардың бірі ретінде пайдаланылады.

Ғұлама 1197 жылы қаза тапқан.

2000 жылдың қарашасында Марғыланда Бурханиддин ал-Марғиновичтың 910 жылдығы кең атап өтілді.



Имам Бурханиддин Марғинович зиярат орны. Ферғана уәлаяты



Мәлімет үшін

Хаким Термизидің толық аты Әбу Абдуллах Мұхаммед ибн Әли Хасан ибн Башир Хаким Термизи болып, оның өмірбаянына байланысты мәліметтер орта ғасырларда араб тілінде шығармашылық еткен авторлардан Тажуддин Субкий, Хатиб Бағдодий Ибн Хожар Асқалони және Суллами шығармаларында, сондай-ақ өзінің «Бадъу шаъни Абу Абдуллах» («Абу Абдуллах ісінің басталуы») атты автобиографиялық трактатында келтірілген.

Белгілі мутасаввуф, мухаддис, «һафиз ул-Қуръон» және ғалым болып, ақида, тафсир, хадис ілімдері туралы шығармалар жазған Хаким Термизи шамамен 750-760 жылдары Терміз қаласында туылған. Өмірінің соңына дейін (шамамен 869 жыл) төрт жүзге дейін шығарма жазған. Содан алпысқа жақыны ғана бізге дейін жетіп келген.



Термизи бұл дүние үшін жасалған барлық ізгіліктердің, соның ішінде қоршаған орта, бізді қоршап тұрған әлемнің мәнін аңғарудағы әрекеттері үшін ғұлама «ал-Хаким», яғни «(барлықтағы) мәнін аңғарған ұлы тұлға» деген атқа лайық деп табылған.

Ғұламаның пайғамбар Мұхаммед алайхиссаломның хадистеріне арналған «Наводир ал-усул фи маърифат ахбор Расул» («Расулуллох хадистерін білуге байланысты тәсілдер») шығармасы баршаға белгілі. Оның қолжазба нұсқасы Өзбекстан мұсылмандар кеңсесі кітапханасында сақталынып жатыр. Хаким Термизидің бізге дейін жетіп келген маңызды шығармаларының және бірі «Хатм ал-авлиё» (кейбір деректерде «Хатм ал-валоят») болып, мұнда ғұламаның валийлік жөніндегі көзқарастары кең баяндалған. Бұдан тысқары, оның «Китоб ҳақиқат әл-одамия» («Адамзат шындығы туралы кітап»), «Адаб ал-нафс» («Нәпс тәрбиелілігі») және басқа бірнеше қолжазба шығармалары бүгінгі күнге дейін жетіп келген. Оларды мамандар әлі күнге дейін үйреніп жатыр.

Хаким Термизи кесенесі



Мәлімет үшін



Әбубәкір Мухаммед ибн Жаъфар Закарийя әл Хаттоб ибн Шарик Наршахи (899-959) – тарихшы ғалым.

Бұхараның Наршах қыстағына туылған. Саманийлер сарайында хатшылық жасаған. Наршахи 943-944 жылдары саманийлер әмірі Нух ибн Насрге арнаған «Таһқиқи вилояти Бухоро» («Бұхара тарихы») атты шығарманы араб тілінде жазды.

Наршахий жазған «Бұхара тарихы» кітабының бірнеше тарауы Бұхараның салынуы, ежелгі атаулары, ежелгі патшаларына арналған. Шығарманың арнайы бір тарауы Бұхара маңындағы Кармана, Нур, Тавоис, Искажкат, Шарғ, Зандана, Вардона, Афшона, Баркат, Рамитан, Варахша, Байқанд (Пайкент), Фароб және басқалар жөнінде мәлімет берген. Кітапта Тұранда араб халифаты билігінің орнатылуы, ислам дінінің таралуы және Бұхараның арабтар тарапынан иелеп алынуы және халифалыққа қарсы күрестер толық баяндалады.

«Бұхара тарихында» IX ғасырда Тұранның араб халифатынан бөлініп шығуы, Мәуереннахр мен Қорасанда саманийлар әкімшілігінің орнатылуы мен Бұхараның экономикасы мен мәдени өмірі бейнеленген.

Шығармада Бұхара қаласының қақпалары, ішкі және сыртқы қабырғаларының құрылуы, арк және Шахристанның ғимарат құрылуы секілді қаланың тарихи топографиясына байланысты мәліметтер болып, олар шеберлікпен баяндалды. Бұл шығарма бүкіл Тұранның алғаш орта ғасырлар тарихын үйренуде баға жетпес дереккөзі болып саналады.

Білесің бе?



Өкінішке орай, «Бұхара тарихының» араб

тілінде жазылған түпкілікті нұсқасы бізге дейін жетіп келмеген. Кітап парсы тілінде аударылып, үш ғасырдан астам дәуірде бірнеше өзгертулер, қысқартулар мен қосымшаларды басынан өткізген нұсқасы-ақ сақталып қалған. «Бұхара тарихы» Парижда француз, Бұхара мен Тегеранда парсы, Кембрижде ағылшын, Ташкентте орыс және өзбек тілінде, Душанбеде тәжік тілінде басып шығарылған.

Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз



1. «Тыныштық пен тұрақтылық ғылымның өркендеуіне оңтайлы ықпал етеді» деген сөйлемді өмірлік мысалдар негізінде түсіндіріп бер.
2. Еліміз ойшылдарының ғылыми мұрасын дүниежүзілік ғылымның дамуына қандай әсер етті? Пікіріңді негізде.
3. Бүгіннен бастап 1000 жыл өткенде адамдар сені жылы сөздермен мақтанышпен еске алуын көз алдыңа елестет. Сен болашақта өзіңнен кейін қандай рухани мұра қалдырмақшысың?


45–46-тақырыптар:

IX-XII ҒАСЫРЛАРДА ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТИҢ ӨРЛЕУІ




Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Суретте берілген Мағоки Атторий қайсы әулет дәуірінде құрылған еді?
2. Дүниежүзілік тарихы пәнінен алған білімдерің негізінде төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер. Халифа Маъмун Бағдатта түзген ғылым мекемесі тарихта қандай атпен із қалдырған? Бұл мекеме несімен танымал болған?
3. Махмуд Ғазнауидің Хорезмге жүруіне не сылтау болған? Ол қайсы ғалымды өзімен Ғазнаға алып кетті және оған уәзірлік дәрежесін берді?



Бұхарадағы Мағоки Аттори мешіті



Ой жүгірту үшін

Тұран аумағы дүние-жүзілік мәдениетінің көне ошақтарының бірі болған. Ислам діні кіріп келуден алдын да бұл жерде өмір сүрген халықтар бай сәулеткерлік және қолөнершілік дәстүрлеріне ие еді. Аумақта ислам діні кіріп келген соң, жергілікті дәстүрлер ислам мәдениетімен тұтасып, одан да жоғарылау дәрежесіне кірді.

Ғылым, сауда-сатық, құрылыс және ауыл шаруашылығы ойламаған дәрежеде орасан жоға-

ры дәрежеде өркендеді. Алғашқы ислам дәуіріндегі болған саяси және экономикалық мұхит бұл үдеріске оңтайлы әсер етті.

IX-X ғасырларда сәулеткерліктің таңғажайып жетістіктері мешіт пен медреселер құрылысында көбірек байқалады. Сол дәуірлерде елімізде болған саяхатшылар мен ғалымдар қалаларға сипаттама бере отырып, негізгі ғимараттар ретінде мешіт пен медреселерді тілге алғандығы соның жарқын дәлелі. Мешіт ғимараттарының жанында сәулетті және биік мұнара, ханаки, ғұлама мен әулиелердің мазарлары үстіне кесенелер құрылды.

Мұндай жерлерді зиярат етушілердің саны көп болғандығынан арнайы үйшіктер де құрыла бастады.

Экономикалық жағдайдың жақсаруы, қалалардың беделі артуы нәтижесінде IX ғасырға дейін негізінен лай мен күйдірілмеген кірпіштен құрылған ғимараттардың орнына енді піскен кірпіштер де қолданыла бастады.



Білесің бе?

Қазіргі геология, минерология, физика және химия салалары үшін өте маңызды әрі сенімді болған заттардың талдауының (диагностикасы) тәсілі, яғни заттардың салыстырмалы салмағын анықтау алғаш рет Хорезмде Мамун академиясында Беруни тарапынан ойлап табылған.



Шығармашылық жұмыс

1. Бұл дәуірде қандай ғимараттар және бой көтерді?
2. Олардың міндеті нелерден құралған еді?
3. Бірінші медресе қайда құрылған?





Ой жүгірту үшін

Қараханийлер, ғазнауилер, селжұқтар, ануштегиндер дәуірінде экономикалық және мәдени өркендеу дамыған.

XI-XII ғасырларда піскен кірпіштен ғимараттар құру шеберлігі жоғары дәрежеге жеткен. Ғимараттарды сегіз бұрышты етіп, төбелері биік көтерілген және сәулетті күмбездермен жабу әдетке айналған, нақышты кірпіш теру өнері дамыған, кірпіштерде оюлы нақыштар берілген.

Халық арасында «мұсылман кірпіш» деп қолданылатын құрылыс шикізаты, сарық лайдан дайындалып, арнайы қалыптарда пісірілген. Әрбір қала мен уәлаятта өзіне тән сәулеткерлік тәсілдер дамыған. Олар алгебра және геометрия ғылымдарының дамығандығын дәлелдейді.



Шығармашылық жұмыс

Берілген сурет негізінде төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Кірпіштердің терілуіне назар аударыңдар. Олардың тәсілдерін атап көрсетіңдер.
2. Мұндай нақыштарды теру үшін немесе піскен кірпіштерді жасау үшін қандай технологияларды пайдаланған? Піскен кірпіш дайындау механизмін білесіңдер ме?
3. Геометрия ғылымынан алған білімдеріңе сүйеніп, нақыштарды сызыңдар. Қандай сызықтардан пайдаландыңдар?
4. Берілген суретте неше бұрыш бар, санап көрсетіңдер. Олардың өлшемін таба аласыңдар ба?





Мәлімет үшін

Селжұқтар дәуірінде ғылым мен мәдениет өркендеуі үшін барлық жағдай жасап берілген. Бұл әулетке тиісті жоғары дәрежедегі әмір болсын, ханзада немесе ханшайым болсын, баршасы қандай да болсын бір қалада бір немесе бірнеше медресе құруды өз міндеті деп білген. Олардан уәзірлер, әмірлер, жергілікті әкімдер де үлгі алған. Атышулы уәзір Низамүлк өз дәуірінде көптеген медреселер құрғызған. Ғылым өкілдері әрі діни, әрі дүниелік салаларда білім алған. Оқушыларға айлық жәрдемақы берілген, жататын жермен қамтамасыз етілген. Оларды өз дәуірінің жетік ғалымдары оқытқан. Ғылым орнында оқытындар көп мыңдаған кітаптары бар кітапханаға қатысу мүмкіндігі бар еді.

Низамүлк негізін қалаған Бағдаттағы «Низамия» медреселерінің бірінде алты мың шәкірт оқып, білім алғаны белгілі. Әрбір медресенің жанында кітапхана, кейбіреулерінде аурухана да болған. Атап айтқанда, Нишапурда негізі салынған медресеге аурухана да біріктірілген.

Медреседе астрономдар, математиктер, космографтар, математиктер, тәуіптер, химиктер, ірі ақындар қызмет көрсеткен. Олар өз замандастарының барлық ілімдерінен хабардар болған.

Марвтың наменгері 813 жылы Бағдат халифалығы тағына отырды. Ол Қорасан, Мәуереннахр және Хорезмдегі ғалымдар тобын Бағдатқа алып келеді. Олардың арасында тарихта атышулы болған Мұхаммед Мұса Хорезми де болған.



Шығармашылық жұмыс

Неліктен халиф Мамун, одан соң қараханийлер, саманилер, ғазнауилер, селжұқтар дәуірінде ғылым дамыған? Жауаптарыңды Имам Бухаридың «Ілмнен басқа ешқандай құтылысым жоқ және болмайды да» деген даналық сөзімен негіздеңдер.





Мәлімет үшін

Хорезмшахтардан бірі Әбул Хасан Әли ибн Мамун ілмге аса назар аударып, өз сарайына ғалымдарды шақырды. Гүргеніште 1004 жылы академияға негіз салады. Бұл тарихта Мамун академиясы деген атпен қалады. Бұл академияда Әбу Райхан Беруни ғалымдар тобына жетекшілік етеді.

Онда Әбу Әли ибн Сина да қызмет жүргізген. Академияда діни ілімдермен бір қатарда ғалымдар дүниелік және табиғи ғылымдармен, атап айтқанда, астрономия, математика, физика, химия, минералогия, картография, география, табиғаттану, медицина, философия, тарих, араб тілі, логика, әдебиет, ислам құқықтануы және тағы басқа ғылымдар саласында терең зерттеулер жүргізді. Олар араб, парсы, үнді, латын, грек және түркі тілдерін жетік білген. Грек ғалымдарынан Платон, Аристотель, Птолемей, Евклид, Пифагор және Гален шығармаларын терең талдап, оларға арналған шолулар жазған.

Өздері жоғарыдағы ғылымдар саласында зерттеулер өткізіп, ғылымды жаңа идеялармен байытты.

Олар Гүргенж медреселерінде жастарға ілім-тәрбие беріп, қабілетті шәкірттерді дайындауға үлкен үлес қосты. Сондай-ақ, академияда Берунийдің астрономия, Әбу Насрдың математика, Әбулхайыр Хаммомның химия мектептерінде де жастарға терең білім берілді. Бұл дәуірде Гүргенж медреселері және жоғарыда аталған мектептер шынайы ғылым ордаларына айналды. Оларда білім алған жастар кейін Шығыстың атышулы ғұламалары болып шықты.

Мамун академиясында жиналған ғалымдардың көпшілігі Мұхаммед Мұса Хорезми шығармаларының шолушылары немесе бұл ғалымның қандай да болсын ғылым саласында ғылыми дәстүрлер жалғастырушылары болған.



Шығармашылық жұмыс

Деректерде айтылуынша, хорезмшах Мамунның Әбу Хусайн Сунайли есімді уәзірі болып, ол зерделі ағартушы және философ болған. Өміршінің ғылымға деген жоғары ықыласында ол кісінің ықпалы да бар еді. Бұл мәліметті түсіндіріп беріңдер.

2006 жылы мемлекетімізде Хорезм Мамун академиясының 1000 жылдығы атап өтілді.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Төмендегі пікірді түсіндіріп беріңдер: «Хорезм Мамун академиясы босқа пайда болған емес. Ол өзіне дейін пайда болған ғылымның заңды мұрагері ретінде қалыптасты».
2. «Заңдық мұрагері» деген түсінікті қалай түсіндіңдер?
3. Бүгінгі күнде Мұхаммед Мұса Хорезмидің мұрагерлері ретінде кімдерді айта аласыңдар?
4. QR да берілген деректерге негізделіп, Хорезм Мамун академиясының қайта түзілуі жөнінде ұсыным дайында.



47–48-тақырыптар: МҰХАММЕД ИБН ӘЛ-МҰСА ХОРЕЗМИЙ




Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. Мұхаммед ибн Мұса әл Хорезми жөнінде қандай мәліметтерге иесіңдер?
2. Әл-Хорезми қандай үлкен жаңалықтар ашқан?
3. Бұл адамның тарих алдындағы қызметі қандай болған?



Ой жүгірту үшін

Ұлы математик, астроном және географ ғалым Әбу Жафар(Әбу Абдуллах) Мұхаммед ибн Мұса ибн Хорезми Хиуада (783-850) туылған. Ол алгебра ғылымының негізін қалаушы ретінде ғылым тарихында жоғары атаққа ие болды. «Алгебра» сөзінің оның «Ал-китаб ал-мухтасар фи хисаб ал-жабр және ал-муқобила» («Әл-жебр уәл-мұқабала кітабы») трактатынан алынған. Оның арифметикаға байланысты трактаты үнді сандарына негізделіп, қазіргі күнде біз пайдаланып жатқан ондық есептеу жүйесі және ондағы амалдардың Еуропада таралуына себеп болды. Ғалымның «Әл-Хорезмий» деп аталуы, «алгоритм» көрінісінде ғылымда өмірбақи қалды.




Білесің бе?

Хорезмийдің айтуынша, алгебрада үш түрлі сан қолданылады: түбір(жизр) немесе нәрсе(шай), квадрат (мал) және жай сан немесе дирхам(ақша бірлігі). Және оның айтуынша, түбір—өз-өзіне көбейтірілгеннен пайда болатын мөлшер, ал квадрат түбірді өзіне көбейтіруден пайда болған шама. Хорезмий пайдаланатын теңдіктер осы үш мөлшер арасындағы қатыстар.



Шығармашылық жұмыс

Х ғасырда өмір сүрген саяхатшы әл-Муқаддаси : «Хорезмдіктер ақыл-сана, ғылым, фикх, қабілет және білімге ие адамдар» дегенінде нені назарда тұтқан?



Ой жүгірту үшін


Хорезми жазған 20-дан астам шығарманың небары 10-ы ғана бізге дейін жетіп келген. «Әл-жебр уәл-мұқабала кітабы», «Үнді есебі жөнінде кітап», «Қосу және айыру туралы кітап» (арифметикалық шығармалар), «Китаб Сурат-ал-Ард» (географияға тиісті кітап) солардың қатарына жатады. Сондай-ақ, ғұламаның «Астрономиялық таблицалар» (“Зидж” – жұлдызнамалық еңбек, яғни аспан денелерінің, ғаламшарлардың қозғалысын зерттеуге арналған), «Күн сағаты туралы кітап»(Китаб ар-рухама), «Ендік өлшеуіш арқылы жасалатын әрекет туралы кітап» (Китаб аль-амаль би-ль-астурлабат), «Тарих кітабы - адамзат тарихына арналған туынды»

Әлі батыста көпшілік жер тегістіктерден құралған деп ойлап жүрген кезде, Хорезми планетамыз домалақ екенін дәлелдеп берген.

Мен арифметиканың жай және күрделі мәселелерін өз ішіне қамтып алған «Әл-жебр уәл-мұқабала кітабы» жазып шығардым, өйткені мұра бөлуде, өсиетнаманы түзуде, малды үлестіргенде, әділет істерінде, саудада және кез келген келісім-шарттарда, сондай-ақ, жер өлшеуінде, арналар өткізуде, геометрияда және басқа соған ұқсас әртүрлі істерде кісілер үшін бұл аса қажет болды.

Мұхаммед ибн
Мұса әл-Хорезми





Ой жүгірту үшін

секілді шығармалары ғылымның дамуында аса маңызға ие.

Ғұлама ежелгі Бобулдан белгілі бірінші және екінші дәрежелі теңдіктерді шешу тәсілдері баяндаған. Хорезмий әрбір жағдайда теңдікті шешу ережелері мен олардың сендірерлік дәлелдерін келтіреді. Дәлел сыртқы көріністе геометриялық тілде баяндалса да, мәні жағынан алгебралық дәлелмен сәйкес келеді.

Мен арифметиканың жай және күрделі мәселелерін өз ішіне қамтып алған «Әл-жебр уәл-мұқабала кітабы» жазып шығардым, өйткені мұра бөлуде, өсиетнаманы түзуде, малды үлестіргенде, әділет істерінде, саудада және кез келген келісім-шарттарда, сондай-ақ, жер өлшеуінде, арналар өткізуде, геометрияда және басқа соған ұқсас әртүрлі істерде кісілер үшін бұл қажет болды.

Мұхаммед
Мұса әл Хорезми

Еуропалық ғалымдар бірнеше ғасырлар барысында барлық есеп-хисаптардың астында «диксит Алгоритмі», яғни «Әл Хорезми осылай дейді» деп қосып кетуді өзіне мәртебе деп санаған. Бұл ғалымдардың есеп-хисаптарын осы ұлы ғұлама Хорезми нұсқаулары негізінде өткізгенін білдіреді.



Билесің бе?

«Әр кез ұялы телефоныңды қолға алғаныңда, ұмытпа, оның «ішінде» мұсылман өзбек атай жасырын отырған болады». Атақты британ тілшісі Эндрю Марр әлем тарихы жөнінде BBC телеарнасы үшін дайындаған телебағдарламалардың бірінде Мұса Хорезми жөнінде баяндап, осы жайлы әңгіме өрбітеді, деп мәлімдейді халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарында.



Мәлімет үшін

«Әл-жебр уәл-мұқабала кітабы» алгебра негіздері және оны іс жүзінде енгізуге арналған жетік оқулық болған.


Ғұлама Мұса Хорезми көп үнді қолжазбаларымен танысты. 1-ден 9-ға дейінгі санақ жүйесін түзген және 0 идеясы жөнінде бас қатырған үнді математигінің ізденістері Хорезмиге үлкен түрткі болды. Бірақ 0 санын сан ретінде тән алған және үнді санау жүйесінен пайдаланып, араб санақ жүйесіне негіз салған ұлы ғұлама Мұхаммед ибн Мұса әл Хорезми еді. Сол дәуір ғалымдарын үнді санақ жүйесімен таныстыру және математика әлеміне нөл санын жайғастыру сол дәуір математикасы үшін үлкен бетбұрыс болды. Бұл бастапқыда лажсыз болған күрделі математикалық мәселелерді шешу мүмкіндігін берді. Осы жаңалықтың өзі-ақ оны барлық заман және мекендердің ең ұлы математиктері қатарында болуына жеткілікті болды. Оның және басқа үлкен өнертабысы бар, ол арқылы математикадан жаңа бір сала бөлініп шықты.




Шығармашылық жұмыс

1. «Алгоритм» дегенде нені түсінесің?
2. Сенің күн тәртібің, ұялы телефоныңның алгоритмі бар ма?
3. Егер 0 саны болмағанында анық есеп-хисаптарды жүзеге асыру болар ма еді?
4. Еуропалық ғалымдар Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезмиді қандай есіммен еске алған?

Мұхаммед ибн Мұса Хорезмидің жасаған ұлы қызметтерін тән алу ретінде 1976 жылы Планеталар тізімін атау бойынша жұмысшы тобы Айдың кратерін Мұса Хорезми деп атады.





Шығармашылық жұмыс

1. Хорезмдегі Мамун академиясында қызмет еткен ғалымдар ғылымның қайсы салаларында ізденген?
2. Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми математикадан тысқары ғылымның қайсы салаларымен шұғылданған? Сен қай ғылым салаларыны қызығасың?
3. Сол дәуірде «Әл жебр уіл-мұқабала» кітабына қандай қажеттілік бар еді?



Ой жүгірту үшін

Хорезми математикаға тиісті шығармалардан тысқары географияда маңызды адымдар қойған. Ол халифа Мамун (813-833) үшін әлем картасын жасауға көмектесті және Жер айналасын табу жобасында қатысты, Сириядағы Син-жар тегістігінде жер меридианы дәрежесін өлшеді.

Хорезмий өз дәуірінің ең ұлы математигі және егер барлық жағдайлар ескерілсе, барлық дәуірлердің де ең ұлыларының бірі.

Ж. Сартон, америкалық ғалым

Мамун академиясының қазіргі көрінісі.
Хорезм.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Бұл дәуірде әлемнің басқа мемлекеттерінде Мұхаммед ибн Мұса әл Хорезми сияқты ғылыми мұра қалдырған белгілерін білесіңдер ме?
2. Дүние қауымдастығы дамуын Хорезмсіз елестете аласыңдар ба?
3. «Мұхаммед Мұса әл Хорезмидің ғылым өркендеуіндегі орны» тақырыбында қосымша мәліметтер негізінде ұсыным дайындаңдар.

49–50-тақырыптар:

АХМЕД ФЕРҒАНИ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. «Альфраганус» жөнінде нелерді білесің?
2. Суреттерде берілген ғимараттың қайда орналасқандығын білесіңдер ме?



Ахмед Ферғанидың «Астрономия негіздері жөніндегі кітап» шығармасы орта ғасыр мұсылмандық шығыс мемлекеттерінде астрономия ілімінің дамуын бастап берді.


Мәлімет үшін



Ғалымның толық аты-жөні Әбул Аббос Ахмед ибн Мұхаммед ибн Касир әл-Ферғани. Оның өмірі мен ғылыми қызметі жөнінде өте аз мәліметтер сақталған.


Ахмед Ферғани Ферғана аңғарының Қуба (Қува) (797—865 жылдар) қыстағында туылған. Ол алдын Бағдаттағы обсерваторияда жұмыс жүргізді, одан соң Дамасктағы обсерваторияда аспан денелері қозғалысы мен орнын анықтау, жаңаша «Зиж» жасау жұмыстарына жетекшілік еткен.

Ферғана грек астрономдары, оның ішінде, Птолемейдің «Жұлдыздар кестесі» шығармасында берілген мәліметтерді көріп шығу және сол дәуірдегі барлық негізгі жерлердің географиялық координаталарын жаңадан анықтау бойынша жүргізілген маңызды зерттеулерде белсенді қатысты.




Шығармашылық жұмыс

1. Абул Аббос Ахмед ибн Мұхаммед ибн Касир ал-Ферғани қайсы халифа дәуірінде шығармашылық еткен?
2. Аспан денелері қозғалысы және орнын анықтау үшін қандай білімдерге ие болу керек?



Айдағы кратерлердің біріне Ахмад әл-Ферғанидың аты берілген.



Ой жүгірту үшін

Ферғанидың («Аспан қозғалыстары мен астрономия кітабы» деп аталған астрономиялық шығармасы «Астрономияның ғылыми негіздері» атымен баршаға белгілі. Шығарма XII ғасырда екі рет латын тіліне аударылған. XIII ғасырда басқа Еуропа тілдеріне аударылып болған соң, әл-Ферғанидың аты «Алфраганус» ретінде әлемге танылды.

Ферғанидың жоғарыда атап өтілген шығармаларынан басқа «Устурлоб өнері туралы», «Аль-Ферғани кестелері», «Айдың Жер астында және үстінде болуы уақыттарын анықтау жөнінде трактат» қолжазбасы, әртүрлі мемлекеттер кітапханаларында сақталынған. Ал-Ферғанидің 861 жылы Каир маңындағы Равзо аралында «нилометр», яғни су деңгейін белгілейтін жабдық жасаған. Жабдық алғаш рет Нил дариясында сынап көрілгені үшін осылай аталған.

Төрт мың километр ұзындықтағы Ұлы Ніл Мысыр халқы үшін тіршілік көзі еді. Мемлекет аумағының небары алты пайызына ғана диқаншылық жа-


1998 жылы ғұламаның 1200 жылдық мерейтойы үлкен салтанаттармен атап өтілді. 2007 жылы Мысырдың астанасы Каирде ғұламаға ескерткіш орнатылды.

Араб тіліндегі ғылыми терминологияға байланысты жұмыстарды, атап айтқанда, космография, сопылық және географияға байланысты атауларды белгілеп шығу секілді арнайы ғылыми жұмыстарды жүзеге асыруда Ферғанидың қызметі үлкен. Ол кейбір астрономиялық аспаптарды ойлап тауып, космографияға байланысты араб тіліндегі бастапқы білімдерді белгілеу және ретке келтіру жұмыстарына да біршама үлес қосты.

сау, қандай да болсын жейтін жеміс-жидек өсіруге мүмкін болған. Ол да Нил дариясының арқасында. Қалған бөлігі құмдар болып, оған дария сулары жетіп бармайтын. Сол алты пайыз сулы жер халықты бағып келген. Қазір да осылай. Бірақ сол кезде Нилдің су деңгейін басқарып болмайтын. Яғни, бір жыл су деңгейі көтерілсе, жағалаудағы диқан жерлерін су басып құртылатын. Және керісінше, су деңгейі төмендеп кетсе, жағалаудан алысырақ орналасқан жерлер құрғақшылыққа ұшырайтын. Соған қарамай мемлекет салықшылары әр екі жағдайда да жер иелерінен бірдей салық талап ететін. Ахмед Ферғани жұлдыздар қозғалысын үздіксіз бақылау нәтижесінде Нил дариясы деңгейіндегі өзгерістерді дариядан алыс-жақындығына қарай жерлердің құнарлылығы кестесін түзеді және сол арқылы салық жүйесін жасайды. Ғалымның Нил дариясы аралдарынан бірі--- Роуд аралында құрған «Миқеси ан-Нил» құрылғысы Мысырда жаңаша салық мөлшеріне негіз салды.

Еуропа Қайта өркендеу дәуірі атышулы ғалымы Региомонтан XV ғасырда Австрия мен Италия университеттерінде астрономияға байланысты баяндамаларды Ферғани шығармалары негізінде оқыған. Ферғани аты Данте (XIV ғасыр) және Шиллер (XVIII ғасыр) тарапынан тілге алынады.

Белгілі астроном Ян Гевели 1647 жылы басып шығарылған «Селенография» кітабында айдағы кратерлердің бірін ұлы отандасымыз Ахмад Ферғани атымен атайды.



«МИҚЕСИ АН-НИЛ» ЖӨНІНДЕ

Міне сол бабамыз осыдан он екі ғасыр алдын салынған «Миқеси Нил» құрылғысы. 35-40 метрдей келетін көпірден өтсеңдер, темір ағаш (Үндістаннан әкелінген бук ағашынан) қапталған сегіз бұрышты, үсті дөңгелек пішіндес куббалы қарапайым бір ғимаратты көресіңдер. Нілдің бір шеті аралға ұрылып, екіге бөлінеді. Сол жақта каналға ұқсас ағым, оң жағында бір шақырымдай ағып жатқан өмір дариясы. Кез келген жағдайда да су «Миқеси Нил» құрылғысына ашылған түйнектен кіріп-шығып тұрады. Ішке кірсеңдер, өздеріңді бүгінгі Өзбекстан деп аталған мемлекетке келгендей болып қаласыңдар. Ортада мәрмәр бағана. Оған су деңгейін өлшеу сызықтары тартылған. Жан-жақта ағаш оюлары мен шығыстық миниатюра безендірмелерімен қапталған. Айтуларына қарағанда, Мысыр халқы оларды ғасырлар барысында абайлап сақтап келген.

Сегіз бағана сызықтарына сағынышпен қараймын. Мәрмәр баспалдақтардан бағананы айналып төменге түсемін. Ол Ніл дариясы су деңгейі ең төмен болғандағы көрсеткіштен де төреңірек еді. Міне осы түйнектен су кіріп, бағана сызықтарында көрініс берген соң басқа түйнектен шығып кете берген.

Бабамыз су деңгейі көрсеткішіне қарай диқанның жері дариядан неше шақырым алыста болуына қарай қанша салық төлеуі қажеттігін математикалық формулалар негізінде анық есеп-хисаптар жасап, белгілеп берген. Осылайша, су деңгейі көтерілсе, жері дарияға жақын диқандар кемірек, жері дариядан алысырақтағы диқандар көбірек және керісінше, су деңгейі әдеттегіден төмендеп кетсе, дарияға жері жақын диқан көбірек, жері алысырақта болған диқандар кемірек салық төлеген. Шынында да жай қағидаға ұқсайды. Бірақ ол кезде қазіргі өлшем бірлігіндегі бір метр өзгерсе де салық мөлшері өзгертін кестені жасау шынымен-ақ арабтардың өзі айтқанындай, ұлы ашылым, жаңалық немесе шынайы әділет таразысы болған. Сондықтан да арадан мың жылдан астап уақыт өтсе де, арабтар әліге дейін ғұламаның атын аса құрметпен тілге алады. Сондықтан да Ахмед әл-Ферғани жасаған «Миқеси Нил» әліге дейін қолданыстық күйде сақтап келінген.

Мухаммаджон Обидов

Каирде, Роид аралында «Миқеси Нил» ғимаратының төменінде Ахмед әл-Ферғанидың өте көркем әрі керемет жасалған ескерткіші қойылған.

Бұл Мысыр халқынан адамзаттың ұлы бабасы Ахмед әл-Ферғаниге алғыс білдіру рәмізі.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Ахмед әл-Ферғанидың ғылым дамуындағы орны қандай болған?
2. «Миқеси Нил» құрылғысы жөнінде нелерді біліп алдыңдар?
3. Әл-Ферғанидың ғылымның қайсы салаларын жақсы білген?
4. Ғылым салалары бойынша Ахмед Ферғани секілді ізденулер жүргізген және қандай тұлғалар жөнінде білесіңдер? Олардың тарих алдындағы қызметтері қандай болған?

51–52-тақырыптар:

ӘБУ НАСЫР ФАРАБИ



Белсенділікті арттырушы сұрақ және тапсырмалар



1. Неліктен Әбу Насыр Фараби «Ал-муаллим ас-Соний» деп тән алынған?
2. Сен мектебінде оқытылатын пәндердің қайсы бірін онша қажет емес деп бағалайсың? Неліктен? Жауабыңды негіздеп бер.
3. Кімдерді «энциклопедиялық ғалым» және «толымды энциклопедия» деп атаған?
4. Сен қайсы пәндерді және тілдерді жақсы білесің?



Мәлімет үшін

Әбу Насыр Фарабидің (873-950) толық аты Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлуғ Тархан Фараби.

Дүниежүзілік мәдениетке үлкен үлес қосқан белгілі философ, энциклопедиялық ғалым Фараби 873 жылы түркі тайпалардың бірі болған әскери қызметкер отбасында, Сырдарияның оң жағалауындағы Фароб (Отырар) қаласында туылған.

Фараби өз заманасының барлық ілімдерін жетік меңгергені және бұл ілімдердің дамуына үлкен үлес қосқаны үшін Шығыс мемлекеттерінде «ал-Муаллим ас-Соний» -- «екінші ұстаз» (Аристотельден кейін), «Шығыс Арастусы» деген атақтарға ие болған.

Кейбір мәліметтерде атап өтілуінше, ол 70-тен артық тіл білген. Фараби орта ғасырларда белгілі табиғи және әлеуметтік салаларда 160-тан астам шығарма жазған. Ұлы отандасымыздың әлеуметтік-саяси өмірі, мемлекетті басқару мәселелеріне, құлықтық тәр-



Шығармашылық жұмыс


1. Әбу Насыр Фарабиды «Шығыс мемлекеттерінде» «Алмуаллим ас-Соний» – «Екінші ұстаз» деп атаған. Бірінші ұстаз кім болған?
2. Ғалымды неліктен «Екінші ұстаз» деп атағанын негіздеп түсіндіріп бер.



биеге, дінтану және педагогикаға байланысты шығармалары бар.

Олардың қатарында «Бақыт жолын сілтеу» трактаты («Рисола фи-т танбех ола асбоб ас-саодат»), «Қаланы басқару» («Ас-сиясат ан-мадания»), «Соғыс және тыныштық тұрмыс жайында кітап» («Китоб фитойи вал хуруб»), «Ізгілікті құлықтар» («Асашрат ал-Фазила») және басқалар кіреді.

Фараби тек қана Тұран ағартушысы ғана емес, бәлкім еуропалық ғалымдардан да бірнеше ғасырлар алдын әділетті қоғам құру теориясын жасауда үлкен үлес қосқан. Ғалымның «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» трактатында қоғамның келіп шығуы, мақсаты мен міндеттері бірізділікпен баяндалған. Мемлекетті басқару, білім-тәрбие беру, құлық, ағарту, діни наным және басқа мәселелерге байланысты бағалы пікірлер атап көрсеткен. Оның ғылыми мұрасы дүниежүзілік тарихи-философиялық әдебиеттерінде тән алынып, жоғары бағаланған.



Әбу Насыр Фараби кітабындағы шохруд сазды аспабының сызбасы



Мәлімет үшін

Фараби музыканы адам тәрбиесіне әсер ететін факторлардың бірі деп білді. Ол музыканы адамға нәзіктік, эстетикалық қуаныш арнайтын, сезімдер мен құлықты тәрбиелейтін маңызды құрал деп есептейді. Ағартушы «Музыка жөнінде үлкен кітап» атты көп томдық шығармасында музыка теориясы мен тарихы, әртүрлі музыка аспаптары, күйлер мен олардың ішкі құрылымы, дауыстар, ритмдер, әуендер жөнінде мәлімет берді.

Фарабидің көзқарасы, оның қоғам мен құлық туралы жасаған толық ілімі орта ғасырлар мен келесі дәуірлерде әлеуметтік, саяси және құлықтық пікірдің дамуында аса маңызға ие болды. Онын көзқарастары Шығыс мемлекеттеріне кең таралды. Орта ғасырлар ағартушылары Ибн Сина, Омар Хайям, Беруни және басқалар Фарабидің ілімін үйреніп, оны жаңа идеялармен байытты.



Фараби сызбалары негізінде дайындалған сазды аспаб



Білесің бе?

«Шынайы бақытқа қол жеткізу мақсатында өзара көмек беретін кісілерді біріктірген қала-ізгі қала, бақытқа жету мақсатында біріккен адамдар ұжымы – ізгі ұжым».

Бақытқа қол жеткізу мақсатында өзара көмек беретін халық – ізгі халық. Осы тәртіпте барлық халықтар бақытқа қол жеткізу үшін бір-біріне көмек берсе, бүкіл жер жүзі сондай ғажап болады, – деген дана сөз авторы Әбу Насыр Фараби Мәуереннахрдағы түрік қалаларынан бірі болған Фаробтан шыққан философ.

«Ізгі адамдар қаласы» шығармасынан: «Кез келген адам қала-мемлекетке басшылық ете алмайды. Басшы болудың екі шарты:

1. Адам табиғатында басшылық ету қабілеті (рухани және ақыл-зерделі кемелденгендік) болуы қажет.
2. Мұндай адам жоғары мәртебе, адамилық қасиеттер, қабілеттермен және халық арасында құрметке ие болуы қажет. Басшылық саласында тәжірибе арттыру да аса маңызға ие».



Билесің бе?

Фараби – батыс философтары шығармаларының шолушысы

Фараби әртүрлі білімдердің теориялық жақтары, философиялық мазмұнымен көбірек қызыққаны үшін оның шығармаларын 2 топқа бөлуге болады: 1) грек философтары, табиғаттанушыларының ғылыми мұрасын түсіндіру және үйренуге арналған шығармалар; 2) ғылымның әртүрлі салаларына байланысты тақырыптардағы шығармалар.

Фараби ежелгі грек ағартушылары: Платон, Аристотель, Евклид, Птолемей, Порфирийлердің шығармаларына шолулар жасаған. Әсіресе, Аристотель шығармаларына («Метафизика», «Этика», «Риторика», «Софистика» және т.б.) толық шолулар жасап, қиын жерлерін түсіндіріп берген, кемшіліктерін көрсеткен, олардың жалпы мазмұнын ашып беретін арнайы шығармалар жазған. Фарабидың шолу жасауы Шығыстан тысқары орта ғасыр Еуропасын грек ілімімен таныстыруда үлкен рөл ойнады. Бұл оның ғылыми қызметі өркендеуінің бірінші басқышы болып, жаңа тақырыптарда зерттеулер жүргізу үшін іргетас жасады.

Ағартушы шығармаларын сол кезде шығыс елдерінде ғылыми-әдеби тіл есептелін-

ген араб тілінде, ал философиялық өлеңдерді араб және парсы тілдерінде жазды.

Фарабидың «Аристотель "Метафизика" кітабының мақсаты туралы» трактаты әсіресе атышулы болып, оның маңызы жөнінде Әбу Әли Ибн Сина былай сипаттайды: «Аристотельдің «Мо бада ат-табия» («Метафизика» – табиғаттан басқа нәрселер) шығармасын түсіну өте қиын болды. Бұл кітапты жазған кісінің мақсаты маған белгісіз еді. Тіпті оны қырық рет қайта оқып шықтым, мен оны және оның мақсаттарын түсіне алмадым. Одан үмітімді үзіп, оны түсініп болмайды екен деген тұжырымға келген едім. Бір күні базардан арзымаған ақшаға Әбу Наср Фарабидың «Аристотель "Метафизика" кітабының мақсаты туралы» кітабын сатып алдым. Мұндай кітап тапқанымнан қуанып, Құдайға шүкіршілік етіп, арнайы ораза тұттым, пақырларға садақа бердім».

Метафизика – сөздіктегі мағынасы “физикадан соң” дегенді білдіреді. Физика ғылымынан тысқарыда болған, адамның сезімдерімен байланысты ғылымдар жинағы.



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

Жоба жұмысы: Фарабидың «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» шығармасында және басшыда болуы керек болған 12 қасиеттерді атап өтеді.

Топ болып, осы шығармада белгіленген он екі қасиет жөніндегі мәліметтерді табуға әрекет жаса. Жинаған мәліметтер бойынша ұсыным дайында.

1. Сен бұл тізімге және қандай қасиеттерді қосу керек деп есептейсің?
2. Бұрынғы тақырыптарда танысқан Низомулмулктің «Сиясатнама» шығармасымен ұқсастық пен өзгешеліктерді айтып бере аласың ба?
3. Ибн Синаның Фарабидың «Арасту метафизикасына шолулар» кітабын тапқанына неге қуанды?

53–54-тақырыптар:

ӘБУ РАЙХАН БЕРУНИ



Белсенділікті арттырушы сұрақ пен тапсырмалар

1. «Беруни ғасыры» деген атауды естігенсіңдер ме? Мұнда не назарда тұтылады?
2. Әбу Райхан Беруни қайсы ғылымдармен шұғылданған?
3. Беруни Ғазнаға қандай барып қалды?



Мәлімет үшін

Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед Беруни (973 жылы, ежелгі Кот қаласы – 1048 жылы, Ғазна) – ұлы өзбек ағартушы ғалымы, орта ғасырдың ұлы ғұламаларының бірі. Өз заманының барлық ғылымдарын, бірінші кезекте астрономия, физика, математика, дінтану, минералогия ғылымдарын мұқият иелеген.

Бұл ғылымдар өркендеуіне қосқан үлесі арқылы оның аты дүниежүзілік ғылымның ұлы ғұламалары қатарынан орын алды. Беруни 150-ден астам шығармалар жазған. Оның «Ежелгі халықтардан қалған ескерткіштер», «Үндістан», «Минералогия», «Геодезия» секілді шығармалары солардың қатарына жатады.

Беруни жердің домалақ пішінде екендігін негіздеп берді. Ол 1029 жылы жұлдыздың координаталары мен жұлдыз шамалары атап өтілген жұлдыздар кестесін және әлемнің географиялық картасын түзген.

Берунидың қызыққан ілім салаларына қарағанда қызықпаған салаларын атап көрсету оңайрақ.
Шығыстанушы ғалым
И.Ю. Крачковский



Шығармашылық жұмыс

Төмендегі пікірді оқы, ондағы «әділ және боямасыз» деген пікірді түсінтіріп беріңдер. «Беруни ғылыми мәселелерге де, тарихи оқиғаларға өз замандастарына баға беруге де өте объектив пікір жүргізген».

Беруни өзінің астрономияға байланысты шығармаларында Жердің Күн төңірегінде айналуы жөніндегі пікірін бірінші болып алға тартты. Беруни сол дәуірде белгісіз болған Америка материгі бар болуы жайлы шамалап, ол жөнінде өз шығармаларында бірнеше рет жазған. Ғұламаның батыс жартышарында үлкен құрлық бар екендігі туралы пікірі XV-XVI ғасырларда өз дәлелін тапты.


Беруни қызметіне объективті баға берген Джордж Сартон XI ғасырды «Беруни ғасыры» деп сипаттады. Берунидің шығармалары өз дәуірінде-ақ даңқы шыққан және қазіргі күнде шейін шет тілдерінде аударылып жатыр.

Беруни есіміндегі «Әбу Райхан» бөлігі – Райханның әкесі (райханның ең үздігі, таңдаулысы мағынасында), «Мұхаммед» – ойшылдың өз есімі, «ибн Ахмед» – Ахмедтың ұлы екендігін білдіреді.

Беруни Кот (Кат) қаласынан тысқарыда туылғандығы үшін «Беруни», яғни «сыртында» деген бүркеншік атымен аталған. Оның алғашқы ұстазы Әбу Насыр ибн Ирақ болып, Беруни ол кісіден астрономия, алгебра және геометрияға байланысты білімдерді үйренген. Әбу Насыр ибн Ирақ Беруниге ықыласы жоғары болғандықтан 12 шығармасын бұл сүйікті шәкіртіне арнаған. Берунидің екінші ұстазы Әбу Сахл Исо Масихимен Джурджанда болған кезінде танысқан. Беруни ол кісіден медицина, астрономия және философияға байланысты білімдерді үйренген.

Шығармашылық жұмыс


1. Неліктен тарихшы Ж.Сартон XI ғасырды «Беруни ғасыры» деп атаған?
2. Берунидің батыс жарты шарында үлкен құрлық бар екендігі туралы пікір XV-XVI ғасырларда өз дәлелін тапқан. Бұл қай материк?



Берунидің Жер айналуы сызбасы

Дереккөздерде

«Китоб эл-тахвим» Әбу Райхан Берунидің Х-ХІ ға-сырларда жазған астрономия, физика, математика, геометрия және география пәндері бойынша ірі ғылыми шығармасы. ХІІІ ғасырда көшірілген нұсқасы.



Әбу Райхан Беруни
«Китаб ал-тавхим» шығармасы



Устурляб

Мәлімет үшін



Әбу Райхан Берунидің ашылымдары, әсіресе, оның «Ежелгі халықтардан қалған ескерткіштер», «Үндістан», «Минералогия», «Сайдана» секілді өз дәуірінде-ақ атышулы еткен.

«Ежелгі халықтардан қалған ескерткіштер» шығармасы Берунидің жан-жақты дамыған ғалым екендігін көрсетті.

«Ежелгі халықтардан қалған ескерткіштер» шығармасында мынадай ғажайып қатарларын келтіреді. *«Біз кітаптың кейбір жерлерінде түрлі ғылымдарға өтіп, баяндап отырған оқиғаларға тиісті болмаған мәселелерге кірісіп кетсек те, бұл бос сөз немесе бос әңгімені жалғастыру және көбейту мақсатында емес, бәлкім оқушыны зеріктірмеу үшін. Өйткені ерқашан бір нәрсеге қарау деғбірсіздену мен сабырсыздықты алып келеді. Оқушы ғылымнан ғылымға өтіп тұрса, түрлі бауларда жүргенге ұқсайды»*



Шығармашылық жұмыс

Үнді ғалымы Хамиди Ризоның “Үндістан” фильмі негізінде ұсыным дайындаңдар және талдаңдар

«Үндістан» кітабының жазылуы жөнінде білдірілген пікірлерден – онда кез келген арман-ниеттің өзегі еңбек пен әрекет деген қорытынды келіп шығады. Бұл шығарманың тарихи маңызы мен құндылығы жөнінде әрбір дәуірде сол кездегі дүниежүзілік ғұламалар тарапынан тән алынған.

«Орта ғасыр мен жаңа заман авторларынан ешқайсысы үнді мәдениетінің күрделі мәселелерін терең ғылыми түрде түсінуде Әбу Райхон Мұхамед Беруни қол жеткізген жетістіктерге қол жеткізе алмады. Берунидің «Үндістан» шығармасы классикалық үлгі болуымен бірге, өз авторының ежелгі үнді мәдениеті мен ғылымына жасаған сыйынан құралады», – деген еді Үндістан ғалымы Хамид Ризо.



«Беруни геология мен минералогия ғылымдарының теорияшылы және негізін қалаушысы».

Н.Абдуллаев, академик

«Минералогия» шығармасында минералдар мен кендердің өз дәуіріндегі бағасы, кейбіреулерінің шипалы қасиеттері, бағалы тас пен металдармен байланысты кейбір қызықты этнографиялық мәліметтерді баяндаған, олар бұл кітаптың маңызды тарихи қоры ретіндегі мәнін одан да арттырады. Сондай-ақ, Беруни «Минералогия» кітабында былайша жазады: «Еңбексіз құрметке, мәртебеге қол жеткізген кісі құрметке лайық па? Жоғары мәртебеге еңбексіз қол жеткізген кісі тыныштық пен рахатта өмір сүреді, жақсы киінеді, бірақ ұлылықтан мақрұм, жалаңаш болады». Ол адамның негізге міндеті еңбек арқылы көзделген мақсатқа қол жеткізу, жақсылық арқылы жақсылық көру, деп атап өтеді.

Ол араб әдебиеті мұхитында жалғыз идея. Үндітанушылықта Беруниге тең келетін не алда, не соңғы уақыттарда өткенін білмейміз.

Захау, XIX ғасыр, неміс шығыстанушысы

Хорезмдегі саяси қарама-қайшылықтар мен алаңдаушылықтардың арқасында 22 жасында туған қаласын тастап, Каспий теңізінің оңтүстігіндегі Журжон және Рай қалаларында кедейлікте күн кешірген. Тіпті ғылыми келіссөздерде де ақшалы ғалымдар оның мұқтаждығына күлген. Бұл жөнінде Берунидің өзі былай деп жазады: «Рай қаласында бір ғалым астрономия саласында менімен таласа кетті және ғылымда меннен біршама төмен тұрса да, өзін менен жоғары ұстап, тіпті мені қорлады. Сол арада, тек байлықтың артықшылығы арамыздағы айырмашылық еді».



Билесің бе?

Беруни өзінің бірінші астрономиялық тәжірибелерін 16 жаста Кат қаласында бастаған. Ғұлама, тек астрономия және басқа табиғи ғылымдармен ғана емес, бәлкім тарих, атап айтқанда дін тарихымен де қызықты. Ғылым аса маңызды шығармаларының бірі болған «Ежелгі халықтардан қалған ескерткіштерін» 1000 жылы аяқтаған. Бұл шығарма автордың көп қырлы ғалым екенін көрсеткен.

Беруни медицинаға арналған «Сайдана» шығармасында мыңнан астам дәрілік заттардың атын 30 тілде жазып шыққан.



Әбу Райхан Беруни «Минералогия». IX ғасыр. Суға түсірілген үлгі тарапынан сығып шығарылған сұйықтықтың көлемін анықтау құрылғысының сызбасы.

БЕРУНИ ҒАЗНАДА

Хорезм 1017 жылы Махмуд Ғазнауи тарапынан басып алынған соң, көпшілік ғалымдар секілді Беруниді де Ғазнаға алып кетті. Махмуд Ғазнауи Хорезм билеушісі Мамунның айнымас адамдары ретінде Беруни және басқа ғалымдарға алғаш жақсы қатынаста болмаған. Бірақ кейін жағдай өзгерді. Сұлтан Махмуд өзінің Үндістанға жасаған бірнеше жүрістерінде Беруниді астролог ретінде қасында алып жүрген. Бұл жүрістер дәуірінде жинаған мәліметтер негізінде ғалым өзінің атышулы «Үндістан» шығармасын жазған.

Берунидің ғылыми қызметі Сұлтан Махмудтың ұлы Масуд Ғазнауи (1030–1040) дәуірінде одан да жоғарылады. Ол Масудтың араб тілін үйренуіне, астрономиядан хабардар болуына көмектесті. Сұлтан Масудтың демеушілігінен риза болған Беруни оған арнап «Қонуни Масуди» шығармасын жазған.



Ой жүгірту үшін

2009 жылы маусым айында Иран үкіметі тарапынан Венадағы Біріккен Ұлттар Ұйымы бөліміне төрт атышулы ғалым: Ибн Сина, Беруни, Зокирий Рози (Рейз) және Омар Хайям ескерткіштерінен құралған павильонды тарту етті. Бүгінгі таңда ол Вена халықаралық орталығы Мемориал алаңынан орын алған.





Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Жоғарыда берілген суреттердің әрбіріне түсініктеме беріңдер.
2. Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмад Беруни жөнінде заманамыз ғалымдарының пікірлерін жинаңдар.
3. Беруни ғылымның қайсы салаларына қызыққан?
4. Тарихта Беруний болмағанда не болатынын көз алдыңа елестетіңдер. Адамзат бүгінгі күнде қайсы білімдерсіз қалатын еді?

ӘБУ ӘЛИ ИБН СИНА



Мәлімет үшін

Әбу Әли Әл-Хусейн ибн Абдуллох ибн әл-Хасан ибн Әли (980 жылы, Афшона қыстағы—1037 жылы, Хамадон қаласы, Иран) – дүниежүзілік ғылым өркендеуіне үлкен үлес қосқан ұлы энциклопедист ғалым. Шығыста «Шейх-ур-райс» (данышпандар сарбазы, ғұламалар жетекшісі); «Шараф ал-мулк» (өлке мемлекеттің абыройы, мақтанышы), «Хахим ал-вазир» (данышпандар уәзірі) деп аталған болса, Батыста Авиценна атымен танымал еді.

Оның медицинаға байланысты шығармаларында аурулардың келіп шығу себептері мен дереккөздері, диагноз қою, емдеу тәсілдері, дәрілік өсімдіктер және дәрі-дәрмектердің қасиеттері, диета, адам денсаулығы үшін дене шынықтырудың мәні секілді медицинаның көптеген аса маңызды мәселелері баяндалған.

Бүкілдүниежүзілік ғылым тарихында ибн Сина энциклопедиялық ғалым ретінде тән алынған. Өйткені ол өз дәуіріндегі ғылымдардың дерлік барлығымен шұғылданған және оларға байланысты шығармалар жазған. Ибн Синаның «Ал-қонун фиттиб» шығармасы XII ғасырда-ақ латыншаға аударылып, XVII ғасырларға дейін Еуропа медицинасында негізгі қолданба ретінде қолданылған. Оны «Авиценна» ретінде Батыста белгілі еткен шығарма ғұламаның медициналық мұрасы --- «Медицина заңдары» болса да, «Шейх ур-райс аты, ең алдымен оның ұлы философтығының белгісі.

Айтуларына қарағанда, дүниежүзінде 4 емдеуші ғалымдар болған, олар Арасту мен Искандар, шығыста Әбу Наср Фараби мен Әбу Әли ибн Сина.

Әбу Наср қаза табуы мен Әбу Әлидің туылуы арасында отыз жыл айырмашылық бар. Ибн Сина Фараби кітаптары арқылы оған шәкірт болып саналған.




Тәуіптер мәслихаты



Шығармашылық жұмыс

Бұл текстті оқыңдар. Текстте «Дүниежүзілік өркендеуді адамсүйгіштік рухында, яғни рухани негізде дамытуға үлкен ықпал етеді» деген сөз қатарларын қалай түсінесіңдер?

«Бұл ғұламаның бүкіл ғылыми қызметі дүниежүзілік өркендеуді адамсүйгіштік рухында, яғни рухани негізде дамытуға үлкен ықпал етеді деп айтуға негіздер бар».



Ой жүгірту үшін

Ибн Сина ғылыми мұрасын зерттеу жұмыстары XV ғасырға келіп жедел түс алды. Нәтижеде арнайы ғылыми бағыт – синаизм пайда болды. «Медицина заңдары» латынша аудармасы толық күйінде 40 рет басып шығарылды.

XVIII ғасырда өмір сүрген атышулы швед ботанигі Карл Линней әрқашан жасыл реңде болатын бір тропиктік ағашты ибн Синаның құрметіне Авиценна деп атады. Бұхара қаласы мен Афшона қыстағында ғұламаға ескерткіш орнатылды, Бельгияның Контрейк қаласында да ибн Синаға мұражай ашылды. Өзбекстанда ибн Сина халықаралық қоры түзілді (1999), сондай-ақ «Ибн Сина» және «Сина» атты халықаралық журналдар басып шығарылады.

Ибн Сина медицина тарихында алғаш рет оба мен тырысқақтың айырмашылығын біліп, жұқпалы аурулармен ауырып жатқан науқастарды басқалардан бөлек емдеу керек екендігін атап өткен. Науқастарды емдеуде ғалым 3 нәрсеге: тамақтану тәртібі (диета), дәрілермен емдеу және әртүрлі медициналық шараларды қолдануға (қан алу, сүлік немесе банка қою және тағы басқалар) мән беру керек екендігін айтты. Ол ауруды емдеуде жеке гигиена, ұйқы немесе дене шынықтыру жаттығуларының мәні үлкен екендігін ұқтырады.

ABU ALI
IBN
SINO




БІЛЕСІҢ БЕ?

Әбу Әли ибн Сина 10 жасында «Құран Кәрімді» бастан-аяқ жатқа оқитын еді. 13 жасынан бастауыш математика, логика, дінтану, философия ғылымдарымен шұғылдана бастаған. Ол 16-17 жасында-ақ белгілі тәуіп-емші ретінде танылды.



Билесің бе?




Әбу Әли ибн Сина медицина саласына арналған атышулы «Медицина заңдары» кітабын жазған. Шығармада көптеген шолулар келтірілген. 1601 жылы бірегей шығармасы көшірілген.



Шығармашылық жұмыс

Не деп ойлайсың, Әбу Әли ибн Сина-ның қайсы қызметтерін ескеріп, бүкіл әлем ғалымдары айдағы кратерлердің бірін оның атымен атаған?



Меңгерген білімдеріңнен қорытынды шығарамыз

1. Әбу Әли ибн Сина «Рисолатун фи тақсим ал-мавжудот» кітабында «Ақыл таразысында өлшенбеген кез келген білім шынайы болмайды, демек, ол шынайы білім емес» деп айтады. Бұл жерде ғұлама нені назарда тұтқан? Ақыл таразысы дегенде нені түсіндіңдер?
2. Сендер өздерің қандай да болсын бір іске қол ұруыңнан алдын қандай жол тұтасындар? Немесе біреуге бір жұмыс жеткізуің керек болып қалғанда-ше?
3. «Әбу Әли ибн Сина — энциклопедиялық ғалым» тақырыбында эссе жазыңдар.



МАЗМҮНДАМА

1-тақырып. Ата-бабаларымыздың рухани құндылықтары – әлем цивилизациясы негіздерінен бірі	3
2-тақырып: IV–VII ғасырларда мемлекетіміз халықтарының тұрмыс салты	8
3–4-тақырыптар: IV–VII ғасырларда Хорезм	10
5-тақырып: IV–V ғасырларда Хианилер мен Кидарилер	15
6–7-тақырыптар: Эфталилер	18
8–9-тақырыптар: Түрік қағандығы	24
10–11-тақырыптар: Батыс түрік қағандығы	32
12–13-тақырыптар: Жергілікті әкімдіктердің пайда болуы	39
14-15-тақырыптар: Тұран халықтарының әскери өнері	48
16–17-тақырыптар: VI–VII ғасырларда Тұран халықтары мәдени өмірі	54
18–19-тақырыптар: VII–VIII ғасырдың басында Тұрандағы саяси жағдай	62
20–21-тақырыптар: VIII ғасырда Қорасан мен Мәуереннахр	72
22–23-тақырыптар: Қарлұқтар. Оғуздар. Тахирийлер	80
24–25-тақырыптар: Саманийлер	86





26–27-тақырыптар: Саманийлер дәуірінде әлеуметтік-экономикалық өмір	93
28–29-тақырыптар: Ғазнауилер.....	100
30–31-тақырыптар: Қараханилер	108
32–33-тақырыптар: Селжұқтар.....	118
34–35-тақырыптар: Хорезмшахтар мемлекеті және оның өрлеуі.....	125
36–37-тақырыптар: Хорезмшахтар мемлекеттік басқаруы және әлеуметтік-экономикалық өмірі.....	130
38-тақырып: Этникалық үдерістер және өзбек халқының қалыптасуы....	136
39–40-тақырыптар: Аумақта ислам дінінің таралуы	140
41–42-тақырыптар: Білім беру.....	147
43–44-тақырыптар: Ақыл-парасатпен жасалған бай руханият	151
45–46-тақырыптар: IX-XII ғасырларда ғылым мен мәдениеттің өрлеуі.....	161
47–48-тақырыптар: Мұхаммед ибн Мұса Хорезми	167
49–50-тақырыптар: Ахмед Ферғани	172
51–52-тақырыптар: Әбу Насыр Фараби.....	176
53–54-тақырыптар: Әбу Райхан Беруни	180
55–56-тақырыптар: Әбу Әли ибн Сина	186

Akbar Turg'unovich Zamonov,
Nargiza Kamaritdinovna Ismatova,
Durbek Abidjanovich Rahimjonov,
Dilmurod Raxmatullayevich Normurodov,
Zokir Turg'inovich Zamonov,
Sevara Akmalovna Po'latova

O'quv nashri

O'ZBEKISTON TARIXI

(IV ASRDAN – XIII ASR BOSHLARIGACHA)

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining
7-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Редактор Р. Өсерова
Аудармашы Қ.Мәмбетова
Корректор А.Мухтарова
Техникалық редактор М.Олимбекова

Түпнұсқа макеттен басуға рұқсат етілді 15.08.2022.
Пішімі 60x84^{1/8}. «Arial» гарнитурасы. Офсеттік қағаз.

Офсеттік әдіспен басылды.

Шартты баспа табағы 24,0. Есептік б. т. 22,32.

Таралымы

Тапсырыс №

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты және фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырған-дағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Оқулық пайдалануға, беріліп, оқу жылы соңында қайтарып тапсырылғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулық негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазу және сызулар жоқ.
Қанағаттандыруарлы	Мұқаба езілген, біраз сызылып, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралған жері бар, пайдаланушы қанағаттандыруарлы жөндеген. Жұлынған парақтары қайтадан жөнделген, кейбір беттер сызылған.
Қанағаттандыруарсыз	Мұқаба сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған немесе мүлдем жоқ, қанағаттандыруарсыз жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тастаған. Оқулықты қайта қалыптастырып болмайды.